Оныншыдан, дипломатиялық стиль ресми-іскери стильдің құрамдас бөлігі болғанымен, дипломатиялық мәтіннің өн бойында публицистикалық стиль, көркем-әдеби стиль реңктері кездесіп жатады. Дегенмен, дипломатиялық тіл халықаралық саясат тілі болып саналғандықтан, онда көпсөзділікке, эмоционалдылыққа, аса әсірелейтін бейнелі сөздерге, еркін қолданыстарға жол берілмейді. Тіпті дипломатиялық шешендік тілде де экспрессивтілік пен эмоционалды әсер ететін тілдік құралдар шектеп қолданылады.

Саяси-дипломатиялық қарым-қатынас мазмұнына келсек, бұндай стильдің басты мақсаты – айтылмақ ойды қарым-қатынасқа түсуші екінші тарапқа мейлінше растау, идеяның дұрыстығына сендіру, алға қойылған жоспарға көндіру. Ол үшін тілдік тұлға өзінің логикалық дәйектеу шеберлігіне, шешендік өнеріне, тапқырлығына, яғни тілдік және аялық біліміне сүйенеді. Дипломатиялық стильден гөрі, саяси тілде көркемдік тілдік қолданыстарға, шешендік сөйлеу тәсілдеріне еркіндік беріледі. Соның негізінде саяси қатысым, саяси дискурс, саяси мәтін кеңістігінде прагматиканы жүзеге асыратын бейнелі метафоралардың тиімді қолданылуы кең етек алып отыр. Осыдан барып, саяси метафоралардың әмбебаптық қызметі, яғни тыңдаушыға әсер ету, логикалық дәйектілікке қол жеткізу, психологиялық бетбұрыс жасау, ынталандыру, тыйым салу, сендіру, ой тастау, психологиялық шабуыл жасау қызметтері нақтыланды. Демек, қазіргі заманауи қоғамда адам мен адамды жақындастыратын, ел мен елді байланыстыратын тілдің құдіреттілігін, соның ішінде саяси-дипломатиялық тілдің артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындап, оны түзетуге тырысу қажет.

Қазақ тілін Орта Азия елдері арасындағы қарым-қатынас тілі ретінде әлеуетін көрсету үшін, саяси-дипломатиялық стилін ғылыми негізде зерттеу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Вдовина О.А. Полиполярность мира и языка дипломатического общения / О.А. Вдовина // Вестник Южно-Уральского государственного университета (Серия Лингвистика), Выпуск №8 - 2009. - № 2.
2. Вильднер Х. Дипломатическая техника. М., 2000.
3. Тоқаев Қ. Беласу. – Астана, 2006.
4. Холопова Т.И., Лебедева М.М. Протокол и этикет для деловых людей. М., 1994.
5. Бөрібаева С. Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу. – Алматы, 2011.

Резюме

В статье выявлено языковые правила и нормы правописания в оформлении дипломатических документов. Определено лингвистические и стилистические особенности казахского политико-дипломатического языка.

Summary

The article revealed linguistic rules and regulations spell the design of diplomatic documents. Defined linguistic and stylistic features of the Kazakh political-diplomatic language.

РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ НЕГІЗІН САЛҒАН ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ

Н.Әміржанова –

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)*

Асқар таудың алыстаған сайын биіктей түсетіні секілді, ұлы тұлғалардың асыл бейнелері, бүкіл рухани әлемі өмірден озған соң күннен-күнге, жылдан-жылға асқақтай көрінетіні белгілі. Ал оның артында қалған мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, теңдесі жоқ мол қазынаны елестетеді.

І.Кенесбаев – алғашқы қазақ оқулықтарының тұңғыш авторларының бірі. Ғалым – білім беру мекемесінде оқитын шәкірттердің танымдық-тәрбиелік қажетін өтейтін рухани қымбат қазынаны жазумен айналысып, белгілі бір пән бойынша жасалған тұжырымдаманы ғылым негіздерге сүйене отырып, оқу бағдарламаларына енгізуге тырысты. Оның жасаған оқу құралдарынан сан мыңдаған жас жеткіншектер, бірнеше ұрпақ өкілдері сауатын ашып, білім нәрімен сусындады, өнегелі тәрбие үлгілерін бойына сіңірді.

Дарынды педагог ғалым білім берудегі оқулықтың рөлі мен орны деген мәселеге ерекше көңіл бөлді. Оның қолынан шыққан оннан астам әліппе кітаптары, оқу құралдары, оқу-әдістемелік еңбектері бар.

Оқу-әдістемелік еңбектері лингвист ғалымның халық ағарту майданында елдің сауатын ашуға, ана тіліміздегі төл оқулықтарды жазу жұмысына шынайы жанашырлықпен белсене атсалысқанын айғақтайды.

1930 жылдың бас кезінде көптеген мемлекеттік құжаттарда, халық-ағарту саласының қызметкерлері мен ғалым-педагогтардың мақалаларында, ғылыми кеңестерде білім беру мен тәрбие жұмысын жетілдіре түсу, оқулықтар құрастырудың ғылыми жүйесін жасау, оқу-әдістемелік орталық құрудың қажеттілігі т.б. мәселелер жайында жиі сөз болды. Осыған орай 1932 жылдың қаңтарында Республикалық ғылыми-педагогика кабинеті құрылып, 1933 жылдың қаңтарында осы кабинеттің негізінде Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институты ашылған болатын.

Институт қызметкерлерінің белсене араласуымен, ұлт мектептеріне арнап қазақ тілінде оқулықтарды жазу ісі қолға алынды. Бұл іске Қ.Жұбанов, І.Жансүгіров, М.Әуезов сынды ұлы тұлғалар ерекше атсалысты. Осы кезде ана тілімізде бірнеше ғылыми педагогикалық еңбектер жарық көре бастады. Ал 1930 жылдардың екінші жартысында институт жанынан авторлар тобы қайта құрылып, жаңа оқулықтар жазуға С.Жиенбаев, Ә.Қоңыратбаев, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев сияқты белгілі ғалымдар тартылды. Осылайша, Қазақстанда ұлттық ғылыми кадрлары енді жетіліп келе жатқанда А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, С.Асфендияров, Т.Жүргенов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Х.Досмұхамедұлы, М.Жолдыбаев, Ш.Әлжанов, Ә.Сыдықов сияқты ондаған зиялы қауым өкілдері «халық жауы» атанып, қуғын-сүргінге ұшырап, атылды. Зиялы қауымды қудалай қазақ ғылымының біршама жылдарға тоқырауын туғызды. Ал 1930-1941 жылдың арасында жаппай бастауышқа міндетті оқу енгізіліп, совет мектебінің оқу-тәрбие жұмысы қайта құрыла бастады. 1933 жылы мектеп оқулықтары туралы партияның Орталық Комитетінің қаулысы қабылданады. Қаулы бірнеше жылдарға арналған тұрақты оқулықтар даярлау қажеттігін атап көрсетті. Сондықтан қазақ ғалымдарының алдында оқулықтар мен оқу бағдарламаларын жазу, методикалық нұсқаулықтар жасау міндеті тұрды. Бұл сол кездегі мамандардың төл ісіне айналады. Осындай қиын да, жауапты кезеңде, яғни теориялық мәселелерінен гөрі практикалық мұқтаждық басымырақ болып тұрған сәтте, бір топ педагог ғалымдар атсалысты. Оның бірі – академик **І.Кеңесбаев** болатын.

І.Кеңесбаев 1931 жылы Ленинградтың Шығыс зерттеу институтын бітіріп, халықты сауаттандыру яғни, оқу-ағарту жұмыстарымен тікелей жұмыс жасайды. І.Кеңесбаев 1931-1934 жылдары Халық ағарту комиссариаты жанындағы оқу-методикалық советте қызмет істей жүріп, сол кезеңге қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын дайындауға қызу атсалысқан алғашқы қазақ ғалымдарының бірі. Бастауыш мектептерге арналған әліппе

мен қазақ тілі оқулықтары оның ғылым жолындағы алғашқы «әліппесі» деп айтуға болады.

Жалпы 1935 жылға дейін бастауыш және жоғарғы сыныптарға арналған (латын графикасына негізделген қазақ жазуымен басылған) оқу құралдары болмады, ал болғандары қазақ тілін терең зерттеу негізінде жазылмай, басқа тілден көшірілу әдісімен жасалған оқу құралдары деп есептелінді. Сондықтан қазақ мектептерін, мындаған қазақ оқушыларын өз ана тілінің сапалы құралдарымен қамтамасыз ету жұмысы ең маңызды басты міндеттің бірі болып қойылды. Оларды жазу үшін алдымен қазақ тілінің фонетикасын, грамматикасын терең зерттеп, оның заңдылықтарын, дұрыс ережелерін айқындап алу керек болды. Ал тыңнан оқу құралдарын жазып, ана тілін оқытуды ғылыми жолға салу мүмкін емес еді. І.Кеңесбаев мектеп оқушыларына әліппе, грамматика жазу жұмысын жеңіл желпі, атүсті қарайтын мәселе емес, аса күрделі жұмыс екенін жақсы біліп, соған байланысты жұмыстар атқарды. Өз кезінде ғалымның қолынан шыққан бастауыш және орта мектеп кітаптары өте сапалы, тәрбиелік мәні зор оқу құралдары болып есептелінді.

Ғалым қазақ тіл білімінің өзіне дейінгі және өз кезеңіндегі барлық табыстары мен игілікті жетістіктерін жете меңгеріп, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның ой елегінен өткізілген тың тұжырымдарының түпкі жиынтығы, істелген іс пен жасалған жұмыстар қорытындысының нәрі мен сөлі оқулық беттеріне түсіріліп отырылды.

І.Кеңесбаев – жас жеткіншектердің сауатын ашып, білімін жетілдіру мақсатын көздеді, ана тіліне, қазақ тіліне деген олардың сүйіспеншілігін арттырып, ынтасын көтеруге тырысты. Мұғалімдердің практикалық сабақ беру жұмысын ғылыммен ұштастырып, тілді оқыту ісінің теориялық негізін қалап, ғылымды педагогикамен байланыстырып отырды. Республика көлемінде болып жатқан соңғы жаңалықтар мен табыстарды мектеп және жоғары оқу орындары арасына таратып, қазақ тіл біліміндегі алдыңғы қатарлы ой-пікірдің жаршысы ретінде танылды.

Оқулықтар мен оқу құралдарын жазу үстінде Ісмет Кеңесбаевтың ағартушылық қарым-қабілеті, ұстаздық ұлағаты барынша жарқырап танылғаны белгілі. Мұны оқулықтардың дидактикалық құрылымынан, әдістемелік нәрлілігінен, оқу мәтіндерін берудегі автордың шынайы әдіскер маман екенін көруге болады.

І.Кеңесбаев жазған немесе жазуға қатысқан әрбір оқулық, әрбір оқу құралы қайта басылған сайын өңделіп, жаңа оқу материалдарымен, сәтті мәтіндермен толықтырылды. Бұл оның оқулық авторы ретіндегі шеберлігінің өсу динамикасын, оқулық жасау технологиясын жете меңгеріп, оны жетілдіріп отырғанын да көрсетеді. Мәселен, 1934 жылы «Қазақ тілі» бастауыш сыныптарға арналған оқулығын 1935, 1936, 1938 жылдары толықтырып қайта шығарылған оқулықтары дер кезінде, өз уақытының тиісті міндетін атқарды деп айтуға болады.

1934-1935 және одан кейінгі оқу жылдарында мектептің оқу жоспары мен оқу программалары жетілдірілді. Жаңа сападағы бағдарлама негізінде

І.Кеңесбаев 1934 жылы «Қазақ тілі» атты бастауыш мектептің оқулығын жарыққа шығарады. Ол оқулық бірінші және екінші сынып оқушыларына арналып жазылды. Оқулықтың мақсаты – қазақ тілінің грамматикасы мен емле ережесін теориялық негізге сүйене отырып, әртүрлі жаттығулар арқылы сауатты жазу және сауатты сөйлеуге үйрету болып табылады.

Аталған оқулығының жарты бөлігін бірінші сыныпқа, екінші бөлігін екінші сыныпқа арнаған. **Бірінші сыныпқа арнаған бөлігі** 27 беттен тұрады, мұнда «Сөйлем», «Сөйлемдегі сөздердің байланысы», «Жалқы есімдегі бас әріп», «Буын және сөзді тасымалдау», «Дыбыс», «И,у дыбыстары», « Ый, ій, ұу, үу жазылуы», «Дыбыс пен әріп», «Дауысты, дауыссыз дыбыстар», «Жуан және жіңішке дыбыстар» тәрізді тақырыптарды арнайды. Ал **екінші сыныпқа арналған бөлігінде** «Сұраулы сөйлем», «Лепті сөйлем», «Дауысты және дауыссыз дыбыстар», «Әліппе реті», «Жуан және жіңішке дыбыстар», «Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар», «Жуан және жіңішке сөздер»; «О-Ұ, Ө-Ү», «Ы,І», «Сөз аяғында келмейтін ұяң дыбыстар», «Ый, ій, ұу, үу», «Қос сөздер», «Демеулер», «Түбір мен жалғау» сияқты тақырыптар берілген. Көріп отырғаныңыздай аталған еңбек қазақ тіл біліміндегі әмбебап сала – грамматиканы үйретуге бағытталған. Ғалым бұл оқулығында сол замандағы ең күрделі мәселелерге арнайы тақырып арнағандығын байқаймыз. Айталық, қазіргі кезде бас әріппен жалқы есімдер және сөйлемнің алғашқы сөзінің бірінші әрпі, ал кіші әріппен жалпы есімдер және сөйлемнің басқы сөзінің бірінші әрпінен басқалары, сонымен қатар адам аттары (антропонимдер), геологиялық атаулар (топонимдер), діни атаулар (теонимдер), жануарлар атаулары (зоонимдер), аспан денелерінің атаулары (астропонимдер), тарихи уақиғалармен байланысты мезгіл атаулары (хрононимдер), рухани нысандар (идеонимдер) бас әріппен жазу дағдысы орныққан. Ал 30-жылдары бұл ұстанымдарды түгелдей ескеру қиынға соқты. Себебі араб графикасындағы таңбалар сөз ішінде келу орындарына қарай әртүрлі тұрпатта таңбаланғандықтан бас әріп емлесі ескерілмейтін. Ал 30-жылдардан бастап латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі жасалу барысында оқуға, сауат ашуға тез әрі оңтайлы болу үшін және де араб графикасына ұқсатпау мақсатында бас әріп таңбасы алынбаған еді. Сондықтан дағдыда жоқ нәрсені халық тез түсініп игеруге көп уақыт қажет болды. Бұл мәселе 1929 жылы латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшкеннен кейін ғана талқыға түсіп, 1930 жылы 2 маусым айында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысымен бекітілген болатын. Қаулыда бас әріптің емлесіне байланысты мынадай ереже қабылданған: 1930-жылдары қазақ тіл білімінде бас әріп мәселесі қиындыққа толы болды. Оған байланысты айтыс, пікірталас 1920 жылдың аяғынан басталып, 1930 жылдың аяғына дейін созылған болатын

1. Текст жаңа сөйлем басындағы сөздердің ұлы тыныстан соңғы, сөйлем бекігендегі сұрау (?), тандану (!) белгілерінен соңғы сөздердің басы бас әріппен жазылады.

2. Адам аттары, өлке, ауыл, қала, көше, теңіз, тау, жер, су аттары бас әріппен жазылады. Мұндай сөздер қосарланып келсе, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады.

3. Қоғам, мекеме, ұйым, мектеп, кітап, газет, журнал, жол, көше аттарының басы бас әріппен жазылады. Бұлар бірнеше сөзден құралса, тек алғашқы сөзі ғана бас әріппен жазылады.

4. Бас әріппен жазылатын сөздер қысқартылып бір әріппен ғана жазылса, олар да бас әріппен қысқартылып, бір сөз есебінде жүрсе, қысқартылған күйінде бас әріппен жазылады [89, 1].

Қаулы қабылданып, ереже бекітілгеннен кейін де газет, журнал беттеріндегі бас әріппен берілген топотим, ороним, гидроним, ойконимдік атаулар екі-үш не одан да көп нұсқада жазылды, яғни бір жерде олар ереже бойынша жазылса, екінші бір жерде кіші әріппен немесе екі сыңары да бас әріппен жазылды. Қаулыдағы бас әріпке арналған ереже дұрыс сақталынбады. Мысалы, *Kazstьroy yjeldiь 23 kuni Ala Tavdьь teriskejindegi bel-vulaq tavьnan izves qazdьruvЦa vir desьtnigin vastatьp vir top kisi чivergen eken. Solar kelip, tavdьь usan vasьnan izves qazьp чatqanda, tavdьь eteginde Kьlenin avdanь, Bel vulaq avььndaЦь «Satsьjal» qalqozььь qojь чajььp чatьr edi* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. 1-б.).

Alma-Ata (telegiram arqьь) *QaraЦandь ovььсьььь ekrindi mal carvacьььь mal sapqozdarььь sajasьj vьlimderi men virigip Өlkelik ekrindiler syletine* («Сатсыйалды құрылыс», 1933 ж. 3-б.)

Mьcijne-тьraktьr ьstansalarьььь vul qarqььь On tьstik qazaЦььstan ovььсььь men almatь ьstansalarьььь чumьсь tykke turmajdь («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 жыл. 1-бет). *On Tьstik Qazaqььstan men Almatь ovьььstarьnda astьq dajьndav navqanь vastalqalь aj чarьmdaj voldь* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. 3-бет). *Сьmkent, on tьstik qazaЦььstan ovььсььь екinci toqsannьь qarчьь чosparьь olqьььq rep orьndap edi* («Сатсыйалды Қазақстан», 1932 ж. 3-б.).

Сонымен бұрын-соңды орфографиялық ережелер қатарында болмаған еуропа үлгісіне негізделген нормалар қазақтың жазу болмысына жат, тұрпайы көрінді. Бұл ережелерге бейімдеу үшін оқулықтарда немесе оқу-әдістемелік нұсқаулықтарда арнайы тарауша болу жағы қарастырылды. Сондықтан І.Кеңесбаев өзінің оқулығында бас әріптің емлесіне арнайы тоқталып мынадай жаттығуларды береді:

Сонымен қатар ғалымның и, у тәрізді дыбыстардың жазылуына арнайы тақырып арнауы да тегін емес. Жалпы 1929-38 жылдар аралығында *комитет, институт* т.б. сөздердегі [и] дыбысы және *туралы, ескерту* тәрізді сөздеріндегі у дыбысы қосар таңбамен, сөздің жуан және жіңішкелігіне қарай *ий, ьй, ұу, үу* түрінде таңбаланды. Мысалы, *рьjlarmonьja* (пыйлармоныйя), *kьvijnet* (кэбийнет), *yьrenуv* (үйренуу), *өndiryv* (өндіруу), *respovьlijke* (респобілійке), *ekanomьijke* (еканомійке), *kьmьijtet* (кәмійтет), *pөlijmetal* (пөлійметал), *kьmьvijnat* (кәмвійнат), *рьrapsьjөz* (пырарсөйөз); *tuvralь* (тұуралы), *eskertuv* (ескертүү), *aluv* (алүү), *oquvсьь* (оқуушы) т.б.

1933 жылдан бастап осы мәселенің төңірегінде мерзімді баспасөз беттерінде **и, у** дыбыстарының емлесі туралы әртүрлі көзқарастағы мақалалар жарық көреді. Бірсыпыра ғалымдар [i+й], [ы+у], [ү+у], [ү+у] дыбыстарын қосар әріппен таңбалау керек десе, екіншілері [i+й], [ы+у], [ү+у], [ү+у] дыбыстарын бір таңбамен таңбалауды ұсынады. Соңғы аталған

пікірді Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және І.Кеңесбаев жақтады. Ғалым **и, у** дыбыстарын қосарлап жазу оқушы қауымға қиынға соғады және жазу экономиясына да айтарлықтай қайшы деген пікірде болды. Әйтсе де ғалым бекітілген ережеге сәйкес өзінің 1934 жылғы оқулығында **и, у** дыбыстарының жазылуына арнайы тоқталып, жаттығу жұмыстарын береді.

І.Кеңесбаев аталған оқулығын «Сөйлем» деген тақырыптан бастайды. Бұлай етудің өзіндік себептері де бар сияқты. Ғалым баланы ауызша сөйлетуге үйретуден бастау – сауат ашуға даярлықтың басы дей отырып, бұл тақырыпты бастауыш сыныптың бірінші және екінші сынып оқушыларына саналы түрде меңгертудің өте қиын екенін айтады. І.Кеңесбаев сөйлемді саналы меңгермейінше, оқушының ауызша ойын толық жеткізіп, сөйлеуі қиынға соғады және сауат ашуға даярлық кезінде балаларға мейлінше оңай, аз сөзді сөйлем құрылымдары беру керек деп есептеген. Бұл қағидатты өзінің оқулығында да ұстанғаны байқалады. Мысалы, ғалым өзі құрастырған оқу құралдарында баланың жасына байланысты екі сөзді сөйлемдерден бастап әрі қарай күрделендіріп отырған.

Сауат ашудың негізі сөз екені белгілі. І.Кеңесбаев ең бірінші жас жеткіншектерге сөзді ауызша айтқызып, одан кейін оны жаздыруға үйретіп, содан соң оны оқыту керек деген педагогикалық уәж айтқан. Осыған байланысты Кеңесбаев мынадай мысал беріледі: *Мысық туралы ойларыңды ауызша айтып, беріңдер. Ойлағандарыңды жазыңдар. Жазғанда бас әріп пен бастап, аяғына ұлы тыныс қойыңдар. Мысық туралы тағы да сөздер айтып, оны да жазыңдар*». Осы тәрізді жаттығулар арқылы оқушылардың сауатын ашу қазіргі кезге дейін өз құндылығын жоғалтпаған деп айта аламыз. Сонымен қатар осы бөлімде ғалым сөйлемдердегі дауыс екпінін байқататын бірнеше жаттығулар түрін де берген. Қай сөзді айтқанда дауыс екпіні жоғарылап, қай сөзді айтқанда дауыс екпіні бәсеңдейтін жаттығуларды да өз оқу құралына енгізген. Мысалы: *Малымыз семіз болған еді. Малымыз семіз болған. Малымыз семіз*. Бұл арқылы біз ғалымның сөз ағымының мүшеленуі мағынаға да, тыныстаудың заңдылықтарына да бағынышты болатындығын жақсы түсінгендігін көреміз.

Жалпы ғалым оқу құралдарын жазуда бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданғаны байқалады. Ол оқушылардың сөйлеуден – сөйлемді, сөйлемнен – сөзді, сөзден – буынды, буыннан – дыбысты бөліп алуды үйренуі тиіс екенін көрсетті және оны үйрететін жаттығуларды да беруге тырысты. Сонымен қатар ғалым дыбыстардан – буын, буындардан – сөз, сөздерден – сөйлем, сөйлемдерден – сөйлеу әдісін қолдана отырып, оқушылардың оқу машығы дамытатын жаттығуларды да берген.

Аталмыш оқулықтың (Қазақ тілі. 1934ж.) 5, 6, 7, 8, 9, 10 тараушалары қазақ тілінің дыбыстық құрылымына арналады. Оқулықта алғаш рет дыбыс, дыбыс пен әріп арақатынасына мән берілген. Ол аталмыш оқу құралында дыбыс пен әріптің айырмашылығын қарапайым ереже арқылы түсіндіре отырып, сөз әріптер арқылы жазылып, әріптер арқылы оқылатынын айтқан.

Ғалым осы оқулығында қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарына тоқтала отырып, мынадай анықтама жазған: Әндетіп айтуға

болатын дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз. әндетіп айтуға болмайтын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар деп айтамыз – дейді. Сөйтіп қазақ тілінде 9 дауысты дыбыс (а, о, е, ү, ө, ы, ұ, ә, і) пен 20 дауыссыз дыбысты (б, п, р, м, с, ш, ж, қ, ғ, к, л, н, ң, т, д, з, в, й, г, һ) ерекшелеп қара түспен бояп көрсеткен. Ғалым дауыстыларды жуын және жіңішке дыбыстарға, дауыссыздарды қатаң, ұяң дыбыстарға бөліп, жуан дауыстыларға: А, О, Ұ, Ы дыбыстарын, жіңішке дауыстыларға: Ә, Ө, Ү, І, Е дыбыстарын дұрыс бөлген.

І.Кеңесбаев кез келген мәтінді ел өмірінен, қарапайым халық тұрмысынан оқушының ой-қиялына, дүниетанымына лайықтап алып отырған. Сондай-ақ дидактикалық амалдар – сұрау-тапсырмалар жүйесі, оқу-әдістемелік талап-тілектер әліппе мазмұнында орайлы орналастырылған. Оқулықта *ый, ій, ұу, үу* дыбыстарының жазылуына арналған да жаттығулар да баршылық. Ғалым мұндай дыбыстарды дұрыс таңбалау үшін бірнеше жаттығулар түрін ұсынған. Мысалы, *«Төмендегі сөздерді көшіріңдер. Ішіндегі ый, бар сөздерді бір бөлек, ій бар сөздерді бір бөлек, ұу, үу сөздерді бір бір бөлек көшіріп, бұл дыбыстардың астын сызыңдар деп қыйқым, быйдай, сұулық, сүүрет, сақыйна, шій, сәлійма, түү, сақыйна деген сөздерді берген.* Сонымен қатар осы *ый, ій* өз алдына буын бола алмайды деген ережені көрсетеді. Бұл тапсырмалар арқылы біз автордың оқулық жазуға қойылатын дидактикалық талаптарға ерекше мән бергеніне куә боламыз.

Ғалымның оқу құралы жаңа социалистік құрылысқа аяқ басқан қазақ халқының қоғамдық өмірімен де байланыстырылған. Онда «Екпінділер», «Ұлы Октебір», «Патша армиясы мен Қызыл армия» сияқты тағы басқа өлеңдер беріліп отырған.

1935 жылы әртүрлі сыни пікірлерге байланысты ғалымның бұл оқулығы (1934 жылы жарыққа шыққан «Қазақ тілі» оқулығы) қайта шығарылады. Онда орфографиялық, ішінара грамматикалық және де техникалық қателер (мысалы, оқулықтың 5, 9, 10, 13, 14, 16, 17, 19, 20, 23, 24, 28, 32, 34, 35, 36, 37, 39, 42, 43, 44, 46, 48, 49, 50, 52, 54, 57, 59, 64 беттерінде қателер болды) түзетіліп, мазмұны өзгермей 1936 жылы Алматы қаласында қайта баспа жүзін көреді.

1930 жылдың аяғына таман қазақ әліпбиі жаңа әріптермен толықтырылып, емле кодекстерінің кейбір пунктері толықтырылып қайта бекітіледі. Осы жайтқа байланысты І.Кеңесбаев 1938 жылы «Әліппе» атты бастауыш мектептері үшін жазған еңбегін жариялайды. Бұл оқулықтың мақсаты – оқушыларды дұрыс оқуға және жазуға дағдыландыру. Оқулықта оқушының дұрыс отыруына, қаламсап немесе қарындашты дұрыс ұстауына, дәптерді партаға дұрыс қоюға үйрететін жаттығулар мен оқушыларды дәптердің сызығына қалай жазу керектігімен, сияны, сиясорғышты, өшіргішті пайдалану жолдарын сурет арқылы көрсете білген. Бұл арқылы І.Кеңесбаев суреттер мұғалімге кездесетін кейбір қиыншылықтарды сөзсіз жеңілдететінін жақсы білген сияқты.

Кеңесбаевтың бұл еңбегі педагогиканың заңдылықтарына сай – ана тілін дұрыс жазуды, дұрыс оқуды үйретумен қатар, оқушыларға

коммунистік тәрбие бере алатындай дәрежеде болды. Академиктің бұл еңбегі 22 рет басылып, қазақ мектептерінде оқулық ретінде көп жылдар бойы қызмет етті.

Әліппе латын әрпімен терілген. Онда латын әріптерінен жасалған алфавит бойынша әр бетке жеке-жеке әріптер ұсынылып, жанына сол әріптер қатыстырылған сөздер беріледі. Оқулық өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы елдегі жаппай сауатсыздықты жоюға бағытталған. Ол 72 беттен тұрады. Жалпы саны 33 әріп оқытылады (Онда А және Н дыбыстары оқытылып, одан кейін р, с, л, ш, о, з, е, ә, т, м, н, ө, у, к, и, п, қ, ж, ы, і, б, ғ, д, г, ұ, ү, ң, в, х, ф, һ дыбыстарының жазылуы көрсетілген).

«Әліппе» оқулығында Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ халқының өміріндегі әлеуметтік-экономикалық, саяси-идеялық өзгерістер мен тарихи тұлғалар жөнінде ақпар беретін мәтіндер мен өлеңдер де бар. Мысалы, «В.И.Ленин», «М.Л.Калинин», «К.Е.Ворошилов», «Л.М.Каганович» және т.б. оқулыққа енген оқу материалдары социалистік қоғамға, жаңа өмірге бет бұрған, оның қалыптасып дамуына белсене араласқан халқымыздың тыныс-тіршілігін, көңіл-күй ауанын, ұлттың түйсік-сезімін, сол дәуірдің рухын көрсетеді. Оқулықтағы әңгімелер, өлең-жырлар, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар идеялық бағытының айқындығымен ерекшеленеді. Мұның өзі әліппе авторының ағартушылық-педагогтық ойларымен, әдіскерлік-ұстаздық шеберлігімен үндесіп, әсем келісім тауып жатады. Оқулық материалдарының барлығы дерлік бір мақсатқа жұмылдырылған, ол – жас жеткіншектерді, жалпы оқырман қауымды, жаңа қоғам құрылысына адалдыққа, отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, еңбексүйгіштікке, коммунизм құрылысы ісіне берілгендікке, адамгершілікке тәрбиелейді, жаңа өмірге үндейді. Әліппеде «Тышқан мен құрбақа», «Көбелек», «Кірпі мен қоян», «Түлкі мен теке», «Ботақан», «Біздің лақ», «Мақаштың мысығы», «Қармақ саламыз», «Тауық пен қарлығаш», «Түлкі мен жүзім», «Мектеп», «Маймыл мен бұршақ» секілді шығармалар берілген.

Аталған оқулыққа кезінде сыни пікірлер де айтылған болатын. 1940 жылы Ә.Садуақасов І.Кеңесбаевтың бұл оқулығына рецензия-пікір береді. Мұнда І.Кеңесбаев жазған оқулықтың жетістіктері мен негізгі кемшін тұстарын көрсетеді. Ә.Садуақасов «Әліппе» кітабының методика жағынан кемшілігі недәуір бар дейді келе, балалардың көру және есту сезімін жаттықтыруға, сөйлеу тілін дамытуға лайықты, сауат ашудың оқу материалы дұрыс берілмеген деп, еңбекте балалардың өмірінен, қоғамдық ортадан, шаруашылықтың, жаратылыстың бір тарауынан алынған қызықты суреттер кітапта тіпті аз, сондықтан оны көбейту тиіс деген уәж айтады. Сонымен қатар коммунистік тәрбие беруді қамтамасыз ететін қысқа әңгімелерді беру керек деп көрсетеді.

Жалпы І.Кеңесбаев оқушылардың жасын, ой сезімін есепке алып, материалдарды дидактикалық талаптарға сай құруға тырысқаны байқалады. Ғалымның тіл үйрететін оқу құралдарында берілген материалдары: жеке сөздер, сөз тіркестері, шағын сөйлемдерден құралады. Оқу объектісі ретінде алынған сөздер, сөз тіркестері немесе сөйлемдер оқушыға етене жақын,

таныс болуы, сондай-ақ жеке қолданылған сөздер немесе сөз тіркестері, сөйлем құрамында келген сөздердің дыбыстық құрам жағынан шағын болып кетуін ескеріліп отырған. Оқулықта берілген материалдар тілге жеңіл, айтылуы оңай дыбыстардан тұрады. Дыбыстарды еске түсіруге көмектесетін суреттер де беріліп отырған. Мұның өзі оқушыға берілген дыбыстарды меңгертуде үлкен жеңілдік келтіретіні айқын. Ғалым сөз балаға таныс әрі жақын болса, оны оқу да, жазу да қиынға соқпайды, ал сөз балаға таныс емес, көп әрі күрделі құрылымдардан құрылса, онда сөздерге төселмеген оқушыларды сауаттандыру жұмысын едәуір төмендетеді дейді ғалым. Шындығында да, ғалымның авторлығымен шыққан оқу құралдарында оқушылардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, айналадағы күнделікті көріп жүрген заттардың аттарын оқулығына енгізуге тырысқанын байқау қиын емес. Сонымен қатар ғалым дерексіз ұғымды білдіретін сөздерді емес, нақты ұғымды, яғни деректі ұғымды білдіретін сөздерді көп қолданғанын көруге .

Оқу құралдарында жеке заттың суреттері және сюжетті суреттер берілген. Олардың әрі тартымды әрі мазмұны оқушыларға түсінікті болуы қарастырылған. Тақырып жағынан балалардың ойыны, үй тапсырмасы, колхоз, совхоз өмірі, бақшадағы жұмыс, олардың малға, құсқа қамқорлық жасауы, ересек балалар мен жасы кісі балалардың арасындағы түрлі қарым қатынастар да қамтылған.

І.Кеңесбаев мазмұны да, сапасы да ерекше жаңа оқулықтың дүниеге келуіне атсалысады. Сол кездегі Қазақ педагогикалық институтта қазақ тілі кафедрасында меңгеруші болып еңбек етіп жүрген майталман ұстаз орыс орта мектептеріне арналған (8-10 сыныптарға) жаңа сипатты «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығын жазады. Бұл 1939 жыл болатын. Кеңесбаев бұл оқулығы үшін филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алған еді. Бұл оқулықтың басты ерекшелігі – балаға ұсынылған дидактикалық материалдардың танымдық сипатының тереңдірігімен қатар қазақ тілінің заңдылықтарын оның ерекшелігін орыс мектептеріндегі балаларға меңгерту. Кеңесбаев қазақ тілінің дыбыстарын, орыс, түрік тілдерінің дыбыс және дыбыс заңдылықтарымен салыстырды. Мұның қазақ оқытушылары үшін орыс тілін үйретуде практикалық мәні зор болды.

1941-1945 жылдары халыққа білім беру жүйесінде үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету қиынға соқты. Елдің бар күші тұтас соғысқа бағытталғандықтан, оқу орындарының қалыпты деңгейін ұстап тұру күрделі. Осы кезеңдегі материалдық және тұрмыстық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан үкіметі мектеп жасындағы балалардың барлығын дерлік оқытуға, мектептерді мүмкіндігінше материалдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге тырысты.

1940 жылдан бастап қазақ жазуы тағы реформаланады. Бұл жолы қазақ жазуы орыс графикасына негізделіп жасалады. Жаңа әліпби Қазақ ССР советінің V сессиясында бекітіледі. Қазақ жазуының орыс графикасына негізделген жазуға көшірілуіне байланысты жаңа емле мен жазуды халыққа таныстыру және оны насихаттау жұмыстарына да І.Кеңесбаев атсалысқан

ғалымдардың бірі. Емле мен әліпби қабылданған соң қоғам орфографиялық сөздікке мұқтаж болды. Ал орфографиялық сөздік осы мұқтаждықты өтейтін және бірізді жазуға көмектесетін берден-бір құрал екені белгілі. Сондықтан ресми бекітілген әліпбидің соңғы жаңалықтарын ескере отырып, қазақ ғалымдары бас қосып, орфографиялық сөздікті құру жолдарын ойластырады. Сөздікті құрастыру және оны редакциялау жұмыстарына І.Кеңесбаев білек сыбана кіріседі. Сөйтіп, бір жылдың ішінде, яғни 1941 жылы қазақ тілінің тұңғыш орфографиялық сөздігі жарыққа шығады. Сөздікті І.Кеңесбаев, С.Аманжолов, С.Баишев, Г.Бұзырбаев, Н.Сауранбаев сынды қазақ ғалымдары құрастырады. Бұл сөздік сауат ашуда көпке көмек құралдың бірі болды. Осыдан кейін ғалым емлелік ерекшеліктерді саралайтын грамматика оқулығын жазуға кіріседі. Оқулықты Қазақ ССР советінің V сессиясында бекіткен емле кодексі бойынша жасауды көздейді. Қазақ жазуының орыс графикасына негізделген жазуға көшірілуіне байланысты жаңа емле мен жазуды халыққа таныстыру оны жас жеткіншектерге меңгерту үшін қабылданған емле заңдылықтары бойынша 1942 жылы оқулығын С.Жиенбаевпен бірге тәмамдайды. Жалпы 1940 жылы қазақ мектептерінің 5-6 сыныптарында қазақ тілі – фонетика, морфология, синтаксис болып бөлінбей, бір оқулықтың көлемінде оқытылатын еді. Осы оқулықта алғаш рет тіл білімінің фонетика, грамматика салалары жеке-жеке оқытылуы тиіс екені көрсетілді. І.Кеңесбаевтың бұл еңбегі 10 рет басылып, қазақ мектептерінің 5-6 сыныптарында оқулық болып келді. 1950 жылы тіл ілімі туралы еркін айтқызылған соң, жоғарыдағы қазақ тілінің оқулығын А.Ысқақовпен, К.Ахановпен бірігіп қайта өңдейді.

Қорыта айтқанда, І.Кеңесбаевтың оқулықтары адамгершілікке тәрбиелеумен бірге, баланың тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтіп, халық тілін меңгеруге, әдеби тілдің нормасын бала бойына қалыптастыруға арналғандығын ескерсек, ағартушы-ғалымның мәтін арқылы бала тілін дамытудың негізін іс жүзінде асырудың көш басында тұрғанын көреміз.

Резюме

В статье рассматриваются основные принципы и методы изучения казахского языка в учебнике С.Кенесбаева и анализируется методологическая теория в исследованиях ученого.

Summary

The article discusses the basic principles and methods of study of the Kazakh language in the textbook S.Kenesbaeva and analyzed the methodological theory in research scientist.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЕҢБЕККЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

А.С.Сманова –

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға
оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)*

Кілт сөздер: *дизайн, ұлттық киім, еңбекке қызығушылық, шеберхана сабағы.*

Ключевые слова: *дизайн, национальный костюм, интерес к труду, мастерские по выбору.*

Студенттердің ұлттық киім үлгісін жобалау процесінде *жеке, топтық, ұжымдық* ұйымдастыру формалары қолданылады. Оқытудың дәстүрлі әдістері *ауызша* (әңгіме, әңгімелесу, дәріс, баяндама, нұсқау, кеңес беру және т.б.), *көрнекілік* (иллюстрациялар, оқытудың техникалық құралдары, табиғи объекттер, әдістемелік кестелер және т.б.), *практикалық* (жаттығу, үлгімен жұмыс істеу, шығармашылық жұмыс және т.б.) әдістерді қолданудың мүмкін екендіктері анықталды. Сондай-ақ, инновациялық технологиялардың *проблемалық оқыту, дамыта оқыту, ұқсастыру, модельдеу, ақпараттық технология* түрлерінің мүмкіндіктері пайдаланылады. Мәселен, ұлттық киім үлгісінің композициясын жобалауды меңгертуде ақпараттық технологияның компьютерлік бағдарламаланған оқыту, материалды компьютердің көмегімен оқу, компьютер қоры негізінде оқу, компьютер қорымен оқыту, компьютер арқылы бағалау, компьютерлік коммуникация әдістері қолданылады.

Оқытудың ұжымдық әдісі - оқу процесінде адамдарды өзара және жұптық еңбек әрекеттерін орындауы.

Оқытудың ұжымдық әдісінің принциптері:

- жоғары жетістікке талпыну;
- алынған мәліметті бір- біріне лезде кідіріссіз жеткізу;
- студенттер арасындағы өзара көмек және ынтымақтастық;
- әртүрлі деңгейлік тақырып пен тапсырмалардың әртүрлілігі.

Топтық технология. Бұл шеберханада оқу жұмысын ұйымдастырудың үшінші және төртінші деңгейі. Мұндай жұмыс белгілі – бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін студенттерді уақытша топтарға бөлуді қажет етеді. Студенттердің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Оқытудың компьютерлік технологиясы – оқытудың бағдарламалық идеяларын дамытады, мүлдем жаңа технологиялық жолдар ашады. Оқытудың компьютерлік технологиясы – мәліметтерді компьютер көмегімен даярлау және беру процестері. Бұл технология материал мазмұнын кейбір модельдерді пайдалануға негізделеді.

Проблемалық оқыту - мұғалім басшылығы мен қиын мәселелерді туғызу және оқушылардың белсенді түрде өз беттері мен ол мәселелерді шешу.

Қорытындысында олардың ойлау қабілеттері дамып, шығармашылық іскерліктері мен дағдылары қалыптасуына жағдай жасайды.

3. *Жекелеп оқыту технологиясы.* Жекелеп оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың мына түрлерімен модельдерін қарастырады.
- мұғалім бір ғана студентпен жұмыс істейді;

- студент тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б) болады.

Жекелік оқудың басты жетістігі баланың қабілетімен оқу қызметінің желісін әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімдеуіне мүмкіндік береді.

4. *Өзіндік дамыту технологиясы*

Мақсаттық бағыты:

- жан-жақты дамыту;
- жекелікті тәрбиелеу;
- студент санасында ойлау қызметі мен пәндер элементін біріктіру.

Басты мақсаты – оқыту дағдысы: қолдағы ұсақ моторлар, есті дамыту.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – *бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар* (кино, аудио және видеокұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер). Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді

жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс-әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек. Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс-әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады [1,2].

Бірақ компьютер мүмкіндіктерін асыра бағалауға болмайды, өйткені ақпарат беру – бұл білім мен мәдениетті беру емес, сондықтан ақпараттық технологиялар педагогтарға тек *қосымша тиімді құрал ретінде* қызмет атқарады. Көптеген елдердің ғылыми орталықтары мен оқу орындарында нақ осы білім қажеттілігі үшін мамандандырылған компьютерлік жүйелер саны дайындалды, олар оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі жағынан қолдауға бағытталды.

Оқытудың ақпараттық технологиясында қолданылатын бағдарламаны қамтамасыз етуді бірнеше категорияға бөлуге болады: Оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер;

Ақпарат іздеу жүйесі;

Модельдеу бағдарламалары, микромирлер;

Танымдық сипаттағы инструменттік құралдар;

Әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар;

Коммуникацияны қамтамасыз етуге арналған инструменттік құралдар.

Тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті әдістері; бұл әдістің көмегімен эмпирикалық деректер қортындыланып, жекеден жалпыға қарай және керісінше жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар айқындалады.

5. Ұқсастыру әдісі заттар мен құбылыстардың жалпылығын айқындау үшін қолданылады.

6. Теория жүзінде мүмкін жағдайдың, құбылыстың немесе заттың моделін жасау әдісі. Модельдеу – зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Бірінші объект түпнұсқа болады да екінші объект оның моделі болады. Зерттеуші модельді зерттеп, алған нәтижелерін ұқсастық және үйлестік заңы бойынша түпнұсқаға көшіреді.

Модель және модельдеу әдісі түпнұсқаны зерттеу қиын немесе мүмкін емес болғанда немесе түпнұсқаны зерттеу үлкен қаражат шығынын талап еткен жағдайда қолданылады. Модель мен түпнұсқа арасында белгілі бір ұқсастық болу керек. Мұндай ұқсастық зерттеушінің модельді зерттеу кезінде алған ақпараттарын түпнұсқаға көшіруге мүмкіндік береді, ал көшіру үшін ұқсастықтың, талдау мен жинақтау әр түрлі формалары қолданылады. Модельдің физикалық табиғаты түпнұсқаның физикалық табиғаты сияқты болу керек (түпнұсқаның толық көшірмесі болған модель, модель бола алмайды). Модельдің түпнұсқадан айырмашылығы оны зерттеу оңай, алайда оның бойында модельге де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттары мен өлшемдері болуы қажет. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады. Модельдеу логикалық, физикалық, математикалық, заттық, белгілік болады. Модельдің түрін таңдау таным зерттеу объектісінің күрделілігіне байланысты [3]. Біздің зерттеуімізде ұлттық киім үлгісін әзірлеуде осы модельдеу әдісі арқылы жүзеге асырылып отырылады. Модельдеу әдісі бірізділік жүйемен сақталып, дайын бұйымға қол жеткенше қолданылады.

Студенттердің еңбекке қызығушылығын қалыптастыруда мамандану пәндерін оқытудың әдістері анықталып, эксперимент барысында қолданылды. Ол әдістер дәстүрлі және қазіргі оқыту әдістері болып табылады. Дәстүрлі әдістерден жаттықтыру, демонстрациялау, сұрақ-жауап, өз бетінше жұмыс жасату әдістері қолданылды. Бұл дәстүрлі әдістер мамандық пәндерінің негізгі білімін меңгеруде және практикалық сабақта, технологиялық, өндірістік практикаларында тиімді жүзеге асырылды. Біздер ұлттық киім шапанды әзірлеуде жаттықтыру әдісін; демонстрациялау әдісін; өз бетінше жұмыс жасату әдісін; сұрақ-жауап әдістерін қолдандық. Ал қазіргі оқытудың әдістері бойынша проблемалық оқыту технологиясы (кейіс) мен оқытудың ұжымдық әдісі (ОҰӘ), топтық технология, оқытудың компьютерлік технологиялары қолданылды. Бұл оқыту әдістері 4-5 курс студенттерінде нәтижелі сабақ процесін берді. Оқытушының педагогикалық шеберлігі сабақ барысында қолданылғанын әдістері арқылы анықталады десек, онда студентке берілген білім мен ептілік, дағдылар оның ынтасына түрткі беріп, еңбек ету іс әрекетін оятады. Ол өз еңбегінің нәтижесінде кәсібилікке ұмтылады. Кәсібилікке ұмтылысы барысындағы проблемалық ситуацияларды шешуде біздер оқу кейісі әдісін жоспарлап, кездей-соқ болатын еңбек операциялары барысындағы проблемаларды шешудегі еңбекке шыдамдылығы мен төзімі,

неліктен? не үшін? болған проблемалардың себебін анықтауға, оны болдырмау жолдары мен бұйымды жобалауда, материал таңдауда немесе құрастыруда жіберілген кемшіліктерді анықтаудан басталады. Бұл проблемалық оқыту әдісін бір студент жіберген қателікті немесе топта жіберілген қателіктерді кездей-соқ туған проблема ретінде дер кезінде қолға алып, алдағы уақытта бұл қателіктің қайталанбауына жағдай туғызу болып табылады.

Студенттерге ұлттық ерлер бой киімін жобалау проблемасын қойып, сабақ процесін жүргізу.

Жаттықтыру әдісі студенттердің «дизайн негіздері» және «материалмен жұмыс» пәнін жүргізуде өте тиімді, себебі студенттерді жаттықтыру жұмыстарын ұйымдастыру арқылы түрлі тапсырмалар беріліп, олардың сурет салуға қолдары жаттығады, әзірлеуде түзу тігіс түрлерін, бұйым бөлшектерін өңдеуге дағды, ептіліктері қалыптасады. Өз кәсібінің шебері болудың жолында жаттығу жұмыстарының маңызы зор. Осы әдісті қолдану арқылы студенттер артық еңбектенудің нәтижесін сезінеді, еңбекке белсенділік танытып, табысты жұмыстар орындайды. Жаттықтыру әдісін қолдануда студенттерге шектен тыс талап қою артықшылық тудырады. Өйткені, студент бойында жалығу, шаршау қасиеттері пайда болып, қызығушылықтарына кері әсер болып, жұмысқа ынталарын жоғалтып алу әбден мүмкін. Осы жаттықтыру әдісі аясында, студенттерді талпындыру мақсатымен мақтау мен шектен талап қоюдың да мәні зор. Себебі, студент берілген тапсырманы жаттығу жұмысын орындау арқылы аяқтауға қол жеткізген жұмысы мен жаттығусыз орындалған жұмыс сапасына салыстырмалы талдау жасап, еңбектің құндылығы мен еңбекке жіберілген жаттығу уақытын тиімді пайдалануға дағдыланады.

Студенттердің еңбекке қызығушылығын арттыруда жаттығу әдісінің әсері мол. Себебі, сурет салуды алғаш бастағанда, оның сурет өнеріне қызығушылығы мен сурет салуды меңгеруіне көп еңбек ету нәтижесінде ғана жете алады. Студенттің өз мамандығын игерудегі ең алғашқы қадамының бірі сурет өнері болып табылады. Сурет салудың негізін дұрыс түсініп, қандай да бір затты немесе қойылымды бейнелеуде студенттің ең алдымен осы өнерге деген қызығушылығының болуы маңызды. Қызығушылығы бар студентте ұзақ еңбек ету арқылы табыстарға жетеді.

Эксперимент жұмысы бірнеше бағытта жүзеге асырылды. Киім дизайны мамандығы мен кәсіптік білім мамандықтарының оқу әдістемелік кешендеріне талдау жасалып, мүмкіндіктері бар пәндер мазмұнына енгізілген қосымшалар бойынша сабақтар бақылауға алынды. Бұл бағыт қазақ ұлттық киімі туралы түсінгі мен ұлттық киім үлгісін әзірлеуге қызығушылықтары мен талап-тілектерін айқындау мақсаты бойынша жүзеге асып, ондағы кәсіптендіру және профиль бойынша пәндер циклі, таңдау компоненті бойынша «Бүкіләлем киім тарихы», «Топтаманы жобалау», «Материалмен жұмыс» пәндері оқу бағдарламаларының мазмұнына енгізілген түзетулер нақтыланып, оқу үдерісіне ендірілді. Осы пәндер бойынша сабақ жүргізілген сабақ формалары мен қолданылған әдістерді беруді жөн көрдік.

Теориялық сабақ үлгісі

Пәні: «Бүкіләлем киім тарихы»

Сабақтың тақырыбы: қазақ ұлттық киім тарихы.

Сабақтың типі: лекция.

Сабақтың мақсаты студенттерге қазақ ұлттық киім тарихы мен ондағы киім түрлерін түсіндіру.

Сабақ формасы: топтық.

Сабақтағы әдіс: кейістік оқыту технологиясы.

Оқу кейсі «Қазақ ұлттық киім тарихы»

Мақсаты:

- Қазақ ұлттық киімдері жайлы сұрақ-жауаптар.
- Қазақ ұлттық киімдер жіктелуі.

Проблемалық жағдай (проблемалық ситуация)

№1 мәселе. Тудыру тақырып бойынша. Мәселе бойынша оқытушы ақпараттар беріп, студенттердің өзінен жауап талап етеді, яғни мәселе бойынша сұрақ қою арқылы. Осы тақырып көлемінде сұрақ-жауап жалғасын табады.

Екінші мәселені жасайды.

Қазақ ұлттық киімі жайлы оқулықтар, альбомдар, каталогтар, оқу құралдарын және мерзімді басылымдардағы ақпараттарды талдады. Осының нәтижесінде студенттер қазақ ұлттық киімдерінен білімдері мен ойларын дамытты. Студенттер ұлттық киім үлгісін әзірлеуден алдын ұлттық киімнен білімі жоғары, оны жіктей алатын, оның қызметі мен пайдалану орнын түсінетін болуы маңызды. Қазақ ұлттық киімдерін жаппай талдап, біліп, түсінгеннен кейін, студенттер ұлттық киімнен өздеріне ұнаған үлгілерін таңдайды немесе курс жетекшісінің тапсырмасы бойынша беріледі.

Ондағы тапсырмалар мынадай (қазақ ұлттық ерлер киімдері, қазақ ұлттық әйелдер киімдері, қазақ ұлттық бойжеткендер киімі, қазақ ұлттық балалар киімі, қазақтың салтанатты киімдері, қазіргі ұлттық киімдер т.б.) осылай жалпылама берілген тақырыптар бойынша студенттер өздерінің қызығушылықтарымен тапсырмаларын таңдайды. Мысалы, тақырып: қазақ ұлттық ерлер киімдері. Бұл тақырып бойынша студенттер ерлер киімдерін жіктейді, оларды тұтыну ерекшеліктерін ажыратады.

Ерлер ұлттық киімдерінің каталогтары мен альбомдарына, қазіргі әзірленген бұйымдарына ізденіс жасайды. Тақырып бойынша, өздеріне материалдар жинайды, яғни портфоля папкасын дайындайды. Өзінің анықталған киім үлгісін эскиздеуге кіріседі. Эскиз жасаушы студент өзінің тақырыбын өте кең көлемде меңгерген, эскиздейтін бұйымы шапан екенін, оның көне, қазіргі түрлерінің үлгілері бар, эскиздейтін бұйымының қандай мақсатта, қай жасқа, қайда киуге, не үшін жобалау керектігін біледі.

Бұл эскиздеудегі студенттің алдына қойылған мақсат, міндеттері болып табылады. Студенттерді ұлттық киім үлгісін жобалаудағы мамандану пәндеріндегі мүмкіндіктерді анықтауда, талдаулар жасадық. Сол талдау нәтижесі бойынша мүмкіндіктерді анықтауда ұлттық киім әзірлеуден алдын біздің теориялық зерттеуге сүйене отырып, ұлттық киім түрлерінен өз

зерттеуіміз ұлттық ерлер шапанын әзірлеу арқылы студенттердің еңбекке қызығушылығын қалыптастырудағы мүмкіндіктер шешімін табуды педагогикалық оқу тәрбие үрдісіндегі оқыту формалары мен әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырдық.

Киім дизайны және кәсіптік білім мамандығы студенттерінің ұлттық киім үлгісін әзірлеу процессін дамыту және пәнге, кәсіпке, еңбекке қызығушылығын қалыптастыру жөніндегі жүйелі және мақсатты бағытталған жұмыстарды зерттеу олардың ерекшелігін және оқу әрекеттік бағытын ескере отырып, түрлі ұйымдастыру формаларын таңдау қажеттілігін туындатады.

Студенттердің ұлттық киім үлгісін әзірлеу арқылы еңбекке қызығушылығын қалыптастыру бойынша ұйымдастыру формаларын таңдау негізіне біз лекция, практикалық сабақ, проблемалық лекциялар және СӨЖ, СОӨЖ, элективті курс сияқты оқытудың кредиттік формаларын қолданамыз. Ұйымдастырудың бұл формалары студенттердің теориялық материалды зерделеу мен сапалы меңгеруге ықпалын тигізеді.

Пән: топтаманы жобалау

Сабақ түрі: практикалық.

Сабақтың өтілу орны: жобалау дәрісханасы.

Топтағы студент саны: 10 студент.

Сабақтың мақсаты ұлттық киім үлгісі ерлер шапанын ізденіп, сапалы, талғамға лайық үлгілерін жобалау.

Сабақ міндеті шапанды жобалаудағы танымдық, көркем-шығармашылық процесс талаптары бойынша бірізділік бойынша шеберхана сабағында іс жүзінде орындалады. Шеберхана сабағының үлгісі Сурет-1де көрсетіледі.



Сурет -1 Шеберхана сабағының құрылымы

Оқу-өндірістік шеберханасының материалдық базасы мен еңбек ережелері жеңіл өнеркәсіпке бағытталған. Бұл оқу-өндірістік шеберханасы кәсіптік білім студенттері үшін кәсіби шыңдалудағы мүмкіндіктермен қамтамасыз етілген. Мұнда студенттер кафедраның бекітілген кестесі бойынша сабақтан тыс уақытта келіп қосымша жұмыстар жасайды. Студенттер сабақ тапсырмаларын, яғни СӨЖ және СОӨЖ орындайды. Осы оқу-өндірістік шеберханасында студенттерді көркем тігін ісіне үйрету және өз жобалары немесе жетекші жобасы бойынша еңбек операцияларына жаттықтыру мен өндіріске бағыттылық беру болып табылады. Осы құрылым бойынша шеберхана сабағының мазмұны айқындалып, студенттерді жеке, топтық, жетекшілік шығармашылық жұмыстарға баулиды. Ең алдымен топпен шығармашылық жұмыстар, жетекшімен бірге шығармашылық жұмыстар, нәтижесінде жеке өзінің шығармашылығымен орындалған топтама немесе қолданбалы қолөнер туындыларын жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кукушкин В.С. Современные педагогические технологии. Начальная школа. Пособие для учителя. (Серия “ Учение с увлечением”). – Ростов н/Д: изд-во “Феникс”, 2004.- 384 с.
2. Подласый И.П. Педагогика начальной школы: Учебное пособие .- М.: Гуманит. Изд.центр ВЛАДОС, 2000.- 400 с.
3. Ш.Т.Таубаева, С.Н.Лактионова Педагогическая инноватика как теория и практика нововведений в системе образования.- Алматы, Научно-издательский центр “Ғылым”, 2001 г., 296 с.
4. Сманова А.С. Жаңаша ұлттық киімдерді үлгілеу. /Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты. Хабаршы, «Экономика және білімдегі сервис» сериясы. –Алматы, 2006. № 3. –Б.62-66.
5. Сманова А.С. Шеберхана сабақтарында студенттерді еңбекке баулу. //Педагогикалық кадрларды даярлаудың сапасын арттырудағы инновациялық технология мәселелері және даму ерекшеліктері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Алматы, 2008. –Б. 521-525.

Резюме

В данной статье рассматривается формирование интереса к труду у студентов, педагогический процесс подготовки модели национальной одежды, а также применение нескольких педагогических технологии при изготовлении изделий в мастерских.

Summary

This article discusses the formation of interest in work among students, teaching the process of preparing a model of national clothing, as well as the use of several pedagogical technology in the manufacture of products in the shops.

РУССКИЙ ЯЗЫК И КУЛЬТУРА РЕЧЕВОГО ОБЩЕНИЯ

Абаев В.Е. –

Кандидат филологических наук, доцент Казахского национального педагогического университета имени Абая

Қожамберді Ұ. -

*студентка 1 курса Естественно-географический институт
(Казахстан, г. Алматы)*

В нашем обществе уже чувствуется потребность в культуре поведения и общения, то и дело встречаются объявления, сообщения, рекламы о том, что в колледжах, гимназиях, школах открываются факультативы с названиями “Этикет”, “Деловой этикет”, “Дипломатический этикет”, “Этикет делового общения” и т.д. Это связано с потребностью людей познать, как нужно вести себя в той или иной обстановке, как правильно устанавливать и поддерживать речевой, а через него и деловой, дружеский контакт.

Широкое понятие культуры непременно включает в себя то, что называют культурой общения, культурой речевого поведения. Чтобы владеть ею, важно понимать сущность русского речевого этикета.

В коммуникации люди передают друг другу ту или иную информацию, те или иные смыслы, что-то сообщают, к чему-то побуждают, о чем-то спрашивают, совершают определенные речевые действия. Однако прежде чем перейти к обмену логико-содержательной информацией, необходимо вступить в речевой контакт, а это совершается по определенным правилам. Мы их почти не замечаем, поскольку они привычны. А заметным становится как раз нарушение неписаных правил (продавец обратился к покупателю на “ты”, знакомый не поздоровался при встрече, кого-то не поблагодарили за услугу, не извинились за проступок). Как правило, такое неисполнение норм речевого поведения оборачивается обидой, а то и ссорой, конфликтом в коллективе. Поэтому важно обратить внимание на правила вступления в речевой контакт, поддержания такого контакта — ведь без этого деловые отношения невозможны. Ясно, что осознание норм общения и речевого поведения полезно всем, а особенно людям тех профессий, которые связаны с речью. Это и педагоги, и врачи, и юристы, и работники сферы обслуживания, и бизнесмены, да и просто родители.

Правила речевого поведения регулируются речевым этикетом, сложившимся в языке и речи, системой устойчивых выражений, применяемых в ситуациях установления и поддержания контакта. Это ситуации: обращение, приветствие, прощание, извинение, благодарность, поздравление, пожелание, сочувствие и соболезнование, одобрение и комплимент, приглашение, предложение, просьба, совет и мн. др. Речевой этикет охватывает собой все, что выражает доброжелательное отношение к собеседнику, что может создать благоприятный климат общения. Богатый набор языковых средств дает возможность выбрать уместную для речевой ситуации и благоприятную для адресата *ты* - или *вы* форму общения, установить дружескую, непринужденную или, напротив, официальную тональность разговора.

Важно подчеркнуть, что в речевом этикете передается социальная информация о говорящем и его адресате, о том, знакомы они или нет, об отношениях равенства/неравенства по возрасту, служебному положению, об их личных отношениях (если они знакомы), о том, в какой обстановке (официальной или неофициальной) происходит общение и т.д. Так, если кто-то говорит другому — *Доброго здоровья!* — то нет сомнения, что это пожилой житель деревни или выходец из нее. Если кто-то бросает — *Привет!* — значит, обстановка неофициальная, люди находятся в равных, непринужденных дружеских отношениях. Но представьте себе, что “Привет!” ученик скажет учителю!

Таким образом, выбор наиболее уместного выражения речевого этикета и составляет правила (да и искусство) вступления в коммуникацию.

Употребляя выражения речевого этикета, мы совершаем сравнительно несложные речевые действия: обращаемся, приветствуем, благодарим,... Но

почему же в языке существует такое множество способов это делать? Ведь в русском языке до сорока выражений, применяемых в приветствиях (у японцев более пятидесяти!), множество форм прощания, благодарности и т.п. А сколько возможностей осуществить просьбу: *Я прошу Вас сделать это; Просьба не шуметь; Сделайте это, пожалуйста; Если Вам не трудно, подвиньтесь, пожалуйста; Вы не могли бы подвинуться?; Вам не трудно подвинуться?; У Вас не найдется, чем записать?* — и так, до сорока моделей. А все дело в том, что каждое выражение мы выбираем с учетом того, кто — кому — где — когда — почему, зачем говорит. Вот и получается, что сложная языковая социальная информация заложена как раз в речевом этикете в наибольшей степени.

Зададимся вопросом, почему же выражения речевого этикета обладают “волшебной силой”, почему их правильное применение приносит людям удовлетворение, а неисполнение в нужной ситуации ведет к обиде? Думается можно выделить несколько сущностных признаков речевого этикета, объясняющих его социальную остроту.

Первый признак связан с неписаным требованием общества к употреблению знаков этикета. Хочешь быть “своим” в данной группе — большой или малой, национальной, социальной,— исполняй соответствующие ритуалы поведения и общения.

Социальная заданность ритуальных знаков этикета воспитывается в людях с раннего детства, и конечно, в семье.

Второй признак связан с тем, что исполнение знаков этикета воспринимается адресатом как социальное “поглаживание”. Объясним это на примере из области биологии. В одном из экспериментов ученые хотели выяснить, являются ли в животном сообществе прикосновение, вылизывание, выискивание и т.п. лишь гигиенической необходимостью или это “социальная” потребность животных в контактах. Были взяты две группы крысят, одну из которых сотрудники лаборатории постоянно поглаживали. Эти крысята выросли более крупными, умными, устойчивыми к заболеваниям животными, чем те, которых не гладили, не ласкали. Исследователи сделали вывод, что потребность в прикосновении, в ласке у животных столь же значима, как и другие жизненно важные потребности. Еще более развита эта потребность у человека. Психологи, педагоги знают, как важно одобрить, вовремя погладить ребенка, да и взрослого! Над этим задумались лингвисты и обнаружили, что язык откликнулся на такую потребность и создал систему словесных “поглаживаний” — речевой этикет: *Здравствуйте* — будьте здоровы; *Благодарю* — благо дарю. *Спасибо* — спаси вас Бог за доброе дело; *Извините* — признаю свою вину и прошу снять с меня грех и т.д.

Третий важный признак речевого этикета заключается в том, что произношение этикетного выражения представляет собой речевое действие, или речевой акт, т. е. выполнение конкретного дела с помощью речи. Известно, что для осуществления множества действий, состояний речь не нужна. Вы шьете, или режете, или пилите, или ходите,— и для

“производства” этого вам не надо ничего говорить. Но есть такие действия, которые могут совершаться только с помощью одного инструмента — языка, речи. Как осуществить действие “совет”, или “обещание”, или “благодарность”? Для этого надо сказать *советую, обещаю, благодарю...*

Исследования выявили, что зафиксированных в словарях названий речевых действий до тысячи, способов же непосредственного выражения — великое множество. Как уже упоминалось выше, одних приветствий у нас до сорока. В каждой ситуации речевого этикета можно обнаружить высказывания, объединенные в системно-семантическую группу. Так, например, в группе под названием “Благодарность” встречаем: *Благодарю Вас; Спасибо; Я Вам (так) благодарен; Я Вам признателен; Я хочу поблагодарить; Я хотел бы поблагодарить... Позвольте поблагодарить; Примите мою благодарность* и т. д. Причем некоторые выражения употребляются преимущественно с *Вы*, другие — с *ты* — *формами*. Важно учитывать, что произнесение выбранного выражения происходит тогда, когда собеседники “я” и “ты” встречаются “здесь” и “сейчас”, поэтому для всех выражений характерна реальная модальность, настоящее время момента речи, независимо от формы предложения, в том числе с сослагательным или повелительным наклонением глагола. А поскольку произнесение выражения речевого этикета и есть само дело, причем социально и личностно значимое, ясно, насколько важен речевой этикет.

Четвертый признак связан с третьим и касается самой структуры высказываний, в которых открытыми оказываются “я” и “ты”: *Я благодарю Вас; Извините меня*. Это открытое, эксплицитное представление коммуникантов в грамматике предложения, но может быть и скрытое, имплицитное, семантическое представление их, как в благодарности *Спасибо* или в извинении *Виноват*, которые, в силу синонимии, функциональной эквивалентности с представленными ранее, содержат в глубинной структуре “я” говорящего и “ты” адресата (*Я говорю Вам*) *спасибо*.

Пятым важным признаком речевого этикета можно считать его связь с категорией вежливости. С одной стороны вежливость — это моральное качество, характеризующее человека, для которого проявление уважения к людям стало привычным способом общения с окружающими в повседневном поведении. С другой стороны — это абстрагированная от конкретных людей этическая категория, получившая отражение и в языке, что, конечно, следует изучать лингвистике. Вежливость нужно именно выражать, демонстрировать при общении (как и любовь), потому что если я в душе кого-то уважаю, но никак этого не проявляю, уважительность к человеку окажется нереализованной. Особенно важно это в официальной речевой ситуации или при общении с незнакомыми людьми. Вступая в контакт с родными, друзьями, знакомыми, мы, заранее зная “меру” любви и уважения друг к другу, имеем множество способов это подчеркнуть, с незнакомыми же людьми мера хорошего отношения — это вежливость, и здесь речевой этикет незаменим. Вежливые люди в разных ситуациях и по отношению к разным партнерам ведут себя корректно учтиво, галантно. А вот неумелая и

неуместная вежливость воспринимается как манерность, церемонность. При этом надо понимать, что бывает вежливость, идущая от чистого сердца, а бывает вежливость-маска. В мимолетном общении с незнакомыми людьми соприкасаются главным образом лишь своими социальными ролями: *продавец - покупатель, врач — пациент, юрист — посетитель, служащий — проситель, пассажир - пассажир, кассир — покупающий билет* и т. д. В этих ситуациях вежливость-маска лучше, чем открытая грубость, — так улыбаются всем и каждому американцы, так здороваются с продавцом в странах Западной Европы.

Проявления грубости многообразны. Это и заносчивость и спесивость, и высокомерие, это оскорбление, нанесение обиды. Невежливость - неисполнение правил речевого этикета. Это использование слов типа *расселась* (вместо *села*), *напялила* (*надела*), *засунул* (*положил*) и мн. др. Невежливые высказывания строятся преимущественно с *ты-формами*.

Шестой признак связан с тем, что речевой этикет — важный элемент культуры народа, продукт культурной деятельности человека и инструмент такой деятельности. Речевой этикет является составной частью культуры поведения и общения человека. В выражениях речевого этикета зафиксированы социальные отношения той или иной эпохи. Ср.: *Покорнейше благодарю; Ваш покорный слуга; Низжайше кланяюсь; Бью челом*, с одной стороны, и *Милостивый государь; Ваша светлость* и мн. др.

Формулы речевого этикета закрепились в пословицах, поговорках, фразеологических выражениях: *Добро пожаловать; Милости прошу к нашему шалашу; С легким паром; Сколько лет, сколько зим!* и т. д.

Являясь элементом национальной культуры, речевой этикет отличается яркой национальной спецификой. В русском речевом этикете также есть своя национальная специфика, с которой сталкиваются иностранцы, изучающие русский язык. Достаточно упомянуть хотя бы обращение по имени отчеству, которого нет у других народов. Да и вообще вся система обращений ярко специфична в каждом народе. Конечно же, нужно изучать речевой этикет при изучении иностранных языков, но надо знать и свой собственный язык и обучать ему необходимо с раннего детства, в семье, в детском саду, в школе, да и в вузе, уже профессионально ориентируя в соответствии с тем, какие речевые ситуации окажутся наиболее типичными в трудовой деятельности человека.

“Ораторское искусство — это искусство практического словесного воздействия, предоставляющее нам возможность мастерски использовать слово как инструмент мысли и убеждения. Поле для риторической деятельности необозримо: как организовать свою речь преподавателю? как признаться в любви? как выступить в парламенте? На эти и многие другие вопросы должна ответить забытая в стране и нуждающаяся в реабилитации наука — риторика. На протяжении многих веков она была нормой культуры, одной из классических гуманитарных дисциплин, изучающей действующего речью человека и рекомендующей правила искусной, целесообразной и убедительной речи”.

Что же послужило стимулом к возрождению риторики? Заметим, что сегодня названные предметы стали популярными и на политологических, и на финансово-экономических, и даже на инженерно-технических факультетах вузов. Дело в том, что в последние десятилетия резко изменилась коммуникационная и, соответственно, языковая ситуация в обществе. Появились новые способы хранения и переработки вербальной информации, в которых стали доминировать аудитивные и аудиовизуальные источники речи (радио, телевидение, телефонная связь), т. е. устная речь в своих совершенно новых разновидностях. Визуальные же источники речи приобрели новые качества, значительно расширив и обогатив ситуативно-тематические сферы применения речи письменной (например, письменная речь, функционирующая в ЭВМ). И если до недавнего времени проблемы формирования речевых навыков были актуальны, как правило, для специальностей, связанных с так называемым гуманитарным циклом, и для обучения русскому языку как неродному, то сегодня практически перед всей системой образования встала задача формирования навыков и умений устного творчества.

В связи со сказанным напомним, что “античная риторика, ориентированная главным образом на судебные и парадные речи, была переработана в средние века в расчете преимущественно на сочинение писем и проповедей, а в эпоху Возрождения и классицизма — применительно ко всякой художественной прозе”

К величайшему сожалению, современная риторика — по своему содержанию и используемым приемам речетворчества — продолжает оставаться примерно на том же уровне, что и столетия назад. Она не учитывает, во-первых, новых задач и исторических реалий, во-вторых, результатов исследований в смежных областях знаний, например, данных лингводидактики о темпоральных характеристиках речи и об оптимальной длительности звучания текстов в различных ситуациях и с разных источников информации, данных лингвистики о специфике лексико-грамматического оформления мысли в тех или иных ситуациях общения. А ведь подобными сведениями, полученными в результате научных исследований, давно и успешно пользуются специалисты в области обучения неродным языкам.

Может ли пособие, предназначенное для выработки навыков пользования речью как основным инструментом, орудием воздействия и получения информации, не содержать сведений о том, что полноценное аудирование (слушание и понимание речи) занимает 20 минут при контактном и 5—7 минут при дистантном общении, а оптимальным для слушающих является темп их собственного говорения и именно отсюда возникает необходимость межфразовой паузации, чтобы во время паузы слушающие успевали осмысливать информацию. В пособиях по риторике, как правило, приводятся лишь известные истины о необходимости излагать свои мысли “с чувством, с толком, с расстановкой” или указывается, что

“там, где слова слетают слишком легко и плавно, будь настороже, потому что лошадь, везущая тележку с грузом, идет медленным шагом”.

Сегодня важно не только уметь построить свое устное высказывание, убедительно отстаивая собственную позицию (естественно, с соблюдением правил культуры речевого общения), но и уметь понимать чужую речь и адекватно реагировать на нее. Причем если при контактном общении слушающий в какой-то степени может регулировать темп новой информации, переспрашивая собеседника (лектора), прося его говорить медленнее, прокомментировать какое-либо не очень понятное высказывание, то при дистантном восприятии речи (радио, телевидение) такой возможности нет. Слушающий вынужден воспринимать речь в том темпе, языковом оформлении и объеме, в котором не учитываются его индивидуальные возможности.

Литература:

1. Социальная психология и этика делового общения. Лавриненко В. Н. М., 1995

2. Оганесян С.С. Культура речевого общения // Русский язык в школе. № 5 – 1998г.

3. Скворцов Л.И. Язык, общение и культура // Русский язык в школе. № 1 – 1994г.

4. Формановская Н.И. Культура общения и речевой этикет // Русский язык в школе. № 5 – 1993г.

Түйін

Мақала орыс тіл және сөздің жанасушылығының мәдениетіне арнаулы.

Summary

The article is sanctified to Russian and culture of speech communication.

ЛАТЫН НЕГІЗДІ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЖОБАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ГРАФИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

Ж.С.Аширов –

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға
оқытушысы (Алматы, Қазақстан)*

Бүгінгі кезеңдегі қазақ тілі мен қазақ жазуының тарихындағы латын әліпбиіне көшу, графика мен орфографияны реформалау экстралингвистикалық факторларды есепке ала отырып, басты басымдық ретінде лингвистикалық заңдылықтарды басшылыққа алуды міндеттеп отыр. Қазақстан Республикасында тілдің таңбасын өзгерту мен орфографиясына реформа жасау мәселелері ел тәуелсіздігі жарияланған жылдардан бастап көтерілгені белгілі. 1990-2013 жылдар аралығында қолданыстағы әліпбиді

қазақ халқының ұлт ретіндегі ерекшелігін көрсететін, тілдің дыбыстық қорын толық таңбалай алатын және заңдылықтарын басшылыққа алатындай жоба үлгілері айтылып та, ұсынылып та келеді. Өткен кезеңдерге көз жіберсек, тоқсаныншы жылдар ішінде қазақ тілінің жазу қалыбын өзгертуде төрт мүмкін бағыттар сараланды деп айтуға болады. Олар:

- 1) қолданыстағы әліпбиді түбегейлі өзгертпей реформалау;
- 2) А. Байтұрсынұлы реформалаған араб жазуы негізіндегі төте жазуды реформалап қолдану;
- 3) көне түркі жазуын реформалап қолданысқа ендіру;
- 4) латын негізді әліпби жүйесіне көшу.

Қоғамда, баспасөзде жазу қалыбы мен тәртібі туралы ой-пікірлер лингвистикалық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, саяси факторлар төңірегінде сараланды. Осы факторлар негізінде латын жазуының әлемдік өркениеттегі орны мен түркі халықтарының әліпби тәжірибелері ескеріліп, латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі жобаралы жетекші орынға шықты. Жоба деңгейіндегі әліпбиді түзу мен оны бағалаудың төмендегідей негізгі критерийлері ұсынылды:

« - әліпбидегі әріптердің саны тілдің негізгі дыбыстарының (фонемалардың) санынан алшақ болмауы;

- әліпбидегі әріптер тілдің негізгі дыбыстық заңы үндесімді дұрыс бейнелейтін болуы;

- басы артық таңбалардың, белгілердің болмауы;

- латын жүйелі әліпбиге иероглиф жүйесіндегі, болмаса дәйекше тәрізді араб жазу жүйесіне тән басқа да графикалық элементтердің болмауы;

- үйренуге жеңіл, қолдануға ыңғайлы болуы т.б.

- емле ережелерін күрделендіруге жол бермейтіндей болуы;

- тілдің жалғамалы, сингармонизм заңдылықтарына қайшы келмеуі;

- сөздің орташа статистикалық ұзындығына сәйкес болуы;

- мүмкіндігінше бір таңбамен бірнеше дыбысты беру, керісінше бір дыбысты бірнеше таңбамен бермеу;

- сөздің жазылуы мен айтылуындағы алшақтыққа жол бермейтіндей болуы;

- түркі тілдес халықтардың әліпбиіне мүмкіндігінше жақын болуы» [1, 201].

А. Байтұрсынұлы атыдағы Тіл білімі институтының ғалымдар кеңесімен латын жазуына негізделген 5 жоба ұсынылып отыр. Жобалар төл дыбыстарымыздың графикалық бейнесі жағынан және әріп саны жағынан ерекшеленеді. Графика мен оның дыбыстық мазмұнының байланыстылығы тұрғысынан алғанда жобаның ортақ тұстары көп.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтынан ұсынылып отырған 1-жобада барлығы 31 таңба бар. Олардың ішінде v, f таңбаларынан басқа таңбалар қазақ тіліне тән төл дыбыстардың таңбалары. Осы таңбалардың басым көпшілігі (19 таңба: a, b, d, e, f, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, v, w, y, z) латын (ағылшын) стандартындағы әріп мәніне сәйкес келеді. Ағылшындық латын стандартында жоқ дыбыстардың (<ə>, <қ>, <ғ>, <ы>, <і>, <ө>, <ұ>, <ш>)

таңбасына Ää, Qq, Ğğ, Іі, İi, Öö, Šš таңбалары алынған. Бұл таңбалардың кейбірі (Qq таңбасы толықтай, Іі, İi таңбаларының бас және кіші белгілері ғана) латын әліпбиінде болғанмен, ағылшын-латын стандартындағы дыбыстық мазмұнына сәйкес келмейді.

Төл дыбыстармызға арналған бұл таңбалардың артықшылықтары мен кемшіліктері төмендегідей:

1. Ää әрпі. Юникод символдары кестесінде бұл таңба 04D2 нөмірімен (HTML-коды: Ӓ) Кирилл әліпбиінің диэрезисі бар таңбасы деп берілген. Ä таңбасы техникалық-практикалық тұрғыда қосымша жұмыстарды (пернетақтада орналасуы, баспа ісі) қажет етеді.

2. Q әрпі. Қазақ тіліндегі <қ> дыбысына арналған әріп таңбаның мәнін тануда ала-құлалыққа алып келеді. Біріншіден, Қазақстан Республикасындағы үш тілді меңгеру талабы аясында латын әліпбиіндегі қазақ және ағылшын тілдерін меңгеруде мәселен Q таңбасын екі түрлі мазмұнда тануға мәжбүр болса, екіншіден, Q әрпінен басталатын терминдердің (мәселен Quiz, quorum) таңбалануындағы дыбыстық мәнді ажырату қиындық тудырады.

3. Ğğ әрпі. Юникод кестесінде 011E, 011F нөмірлерімен берілген. Ақпараттық технологиялық құралдардың пернетақтасында жоқ. Графеманың негізгі тұлғасымен байланысы жоқ диакритикалық белгі (бревис) жазуды күрделендіреді.

4. Іі, İi әріптері. Жобада <ы>, <i> дыбыстарына арналған. Түрік, әзірбайжан және қырым татарлары әліпбилерінде <ы> және <и> дыбыстарын таңбалайды. Таңбаның даму тарихына көз жіберсек, орта ғасырларда İi әрпінің ноқаты болмағаны белгілі. Таңбаның жоғары жағына ноқат (нүкте) қою орта ғасырларда мәтіннің айқындылығын көрсету мақсатында пайда болған. Тарихи тұрғыдан алып қарағанда бұл екі таңба бір әріптің екі графикалық нұсқасы болып табылады. 1928 жылы түрік мемлекеті латын әліпбиіне көшкен кезде бір әріптің екі графикалық нұсқасы алғаш рет екі дыбысты (ы, и) таңбалауға арналды. Жобадағы бұл таңбаның кемшілігі Q әрпімен ұқсас.

5. Öö, Šš таңбалары. Жобада бұл таңбалар қолданыстығы Өө, Шш таңбаларын алмасытырып, <ө>, <ш> дыбыстарын белгілейді. Öö таңбасы неміс, швед, венгер, фин, эстон әліпбилерінде және түркі халықтарынан түрік, әзірбайжан тілдерінің әліпби жүйесінде бар.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты тарапынан ұсынылып отырған 1-жобада дауысты дыбыстардың жіңішке түрлеріне әріпүсті қос нүкте және бір нүктелі латын негізді таңбалар алынған (барлығы 4 таңба). Қазақ тіліне тән дауыссыз дыбыстарды таңбалауда әріп үстіне айшық белгі қолданылған. 1-жобада төрт дауысты, үш дауыссыз дыбыс таңбасын беруде диакритикалы белгі қолданылған. Жобада кірме сөздердің дыбыстық құрамын таңбалауға арналған Ff (Ф), Vv(В), Hh(х, h) таңбалары сақталған. Жобалық әліпби жүйесінде қолданыстағы әліпбидегі қосар дыбысты таңбалайтын таңбалар жоқ.

2-жобада барлығы 32 таңба ұсынылған. Олардың ішінде сегіз таңба

диакритикалы белгімен ұсынылған. Алдыңғы жобалардағы таңбалардың мазмұндық межесі сақталынған. Тек қазақ тілінің дыбыстық қорында жоқ, төл сөздеріміздің құрамында кездеспейтін <ч> дыбысына таңба арналған. № 2- жобаның алдыңғы әліпбиден тағы да бір айырмашылығы <ң> дыбысының таңбасын <н> дыбысына ұқсас кейіпте Nn~Ññ алынған. Бұл әліпби жобасының артықшылығы мен кемшілігі алдыңғы жобаға ұқсас.

3-жобада әліпби құрамындағы графемалар мен диакритикалық таңбалар алдыңғы жобаларға ұқсас. Атап айтқанда әліпби қазақ тіліне тән дыбыстырды толық қамтиды және одағайлар мен кірме элементтерде кездесетін дыбыстардың f, v, h таңбаларын қоса алған. Қазқ тіліндегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстардың жеке жеке таңбалары бар. Тілдегі жіңішке дауысты дыбыс таңбалары жуан сыңарларына ұқсастырылып (жуан дауысты дыбыс таңбасының жоғары жағынан қос нүкте) берілген. Дауыссыз <ғ>, <ш> дыбыстарының таңбасы да <г>, <с> дыбыстарына ұқсастырылып, жоғары жағына айшық белгі қою арқылы берілген. Жобадағы <ң> дыбысының таңбасын кеңейтілген латынның таңбалық жүйесіндегі ŋ таңбасымен алынуы әліпбидегі диакритикалы белсісі бар таңбаларды азайту мақсатынан туындаған.

Әліпбидің 4- жобасында барлығы 32 әріптің таңбасы берілген. Алдыңғы жобалардағы сияқты төл дыбыстар диакритикалық белгілер арқылы таңбаланған. Алдыңғы жобалардан таңбалық айырмашылықтары төмендегідей:

1. <қ>, <ш> дыбыстарын таңбалауда латынның k, s таңбалары алынып, оларға әріпасты диакритикалық белгі жасалған.

2. <ң>дыбысына графемдік таңба ретінде латынның негізгі әліпбиінде кездеспейтін ŋ таңбасымен берілген.

3. Қазақ тіліндегі жуан дауысты <ұ>, <ы> дыбыстары әріпүсті құстүмсық (циркумфлекті) белгімен берілген таңбалармен белгіленген.

4. Жобада дауыссыз <й> дыбысы бар, ол у әрпімен таңбаланған. <ый>, <ій> дыбыстрының тіркесін бір таңбамен (і әрпімен) белгілеу орын алған.

5. Кірме элементтер құрамындағы дыбыстарды беруде диграфты таңбалар қолданылған.

Тіл білімі институты тарапынан ұсынылған 5-жоба ағылшындық латын стандартындағы 24 таңбадан және дейекшеден (әріп модификаторынан) тұрады. Ұсынылған жобада диакритикалық белгілер жоқ. Бұл оның ғаламтор желісі мен қатысымдық құрылғыларда еркін пайдалануына жол ашады. «Әліпбидегі дәйекше сөздің алдына қойылып, бүтін сөздегі дауысты дыбыстардың жіңішке екенін білдіреді, яғни сөздің құрамындағы а, о, и, і әріптері бар сөздердің алдынан келген дәйекше ол әріптердің ә, ө, ү, і болып оқылуына қарақшы болады. Ал е әрпі бар сөзге дәйекше қойылмайды» [1, 237]. Әліпбиде қазақ тіліне тән дауыссыз <ғ> <ң>, <ш> дыбыстары таңбалардың қосарлануы (диграф) арқылы берілген: ғ~gh, ң~nh, ш~sh. Ұсынылып отырған 5-жобада барлығы 25 таңба, оның 23-і графема, 1-і дәйекше және мәнсіз таңба (h) берілген.

Жоғарыда айтылған әліпби жобаларының артықшылықтары мен кемшін тұстарын саралай келе, латын әліпбиіне негізделген қазақ әліпби жобасын ұсынып отырмыз:

№ р/с	Қаз.	Лат.	Аты	№ р/с	Қаз.	Лат.	Аты
Қазақ әліпбиі							
1	Аа~Әә	A a	<i>a, ə</i>	16	Сс	Ss	<i>сы</i>
2	Бб	Bb	<i>бы</i>	17	Шш	sh	<i>шы</i>
3	Дд	Dd	<i>ды</i>	18	Тт	Tt	<i>ты</i>
4	Ее	Ee	<i>e</i>	19	Ұұ~Үү	Uu	<i>ұ, ү</i>
5	Ғғ~Гг	Gg	<i>ғы, gi</i>	20	Уу	Ww	<i>ұу</i>
6	Ыы~Іі	Ii	<i>ы i</i>	21	Йй	Yy	<i>ый</i>
7	Жж	Jj	<i>жы</i>	22	Зз	Zz	<i>зы</i>
8	Ққ~Кк	Kk	<i>қы, ki</i>	23	Хх	Hh	<i>хы</i>
9	Лл	Ll	<i>ыл</i>	24		`	
10	Мм	Mm	<i>мы</i>				
11	Нн	Nn	<i>ны</i>				
12	ң	ng	<i>ың</i>				
13	Оо~Өө	Oo	<i>o,ə</i>				
14	Пп	Pp	<i>пы</i>				
15	Рр	Rr	<i>ыр</i>				

Бұл жобада қазақ тіліндегі төл сөздеріміздің құрамындағы дыбыстарды таңбалайтын 23 таңба мен дәйекше (әріп модификаторы) беріліп отыр. 23 таңбаның екеуі (ң, ш) қосарланған (диграф) әріптен тұрады.

Тіліміздің байырғы дауысы дыбыстары (а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү) төл заңдылығымызға сәйкес жуан-жіңішкелі болып топтасады. Тілдің бұл заңдылығын таңбалауда тиімді пайдалану, яғни жуан жіңішке екі дыбысқа бір таңба арнау, ағылшын стандартындағы латын таңбасын ғана пайдалануға мүмкіндік береді. Қазақ тіліндегі қ-к, ғ-г дауыссыздарының жуан-жіңішкелі қолданысы да бұл дыбыстарға бір ғана таңба арнауға мүмкіндік береді.

Жалпы тілдегі дыбыстарды жуан-жіңішкелік табиғатына сай таңбалау А. Байтұрсынұлынан басталады: «Қазақ тілінде 24 түрлі дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты. Бұл дыбыстардың ішінде «қ» һәм «ғ» ылғи жуан айтылады. «К», «Г» һәм «е» ылғи жіңішке айтылады. Өзге он тоғыс дыбыстардың һәр қайсысы бірде жуан, бірде жіңішке айтылады. Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір білгі керек десек, <.....> онда он тоғыз дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын «қ» мен «ғ»-ны, дайым жіңішке айтылатын «к», «г», «е»-лерді қосқанда бәріне 43 белгі (хәріп) керек. Араб әліппесінде 43-ке жететін хәріп жоқ. Өзге әліппелерді қазақ қабыл алмайды [2, 324-325бб]. А.Байтұрсынұлы төте жазуында қ-к, ғ-г дыбыстарының айтылымдық-жасалымдық ерекшелігін ескеріп екі жұп

дыбысқа жеке жеке таңба арнаған еді. Шындығында да, таза лингвистикалық тұрғыдан алып қарасақ, қ-к, ғ-г дыбыстарының жуан жіңішкелігі, жасалымдық ерекшеліктері мен естілім белгілері де бір бірінен алшақтау. Алайда ол дыбыстардың тіркесімділік қасиетін (олардың жуанды-жіңішкелігін) ескертін болсақ, оны бір ғана ережеге бағындырып, бір таңбамен таңбалау мүмкіндігіне иеміз. Осы арқылы дауысты дыбыс таңбаларының жуанды-жіңішкелігін білдіретін әріп модификаторын (дәйекшені) іс жүзінде толыққанды пайдалана алмыз.

Сонда тіліміздегі дауысты дыбыстар таңбасы бесеу болады: Аа, Ее, Іі, Оо, Уу. Осы бес әріп тоғыз дыбысты бейнелейді. Ал дауыссыз дыбыстарды бейнелейтін таңбалар саны он сегіз: Вв, Dd, Gg, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, ng, Pp, Rr, Ss, Shsh, Tt, Ww, Yy, Zz, Hh. Мұндағы Gg, Kk әріптері екі түрлі дыбыстық мазмұнға ие. Сөздің дыбыстық құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелік сипатына қарай қ-к, ғ-г болып дыбысталады. Мысалы: kal-kel, bari-bari`, or-or`, galim-gulim`, kuladi-kuledi, gasir-guril` т.б. сөздің құрамында е дыбысы таңбаланатын жағдайда дәйекше белгіні қоймай-ақ сөздің жіңішке буынды екенін тануға болады. Мысалы: guril` - gurildedi.

Ұсынылып отырған жобаға қатысты мәселенің біршамасы орыс тілінен енген, орыс тілі арқылы енген сөздердің құрамындағы <в>, <ф> дыбыстарымен байланысты.

В дыбысының қазақ тілінің табиғатына жаттығы жаппай сауаттануға дейінгі заманда анық сезіліп, құрамындағы в дыбысы бар кірме сөздер тілдің табиғи өзгерісіне ұшырап, сұрыпталып барып қабылданған. Тілімізге ертеректе кірген кереует, самауыр/самаурын, болыс, поштабай, шенеуік, тағы басқа толып жатқан сөздерді тіліміз өзінің табиғи нормасымен қабылдаған. Кирилл жазуына негізделген әліпби тұсында қазақ тілінің құрамына дендеп енген кірме сөздерді орыс тілінің айтылу нормасына сәйкес қабылдап келдік. Бұл жайт өз кезегінде қазақтың қарым-қатынас барысында осы дыбысты игеруіне алып келді. Қазірде кез келген қазақ баласы бұл дыбысты қиналмай дыбыстай алады. Еліміз тәуелсіздік алып тіліміз елімізге бет бұрған жылдары тілдің табиғатына жат терминдердің көпшілігі қазақылана бастады. Сол кезеңдерден бастан құрамында в дыбысы кездесетін кірме элементтерді қазақыландыру барысында тіл өзінің табиғи арнасына біртабан жақындады. Осындай оң өзгерістер нәтижесінде Москва – Мәскеу, Европа – Еуропа, завод – зауыт т.б. көптеген сөздердің әдеби нормасы қалыптасты. Жазу жүйесі латын негізді әліпбиге көшкен жағдайда да осы үрдіс сақталса, әліпбиіміздегі бас артық, жат дыбыстан арыла аламыз.

Қазақ әліпбиін латын негізді таңба арқылы реформалау мен әліпби алмастыру төңірегіндегі жобаларды сараласақ, ұсынылған әліпби жобалары төмендегідей мәселелер бойынша өзгешеленеді:

- Қазақ тілінің дыбыстарын тек латынның негізгі әліпби таңбаларымен ғана жақтайтын жобалар. Бұл бағытта әліпби ұсынған авторлар қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалауда дыбыстық мәні жоқ, сирек қолданылатын таңбаны маркер ретінде алуды ұсынады. Мұндай бағыттағы жобаларда диграф таңбалар саны көбейіп жазу үнемділігіне кері әсер етеді. Жоба

автрларының пайымдауында ағылшын стандартындағы латын таңбаларының санынан аспау, латын жазуына төл таңба қоспау қолданысты (компьютерде, коммуникаторлық құрылғыларда) оңтайландырады;

- Латын негізді әліпби жобаларында екінші бір топ төл дыбыстарымызға әріпүсті, әріпасты қосымша белгілері бар таңба беруді ұсынады. Бұл жобалардың артықшылығы бір дыбысқа бір таңба арнау критерііне толық жауап бергенмен, компьютерде, коммуникаторлық құрылғыларда (мысалы компьютердің негізі пернетақтасына әріптерді орналастыру мүмкіндігінің аздығы) таңбаны орналастырумен байланысты қиындықтар туындайды.

- Үшінші бағыттағы жобалар қазақ тілінің үндесім заңдылығына негізделіп, таңбаның дыбыстың мәнін дәйекше арқылы ажыратуды ұсынады. Бұл бағыттағы жобалардың басты артышылығы жазу үнемділігі мен тілдің басты заңдылығының сақталуында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс», 2007. – 410 бет
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992. – 446 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются проектные образцы казахского алфавита на основе латыни.

Summary

This article discusses the project specimens of the Kazakh alphabet based on Latin.

ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Мәзбаева Ж.О. –

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға
оқытушысы
(Алматы, Қазақстан)*

Адамзат баласының шындық болмысты танып-білуі барлық халықта бірдей екендігі анық. Яғни таным-түсінік тіл арқылы емес, ми қызметі арқылы жүзеге асады. Ми қызметінің нәтижесінде тілдік бірліктер объективті дүниемен байланысады. Ми қызметі арқылы адам дүниені таниды. Ал осы адам танымының нәтижелері дыбыстық кешендер арқылы тілден көрініс табады. Ал дыбыстардың тілде белгіленуі тілдік таңба болып табылады. Осыдан барып тілдің мазмұндық және тұрпаттық межелері айқындалады. Олай болса, тіл - ойлаудың құралы, ал ойлау, яғни таным – шындық дүниенің бейнесі. Бұл ғалам бейнесінің тілден көрініс табуы, яғни ғалам туралы

ақпаратты тілдік таңбалар арқылы айқындау – ғаламның тілдік бейнесі деген ұғымды тудырады. Тіл – ғалам бейнесін объективтендіретін форма. Демек, “ғаламның тілдік бейнесі” дегеніміз – тілдік жүйеде таңбаланған, тіл арқылы көрінетін тіл иесінің ғалам туралы білімдерінің жиынтығы. Ғаламның тілдік бейнесінде адамның ғалам туралы түсініктері ғана емес, тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі сияқты ұлттық дүниетанымы да көрініс тауып отырады. [1].

Тіл – дүниетаныммен тығыз байланысты ұғым. Әрбір халықтың өзіне ғана тән ұлттық дүниетанымдық түсініктері болады. Ұлттық дүниетаным – қандай да бір ұлттың басқаларға ұқсамайтын өмір сүру дағдысы, адам және сол дүниедегі тіршілігіне деген көзқарасы. «Тіл – ең әуелі сол ойды әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан дүниетанымдық негізде құрап беруші құрал. [2, 4]. Яғни, тілде әр халыққа тән ұлттық дүниетаным көрініс тауып отырады.

В.Гумбольд “ұлттың өзіне тән, іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа беруші күш – тіл” деп көрсетеді. Ғалым тілді адамның ойымен, санасымен, оның мәдениетімен және рухани өмірімен тығыз байланысты қарайды. Тіл мен рух – Гумбольдтың пікірінше, біртұтас ұғым. Оның пікірінше, тіл дүниені тікелей, тура бейнелемейді. Тілде адамның дүниені қалай түсінетіні көрініс береді. [3, 349]. Шешендік сөздердегі дүниетанымды зерттеген Г.Қосымова: “Адамзат, тіршілік, өмір т.б. туралы адамдардың алған білімдерінің көпшілігі абстрактылы ойлаудың маңызды бір формасы – ойқорытындының көмегімен алған білімдер. Олар тіл арқылы біреуден біреуге жетіп отырады. Біз өзімізді қоршаған дүние туралы білімді ұғым, пайымдау, пікір, ойқорытынды формасында тұжырымдаймыз” [4, 213] дейді.

Тілтанымдық зерттеулер негізінде көркем шығарманың тілдік ерекшеліктерімен қоса дүниетанымдық ерекшеліктерін де зерттеу қазіргі тіл біліміндегі басты мәселелердің бірі. Осы арқылы көркем шығарма авторының тілі мен дүниетанымдық ой-пікірін, көзқарасын тұтас ұлт тілі, ұлттық ерекшелік ретінде танып біле аламыз.

Қаламгер дүниетанымының қалыптасуына белгілі бір тарихи кезең, қоғамдағы әлеуметтік орта, ұлттық дүние бейнесі өз әсерін тигізеді. Ұлттық дүниетаным мен жазушының қиял дүниесі, яғни автор дүниетанымы астасып жатады. (1).

Көркем шығармалардың ішінде әртүрлі тақырыпқа жазылған шығармалар ұлттық дүниетанымдық лексемаларды молынан қамтиды. Біз Т.Ахметжанның шығармаларын ұлттық дүниетанымдық түсінікті бере алатын, дүниетанымдық лексеманы молынан қамтыған көркем шығарма деп санаймыз.

Т.Ахметжан шығармаларынан қазақтың ұлттық болмысы мен діни танымын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, ұлт мәдениеті мен қазынасын көруге болады. Суреткер хикаялары мен әңгімелері дүние бейнесін көз алдымызға әкеліп, ұлттық менталитеттен хабар береді.

Т.Ахметжан шығармаларындағы ұлттық дүниетанымның тілдегі көрінісін әр қырынан көруге болады. Қаламгер өз туындыларында қазақ халқына тән психологиялық ерекшеліктерді ұлттық ерекшеліктердің тілдік көрінісі ретінде қолданған. Мысалы, “Айқасқа” әңгімесінде *«Ақай мен Бақайдың әкесі Қапсадық - Алтай өңіріне әйгілі жалаңтөс батыр кісі еді. Жеті атасынан бері сіңірі шыққан кедей болаты. Көре алмаған ағайын: «Әкесі түйе үстінен ит қабатын ынжық еді, тілі сала құлаш көкайыл шешесіне тартқан ғой, қатынға тартқан ұл қаншаға ұзар», - деп күндеп отыратын-ды»*.(188) Келтірілген мысалдарда баланың нағашыға ұқсауы, нағашысына тартқанына қуанудың орнына оны қазақтың көре алмауы – қазақтың қанына біткен **ұлттық мінезі** екені айдан-анық. *«Қапсадық орта ғана бойы бар, қызылшырайлы, көзі өңменіңнен өтетін өжет кісі еді. «Мен кісі ақысын жемеймін», - деп отыратын тілге шешен, саудаға жүйрік болатын. Қаршығадай түйіле қарағанда, қарсыласы еріксіз ығып, сөз таба алмай жуасып қалатын»* (188). Автор Қапсадықтың білегі мен жүрегі бірдей, қайсар мінезін жалғыз ғана Қапсадыққа тән емес, жалпы қазақ халқының **ұлттық мінез ерекшелігі** ретінде көрсетеді.

Қаламгер адамның мінез-құлқы мен оның бойындағы психологиялық иірімдерге толы көзқарастарды әсерлі суреттей отырып, **ұлттық психология** жайлы хабар береді. *«Қожайынмен бірнеше рет ере келіп, еркелей қонақ боп қайтып жүрген сұлу бойжеткен осындай сый-құрметке әбден еті үйренген сыңайлы; ...Жас бойжеткеннің өзін ұстай білудегі мәдениеттілігі тәрбиелі ортадан шыққандығы мен тектілігін танытады»* (70). Халқымыздың санасына жазылып қалған, адамаралық қатынаста айқын көрінетін қанмен сіңген қасиетті қазақта тектілік қасиет деп текке атамаған. Тектіден текті туар сараланып деген халқымыз тек деп тегіне қарап сөйлеген. *«...Осы бір еліктің лағындай сүн-сүйкімді періштені қожайыннан неге өлердей қызғанатынын өзі де білмейді, ... бұл өзі ғаламат, қызғаныштан да қызулау жұмбақ сезім еді»*. Бұл мысалдарда қыз баласы үшін әкесі ет-жүрегі езіліп, жанын беретіні сияқты қазақы түсініктер көрініс тапқан.

Әрбір шаңырақтың тағдырына бейжай қарамаған қазақтың тек өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін көрсететін бірліктер жазушы шығармаларында молынан кездеседі. *«Әкең марқұм: «Қара шаңырақтың иесі Бақайым», - деп басыңнан сипап отырушы еді...»* (184). Қазақ өзге балаларын еншісін беріп, отау етіп шығарады да, кенже баланы қара шаңырақтың иесі деп, қолына ұстап қалатын. *«...«Жесіріне ие бола алмады» дегізбе елге. Асан ағаңның шаңырағына енді сен ие боласың!»* (126), *«...Аталарымыз «он үште отау иесі» деген»* (127), *«...Ағасының орнын жоқтатпайды енді... Кәне, қолдарыңды жайыңдар, батамды берейін!.. ...«Орнында бар оңалар» деген. Екеулеп Асанжанның түтеткен түтініне ие болыңдар, қарақтарым! Атадан жалғыз еді. Ғұмыры қысқа болды. Соңынан ерген мына жалғызын бөтеннің бетіне жаутаңдатпайық деген тілек қой менікі. Шаңырағын шайқалтпаңдар, баталарым! Айнашқа әрі аға, әрі әке бола біл, балам! Бір ошақтың тағдырын саған сеніп тапсырып отырмын...»* (128). Түтеткен түтінге ие болмақ түгілі, сол түтінің

түзу ұшқанын жіті бақылайтын, ұрпақ қамы мен сол ұрпақтың сана тазалығын, қан тазалығын сақтайтын әлемдегі жалғыз ұлт болса, ол – қазақ. Қазақтың ұлттық психологиялық танымын көрсететін мысалдар жазушы шығармаларында көптеп кездеседі.

Суреткер өз шығармаларында ұлттық психологияны кейіпкер сөздері арқылы да көрсете білген.

« – Ауылдағы жесір атаулыны адақтап түк қоймағаныңмен тынбай... Енді баланы бұзайын дедің бе? – деп шешем шаңқылдап жатыр екен.

– Оу, не көкіп отырсың өзің? – деді әкем.

– Әй, анау апасымен жасты қатынның қойнына апарып жас баланы неге саласың? Ол қатынға бұл ауылда одан өзге еркек...

– Әй, оттама деймін саған, Қарлыға – Дарынның әмеңгері! Сол үйдің ендігі иесі Дарын! Айнаш тұрғанда Қарлығаны қаңғытып жіберуге біздің қақымыз жоқ! Обал болады. Жетім-жесірдің көз жасына қаламыз... Оларда енді сенің шаруаң болмасын!

– Шаруам болады! Болғанда қандай! Әмеңгері несі? Ол қайдан шыққан заң?!

– Атам қазақтың заңы!..»

Жоғарыдағы мәтінде қазақтағы әмеңгерлік салт Дарынның әкешесінің ұрсысуына негізгі себеп болып отыр. Әкесінің шегелеп тұрып айтқан сөзінен бұл салттың қазақтың жазылмаған заңы екендігін анық байқауға болады. Бұл жерде жесірін қаңғыртпаған қазақтың дүниетанымдық түсінігі, ұлттық психологиясы айқын көрініс тапқан.

Т.Ахметжан шығармаларында жігіттің болашақ жарының адал болуы, пәктігін жоғалтпай келу қажеттігі жайлы ұлттық дүниетанымдық түсініктер де көрініс тапқан. Мысалы, «Бәсе-бәсе, сұлудың төсек рахатына аса ынтызарлығы көңіліне күдік ұялатып кеткен еді, үркек көңіл бекер секемденбенбіт зой. Беті ашылмаған қыз болса сқйтер ме еді...» (95), «...О, тоба, қарғыс атқыр ақжаймада дақ жоқ! Япыр-ау, бұл қалай болғаны! ...Дақ тимеген қардай аппақ ақжаймаға ұзақ тесілуге дәті жетпеді. ...Ақжаймаға сүзіліп тұрып көз алды бұлдырағанын, жанарынан ытқып жас шыққанын көрді» (96). “Сұлу мен суретші” хикаятындағы суретші өз сұлуын пәк қызға балап, кейіннен ол ойының теріске айналуы басты кейіпкердің өмірін мүлдем басқа арнаға бұрып жібереді. Бұл мысалдардан қазақтың ұлттық психологиясы айқын көрініс тапқанын көруге болады.

Т.Ахметжан шығармаларында уайымсыз тіршілік еткен қазақы тұрмыс пен сол тұрмысқа дағдыланған жайбасар қазақтың басына іс түскен кезіндегі іс-әрекеті де, таным-түсінігі де шынайы беріледі. Мысалы, ««Жұт жеті ағайынды» деген тегі рас. Өзіңе көрінгір, малдың былтыр егізден тууы жаман еді. Аяулы ана секем алып қалған. Кешегі қаймағы бұзылмаған жарастық, қымызға бөрткен қызулы күндер қайда кетті? Іргесінен ат үзілмеген, төрінен мейман тарқамаған киелі шаңырақтың бір-ақ күнде түндігі жабылғаны ма?» (190). Қазақ дүниетанымында адамның дүниеге келген күнін мезгіл не белгілі бір құбылыстармен байланысты анықтайтыны белгілі. Сонымен қатар жазушы шығармаларында қазақ халқының туған

күнді өзінше бір өлшеммен белгілейтін, оған соншалықты мән бермейтін дүниетанымы, ұлттық психология көрініс тапқан.

Т.Ахметжан шығармаларында ұлттық ерекшелік болып табылатын қазақ өнерінің болмыс-бітімі де кеңінен ашылған.

«Иә-иә, ән шырқамаса отыра алмайтын болған соң сахнаға шықты емес пе» (59), «Көрші үйден **домбыраның үздіккен үні** күмбірлеп қоя берді. Бойжеткеннің күміс қоңыраудың сыңғырындай жүрек тербер әсем сазды, сан бояулы сырлы дауысы ап-анық естіліп тұр:

*Алтын қайық жарасар күймесімен,
Наздана алмас сұлу қыз сүймесімен.
Айқарагөз, жүрмісің сау-саламат,
Қызыл гүлім-ай!*

Ұшқынның көзінен ыстық жасы ыршып-ыршып кетті...» (60). Домбыра-ұрпақ арасындағы сабақтастықтың алтын арқауы, уақытаралық қатынастың басты құралы. Халықтың тарихи тағдырымен тамырлас оның өміршеңдігі уақыт талғамайды. Т.Ахметжанның «Сынық қанат көбелек» хикаятында ән өнері қазақ халқының ұлттық аспабы – домбыра мен өз жолынан жаңылысып, бағытынан адасқан бір кездегі атақты әнші Ұшқынның көңіл-күйі арқылы көрініс тапқан.

«Мен танитын адамдардың бәрі сіздің талантыңызға бас ұрып, мақтағанда жер-көкке сыйғызбай аспанға көтеріп, сізге теңдес адам таппай теңселіп отырғандары. Сізді Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбырайдың қатарына апарып қойғысы келетіндер де бар. Атыңызды аңыз етеді көпшілік. Бірақ сіз сахнада қаншалықты арқалы, асқақ болғаныңызбен, өмірде соншалықты қарапайым екеніңізді көріп қарным ашып қалды» (63).

Жоғарыдағы мәтінде Ұшқынды халықтың сал-серілері – Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайға теңеп, атын аңыз ететінін айтады. Әнсүйер қауым ұлттық-кәсіпқой әншілердің кейінгі буындары Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай бейнелері мен олардың шығармашылығын өздеріне идеал тұтады. Олардың тамаша музыкалық стилін, өзгеше вокалдық шеберлігін қазақ әнінің, ән өнерінің қалың бұқараға арналғандығымен берік байланыстырады. Ұшқынды осындай қазақ әніне орасан ықпалын тигізген сал-серілердің қатарына қоюынан қазақтың өнер десе ішкен асын жерге қоятын халық екенін көруге болады. Жазушы әншінің қаншалықты арқалы, асқақ болғанымен, өмірде соншалықты қарапайым болатынын көрсету арқылы қазақтың нағыз өнер адамының бейнесін дәл бере алған. Ән құдіреті *«Дарига-дәурен!.. Көркіне әні сай нағыз жігіттің төресі екен! Ән деп осыны айт! Қазақтың ән жұлдызы; тау бұлағының әсем сыңғырындай» (39)* тіркестері арқылы ашылған.

«-Не деуші едім? – деді Ұшқын Абзалға оқшырая қарап, - «Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік!» деймін, майор мырза!

- Тағы... тағы да қайталашы! – деді ұзынтұра Абзалдың көзі жарқ етіп. Егер басқа сөз сұраса қиқарланып теріс жауап бермек боп отыр еді, бірақ мына менттің өлең сұрағанына аздап іші жылып, Ұшқынның жалы

күжірейіңкіреп қалды. Жүрек қылын қозғайтын құлаққа жағымды **қоңыр даусын** көтере түсіп:

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,

Жеп жүр зой біреуінің біреуі етін.

Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,

Көбінің сырты бүтін, іші түтін! – деді де терең күрсініп, түнеріп отырып қалды». Жоғарыдағы мәтінде автор қазақ дүниетанымындағы ән өнері, өлең сөздері қандай жағдайда болмасын жоғары бағаланатынын көрсетіп, өнер күдіретін танытқандай болады.

«...Сері жігіт еді, шіркін! Домбыра, мандалина шертетін. Баян тартатын. Тойда асаба болатын. Шешем тойға өзін жалғыз жібермейтінін білген соң, үнемі мені қасына ертіп алатын. Әкеме келіншектер де өте үйір еді. Қылмыңдап, бұраңдап, әкемді өздері айналдыратын... Бала болсам да бәрін сезетінмін» (126). Жазушы Дарынның таным-түсінігі арқылы әкесін сал-серілер өкілінің бойына тән, сипатына сай, ең жарқын тұстарын шоғырландыратын тұлға ретінде көрсетеді. Бала санасында әке есімі халықтың еркесі, сүйіктісі, артист мағынасындағы – сері сөзінің мәңгілік бекіп қалуы да заңдылық.

Т.Ахметжан шығармаларында ұлттық дүниетанымды көрсететін тілдік құралдар мол қолданылған. Солардың бірі – ұлттық салт-дәстүрлердің жазушы шығармаларындағы тілдік көрінісі болып табылады. Т.Ахметжан шығармаларында қазақ өнері – ән-күйі ешқашан ұмытылған жоқ деген тұжырымдамасымен қатар,

«...Қайшаның қызының қоржын тойынан қайтқанда «ұшынып» келді де, айналасы екі-үш күнде ыңқылдап-сыңқылдап үйіне кіріп-шығып жүріп-ақ көз жұмып кетті. Тағдыр деген сол, әне...» (187). Жазушы Биापаның дүниеден өтуінің өзін қыз бергенде жасалатын қоржын тойын сөз ете отырып көрсетеді. Автор ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді шығарма мазмұнына енгізіп, көркем шығармаларының ұлттық нышанын сақтап отырады.

Қазақы тұрмыста үлкен ұлдың тұңғыш баласын кемпір-шалдың бауырына салатын салт бар. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін ауылды жерлерде әлі жалғасып келеді. Ата-әжеге бауыр басқан бала өз анасын “жеңеше” деген немесе атын атайды. Жасында анасының атын атаған бала өсе келе өз анасын мойындағанмен “шеше” деуге қиналып жатады. Бұл қазіргі қазақы тәрбиедегі отбасылардың көбіне тән. Бұл ұлттық дүниетанымды “Айқасқа” әңгімесінен көруге болады. Мысалы, *«...Нұрқия әжесі өзге балалардан алабөтен осы Бақайын іш тартып, бауырына салып алған... Аяулы да аналық қызғанышын жат көзді қойып өзінен жасыруға тырысатын.... ...бірақ омыраудан шығарар-шығармастан бәйбішенің бауырына салып беріп, аналық мейірімін бүркеп келгендіктен де, ет-жүрегі елжіреп, сәбидің тәтті қылықтарына елітіп тұрса да емірене бауырына қыса алмаған... Бақайын құмары қана иіскей алмаған Аяулы ана ұлының кермеде тұрған Айқасқа тайын көп еркелететін» (189).* Ұлдың тұңғыш баласын ата-әжесі ғана емес, сонымен қатар ағайындылардың да бір-бірінің баласын бауырына салып алу тек қазаққа ғана тән қасиет. Және ол бала өте ерке, шолжаң болып өсетіні де

белгілі. «Балшекер бала көтермеген соң, қарындасы Нұржамалдың тұңғышын бауырына салып алған. Шолжаң болып өсті. Таяқ жеген жоқ» (187).

Т.Ахметжан шығармаларында қазақтың абысын-ажындары арасындағы тату қарым-қатынас ұлттық салт-дәстүрдің бір көрінісі ретінде көрінеді. Мысалы, *«Бигайшаны Балшекер абысыным демейтін, біресе Биана, біресе тәте дейтін. - Тәт-әй, маңдайының соры бес елі бишара болдым ғой мен. Не қызық көрдім, не қызық көрдім?.. – деп еңірегінде етегі жасқа толушы еді. Бигайша қосылып жылайтын»* (3, 31-б). Т.Ахметжан шығармаларында ұлттық тұрмыс-тіршілік нышандары да байқалып отырады.

Жазушы хикаяттары мен әңгімелерінде қазақ халқының ұлттық тұрмыстық ерекшелігінен хабар беретін **киіз үй, ошақ, сандық**, т.б. тұрмысқа қажетті заттар үйлесімді көрініс тапқан. Мысалы, *«Киіз үйдің орнындай ғана жалтыр тастың үстіне келіп жығылғанда тау-тас шайқалып кеткендей көрінді»* (194), *«Бұдан былай өз ошағы өзіне пана болмай, тыныштық іздеп Ертістің арғы бетіндегі нағашыларына баратынын қайдан білсін...»* (197), *«Қапты тастай салып, арқанды шешіп оңтайлап алды да, арқан бойы биіктегі үшкір тасқа шалма лақтырды»* (195), *«Аяулы ананың мойнында жүретін гауһар моншақты жары ішкертін жаққа саудамен барып жүргенде әкеліп беріп еді, сандықтағы шәй, торғын, жібек, пүліш, барқыт бұлдардың ең астында тығулы жататын; өзіне қатты ұнайтын қымбат дүниесін ері кеткеннен кейін көп есіне ала берген соң сандықтан алып, мойнына тығып алған»* (191), *«Шақшасын қазандық басына атып ұрып, ауызғы аядай бөлменің ішіндегі қоқыр-соқырдың арасына насыбай ұйқалайтын саптыаяғын қырып-қырып, қолына ілінген насыбайды астыңғы ерніне тастап жіберді»* (183), *«Үстіндегі тобылғы қызыл торғын көйлегінің өңіріндегі асыл тастардан өрілген қошқар мүйіз оюлары қыздың алма мойнына әр беріп тұрған гауһар моншақпен жарыса жарқырап,.. гажайып түрге енеді»* (98). Қазақтың ұлттық тәрбиесінің алтын қазығы оның салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы екені даусыз. Автор шығармаларында қазақ мәдениеті мен мінезін, тұрмыстық салт ерекшеліктерін даралап көрсету мен қатар, көркемдік-тәрбиелік жағынан ұтымды әрі тартымды бере білген.

Қазақ дүниетанымында өлшем бірліктерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Т.Ахметжан шығармаларында ұлтық өлшем бірліктерден мезгіл, мекен мәнді сөздер кездеседі. Мысалы, *«Қала қожайынының ат шаптырым кең кабинетіне ығай мен сығай түгел жиналыпты»* (20), *«Арада ет пісірім уақыт өткенде екі бомж көл жағасында жуынып отырды»* (24), *«Оның бәрін несіне тәптіштейін, бақсы ет пісірім уақыт мені «жұлмалағаннан» кейін сабасына түсіп, терін басып, тамырымды ұстап қасымда отырды»* (51).

Жоғарыдағы мәтіндерде “атшаптырым”, “ет пісірім” сөздері қолданылып, уақыт пен мекен өлшемінің ұлттық сипатын ашып тұр. Автор атшаптырым сөзінің орнына кең немесе даладай деп, ет пісірім сөзінің орнына жай ғана сағат тілін қолдануына да болар еді. Мұндай сөздерді

қазақы ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін сипаттауды көздеген авторлық мақсаттан туған қолданыстар деп есептейміз.

Т.Ахметжан шығармаларында діни дүниетанымның тілдік көрінісі әртүрлі сипатта және молынан қамтылған. Жазушы туындыларында қолданылған діни лексика: *Аллах, Құдайдың жазуы, Біссімідә, періште, құран, Көк қақпасы, хор қыздары, жынын алған бақсыдай, мешіт, Рамазан айы, тарауық намазы, молда, бас имам, әзәзіл, иесі бар, діншіл, ораза, намаз, айт, тәңір жарылқасын, тәубеге келу, садақа, т.б.*

Аллаға сыйыну: «*Иә, Алла, адасқан пенделеріңді тура жолыңа бастай гөр! Өзіңнің мейірімің түсіп, нығметіңе бөленгендердің жолына бастай гөр!*» (26), «*– Ей, Алла, бізді тура жолыңа бастай гөр! – деп қайталаңдар деді аса бір байыпты үнмен.*

– Ей, Алла, бізді тура жолыңа бастай гөр! – деп екеуі жарыса қайталай бастады» (26).

«Періште Айғанымның қолтығынан сүйеп:

- Жыла, жылап ал. Бірақ күйінбе! Адамға жалынба, Аллаға жалбарын! – деді». (13).

Құран оқу. «*...Құранның қазақша түсінігін бастан-аяқ екі қайтара оқып шықтым. Содан бастан бойыма тың қуат құйылғандай болды. Сенесің бе, бауырым, мұз боп қатып жататын оң жақ аяқ-қолыма жылу жүгіргендей сезіндім...*»(51).

Намаз оқу: «*Енді намазға жығылмасаң болмайды. Саған дәрігердің емі қонбайды. Сенің емің – намаз!.. Бақсының осы сөзінен кейін мен намазға жығылдым*» (51)

Бақсы: «*Бақсы мені ортаға, жұмсақ көрпешенің үстіне отырғызып қойған. Селкілдеп, арлы-берлі жүгіріп, ақырып келіп шашымнан жұлқылайды, үстімнен тазыдай созылып секіріп бара жатып жауырынымның ортасынан қамшымен осып өтеді... «Иең бар жігіт екенсің! – деді бақсы тамырымды ұстап отырып, - Иеңді өкпелетіңсің! Сені тастап кеткен екен. Құранды қолыңа алғалы алыстан тағы айналсоқтап келіп жүр екен...», «Апа-оу, ертең қара ісекті сойып, Бабақұмар бақсыны шақырсақ қайтеді?... Ата-бабасы түгел бақсы болған жандар екен» (192).*

Жазушы шығармаларында діни наным-сенім, яғни **Алланы аузынан тастамау, Құдайды ауызға алып отыру, Біссімідәсін айту, Астафиралла деу** кейіпкерлердің ауызекі сөйлеу тілінде жиі қолданылады. Мысалы, «*Ой, Алла-ай, тұншықтым-ау!*» (191), «*Алла сәтін салса шипасы да тиіп қалар*» (192), «*...«Құдайдың жазуы да», - дей салар еді*» (183), «*...«Біссімідә» деді күбірлеп, деді де алақанына түкіріп, жоғары өрмелей бастады*» (195), «*Біссімідә, бірдеңе гүрс ете қалды ғой...*» (191), «*Мұны ұмыттырған әзәзіл. Сендерді қоқысқа жетелеп жүрген сол... «Астафиралла!» деңдер, - деді періште бұйрықты үнмен...*» (25).

Садақа беру: «*Ал ана моншақты таққың келмесе, көрші үйдің бойжетіп отырған Балжанына бере сал. Садақа деп бер*» (192).

Жын-шайтан, жындану: «*...Ақ сақалды шал: «Әй, әбілет басқыр, сен неге ерегесіп қоймайсың! Қанша рет ескерттім саған! Көнбедің! Қал енді*

*осы жын-шайтанның ортасында!» - деді де, есікті тарс жауып шықты да кетті. Қайдан көрдім деп аңтарылып тұрсам, талай рет түсімде көріп ем ғой бұл қарияны. «Қой аразыңды!» деп ұрсатын еді ғой түсімде. Енді, міне, түсімде емес, өңімде көрінді! Астапыралла, мен **жынданған** шығармын! Көзіме бірдеңе көрінген шығар!» (50); «Содан соң **жындарын** шақырып ойнады-ай дейсің» (51).*

Т.Ахметжан шығармаларында қазақы діни дүниетанымдық түсініктер мол қамтылған және олар шығармада ұлттық ерекшеліктер тұрғысынан әртүрлі қырынан көрініс тауып отырады. Олардың барлығын бір мақалада қамтып шығу мүмкін емес. Автор діни-философиялық дүниетанымды негізгі желі етіп алып, халықтық танымды жаңаша, өзінше жетілдіре білген.

Жазушы ұлттық-рухани құндылықтардың барын бағалап, жоғын жоқтайды, замана көшінің беталысын түзеуге адамдық биігінен көз салады. Адам, қоғам, ғасырдан бастап, өміршең сан алуан тақырыптарды қамтитын ой түйіндерінің ішкі мазмұны терең, салмағы ауыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досова А.Т. Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006.
2. Ақбердиева Б. Лексика-фразеологиялық жүйедегі мифтік-танымдық тұжырымдар: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2000. – 146 б.
3. Гумбольд В. фон. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 456 с.
4. Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. – Алматы: Ғылым, 2005. – 296 б.
5. Ахметжан Т. Мұң. – Алматы: Қазақпарат, 2003. – 236 б.

Resume

The article deals with the language of the national outlook and approach is discussed under T.Ahmetzhana.

Резюме

В статье показано язычный облик национального мировоззрения и было обсуждено по произведениям Т.Ахметжана.

ҰЙҒЫР ТІЛІ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛ ЖАНРЫ

Ф. А. Абдримова –

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға

оқытушысы

(Алматы, Қазақстан)

Фольклор – тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалған көркем сөз байлығының басты бір саласы, танымдық, тәрбиелік мәні зор мәдени мұра. Ұйғыр фольклоры халықтық педагогиканың таптырмас құралы іспетті қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, айтыстар, ертегілер, аңыздар, жұмбақтар мен жаңылтпаштар және т.б. Ал, біз халық даналығының қазына-байлығы болып саналатын мақал-мәтелдерге тоқталамыз.

Халық ауыз әдебиетінің бұл түрі еңбекші халықтың ұзақ тарихи дамуының барысында майданға келіп, сол мақалды шығарушының ақылдылығын, парасаттылығын көрсетеді. Мақал-мәтелдерде өмірдің барлық жақтары көрсетіледі, мысалы, халықтың негізгі кәсібі, дүниеге көзқарасы, арманы, тілегі, мінез-құлқы, салт-дәстүрі тағы басқалар.

Мақал-мәтелдердің негізгі мазмұны ақиқат туралы халықтың данышпан ой-пікірлерінен, өмірдің әртүрлі жақтары туралы айтылған қанатты сөздерінен тұрады. Сондықтан мақал-мәтелдер өзгеріске ұшырап, жаңалары пайда болады, олар кеңінен таралып, ғасырлар бойы халыққа қызмет етсе, басқа мақал-мәтелдер ұмытылуға тура келіп, олардың орнына жаңа мазмұнға ие мақал-мәтелдер пайда болады.

Мақал–мәтелдерде ауыз екі тілдегі өзіне тән характер, ортақ ерекшелік, ықшам құрылым, жанды образ, тәрбиелік маңызы күшті болған мазмұндар жалпыланып, айқындалып берілген, сонымен қатар, халықтың әр қандай дәуірлердегі оқиғалары, тұрмыс ерекшеліктері, мәдени дәстүрі, салт-дәстүрлері, білім мен ғылымы, дүниеге көзқарасы және т.б. көптеген тәжірибелерінің философиялық идеялары баяндалған. Олар әдеби тілімізде де, ауыз екі тілде де өте көп қолданылады және сөйлемге ерекше бір мән береді.

Мақал халық арасына өте кең түрде таралған және ол ғасырлар бойы өмір сүреді. Өйткені, мақал сипаттап тұрған ой–пікір әдетте тұрмыста кездесетін көптеген тәжірибелердің қысқаша және анық тұжырымы. Мақал философиялық түсініктерді бейнелі сөздер арқылы нақтылап, көз алдымызға жанды түрде көрсетіп береді.

Мәтел әлеуметтік тұрмыстағы әртүрлі құбылыс және тәжірибені хайуанат және басқа нәрселердің қасиеті ретінде ортаға қойып, ауыспалы мағынада айтылатын бейнелі сөз. Оның негізгі ерекшелігі, мәтелде айтылатын ой–пікір мақалға ұқсас тура айтылмайды, бәлкі табиғат дүниесіндегі әртүрлі нәрселердің бейнесі, қасиеттері арқылы беріледі.

Сонымен, мақал дегеніміз, өзінде халықтың әлеуметтік тарихи тәжірибесін сипаттайтын, адамдарға үлгі-өнеге бола алатын, белгілі ырғақ

және үндестік негізінде құрылған ықшам нақыл сөз. Мысалы: «Бір еңбек еткен, екі етеді, екі еткен әдет етеді», «Азығымен жер мүсінді, еңбегімен ер мүсінді», «Әтиязда ишни пухта қилсаң, жилиц яхши өтәр», «Билимлик киши – жутиниң беши, билимсиз киши – сайниң теши».

Мәтел дегеніміз, өмірдегі бірер құбылысты анық және орынды сипаттап беретін бейнелі сөз. Мәтелде үлгі-өнеге беретін мағына жоқ. Онда пікір аяқталмайды, бірақ адамдардың жат, жараспайтын қылықтарын, ісін басқа нәрселерге ұқсату арқылы баяндап береді. Мысалы: «Ханнан қазық, биден тоқпақ», «Көппен көрген ұлы той», «Төгини чөчәктә суғарғандәк», «Пути көйгән тохударәк».

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарастарын зерттеген А.Э.Измайлов «Мақал-мәтелдер – поэтикалық халық ауыз шығармашылығының ең белсенді және кең таралған мұраларының бірі. Онда халық өздерінің ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін қорытқан. Мақал-мәтелдердің афористикалық формасы мен мазмұны халықтың ой-толғанысы мен арманын, қоғамдық өмірдегі құбылыстарға көзқарасын, жас ұрпақты тәрбиелеуде пайда болған түсінігін білдіреді», - дейді [1].

Ұйғыр әдебиетінің негізін салушы, әрі педагог М.Һәмраев өзінің «Әдәбиятшунаслиқ терминлириниң луғити» атты еңбегінде мақал мен мәтелге мынандай сипаттама береді: «Мақал – халық ауыз әдебиетінің бір түрі болып, халық даналығын суреттейді. Ол ықшам, әрі өлең түрінде де кездеседі. Мысалы: «Булбул чимәнни сөйәр, адәм – Вәтәнни»,

«Һавада учмақлиғим,
Қанат билән пәйдин әмәс.
Рисқимни әмгәк берәр,
Йәр билән судин әмәс»».

«Мәтел – халық ішіндегі ауыспалы мағынада қолданылатын ғажайып сөздердің бір түрі. Онда ұқсату, мазақ, әзіл және т.б. тіл құралдары қолданылады. Мысалы: «Гәп десә, алтә ешәккә жүк», «Қарғуни ярда кистиғандәк» [2].

Ұйғыр мақал-мәтелдерін жинап, зерттеген Ғ.Сәдуақасов «Мақал дегеніміз өзінде халықтың тарихи-әлеуметтік тәжірибесін суреттейтін, адамдарға үлгі-өнеге бола алатын, белгілі бір ритм негізінде құрылған ықшам нақыл сөздер. Ал, мәтел – өмірдегі бірер құбылысты анық және орынды сипаттап беретін ауыз әдебиетінің бір жанры», – деп өз пікірін айтады [3].

Жоғарыда атап өткен ғалымдардың зерттеулеріндегі мақал-мәтелдерге берген анықтамаларына сүйене отырып, біз төмендегідей сипаттама беруді ұйғардық: «Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойғы тіршілігіндегі жетістігі мен жеңілісінен, махаббаты мен өшпенділігінен пайда болған үмітін, сабырын, қайратын, әдебін, тәрбиесін, ақыл-парасатын, адамгершілігін, бірлігін және ынтымағын сипаттайтын халық шығармашылығының асыл мұрасы».

Мақалды тудырушы – еңбекші халық. Ол халық данышпандығының алтын қазыналы мұрасы болып табылады. Мақалдар халықтың тұрмыс-

тіршілігіне, қоғамдық өміріне, еңбегі мен тәжірибесіне байланысты туғандықтан, олардың тақырыбы да орасан көп.

Мысалы, туған жер – отан туралы мақал-мәтелдер:

Булбул чимәнни сөйәр, адәм – Вәтәнни;
Ана Вәтиниң – алтун бөшүк;
Жут қоғдисаң, өсәрсән, қоғдимисаң, өчәрсән.

Еңбек пен кәсіп туралы мақал-мәтелдер:

Алтун отта билинәр, адәм – әмгәктә;
Ямғур билән йәр көкирәр, әмгәк билән – әр;
Йәр – һосулниң аниси, әмгәк – униң атиси.

Ынтымақ-бірлік туралы мақал-мәтелдер:

Бирлик бар йәрдә, инақлик бар;
Байлик – байлик әмәс, бирлик – байлик;
Жапа чәкмәй, һалавәт йоқ, инақ болмай – саадәт.

Батырлық-ерлік туралы мақал-мәтелдер:

Алтун йәрдин чиқиду, батур – әлдин;
Батур бир қетим өлиду, қорқанчақ – миң қетим;
Батур жәндә билинәр.

Ел-халық туралы мақал-мәтелдер:

Әлгә баққан хар әмәс;
Әлгә қошулсаң, әр болисән, әлдин айрилсаң, йәр болисән;
Хәлик ейтмас, ейтса хата ейтмас.

Адам және оның қасиеттері туралы мақал-мәтелдер:

Адәм – гөһәр, қоли – гүл;
Адәм гүлдин назук, таштин қаттиқ;
Мәрт бир өләр, намәрт – миң.

Өнер-білім туралы мақал-мәтелдер:

Һүнәр қилса үнәр;
Һүнәр алди – қизил тил;
Билимлик адәм – қанатлик қуш.

Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиеге байланысты мақал-мәтелдер:

Нәсиһәт аччиқ, мевиси татлиқ;
Тәртипни сән тапмисаң, тәртип сени тапиду;
Тәрбийә – камаләт мәктиви.

Үй-іші, отбасыға байланысты мақал-мәтелдер:

Анидин яхши, улук сөз йоқтур;
Ат – атидин, адәм – анидин,
Ачликтин өлсәнму, ата-анаңни ташлима.

Егіншілікке байланысты мақал-мәтелдер:

Йери байниң ели бай,
Чарвичилиқ – көчә-көчә, деханчилик – күндүз-кечә;
Су – деханниң кени, йәр – деханниң жени.

Үй жануарларына байланысты мақал-мәтелдер:

Алтә чайнап ат тояр, йәттә чайнап – әр;
Ишт билән сайә талишипту, мөшүк билән – төр;

Калилар су ичсә, мозай муз ялайду.

Жақсылық-жамандық және достық туралы мақал–мәтелдер:

Яман йегинини ейтар, яхши – көргинини;

Яхши аз, яман көп, бұғдай аз, саман көп;

Достуң болмиса – дуния зимистан.

Денсаулық, тазалық және ас–тамаққа байланысты мақал–мәтелдер:

Авал адимини давала, андин – ағриғини;

Тән сақлиқ – падишалиқ;

Аш вақтида чай керәк, чай вақтида – нан.

Мақал-мәтелдердің негізгі ерекшелігі: ол – халық ойының ескерткіші ғана емес, сонымен қатар күнделікті сөйлеу тілі құрамындағы тірі тілдік бірлік. Мақал-мәтел – халықтың рухани, даналық қазынасы.

Қорыта айтқанда, мақал мен мәтел – халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылған, тұжырымдалған ой-түйіні және бір ойды ұтымды, өткір етіп айтып беретін нақыл сөз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Измайлов А.Э. Народная педагогика. Педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. М. 1991. с
2. Нәміраев М. Әдебиәтшунаслиқ терминларниң луғити. Алмута – 1974. – 239 б.
3. Алмас зәрриләр: Уйғур хәлиқ мақал вә тәмсиллири. Алмута: Жазушы, 1991. – 200 б.
4. Уйғур хәлқиниң мақал вә тәмсиллири. –Алмута, «ҚАЗАқпарат». 2003–314 бәт.
5. Уйғур хәлиқ мақал-тәмсиллири. Түзгүчи: Ә.А.Сартекин. Үрүмчи, Шинжаң университети нәшрияти. 2007. – 827 бәт.

Резюме

В статье рассказывается об уйгурских народных пословицах-поговорках и их исследовании. Так же рассказывается о тематических группах пословиц-поговорок.

Summary

In the article told about uigur folk proverbs-saying and their research. Similarly told about the thematic groups of proverbs-saying.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ МӘСЕЛЕСІ
ВОПРОСЫ ЕСТЕСТВЕННЫХ НАУК

ОБРАТНАЯ ЗАДАЧА АКУСТИКИ И ЕЕ КОРРЕКТНОСТЬ

Г.А.Тюлепбердинова –

*к.ф.-м.н., ст. преподаватель КазНПУ им. Абая
(Казахстан, г. Алматы)*

1. Введение: Рассматривается динамическая обратная задача для уравнения акустики. Для применения градиентного метода Ландвебера, разрабатываются вычислительные методы решения нелинейной обратной задачи акустики. Доказываем условную устойчивость решения системы нелинейных уравнений Вольтерра [1] и определяем константы устойчивости (постоянные Липшица).

Определение 1 (Класс решений обратной задачи). Будем говорить, что $\sigma(x) \in \Sigma(l, M_\sigma, c_0, \rho_0, \sigma_*)$, если $\sigma(x)$ удовлетворяет следующим условиям:

$$\sigma(x) \in H^1(0, l), \quad \|\sigma\|_{H^1(0, l)} \leq M_\sigma, \quad 0 < \sigma_* \leq \sigma(x), \quad x \in (0, l), \quad \sigma_0 = c_0 \rho_0.$$

Определение 1 (Класс исходных данных). Будем говорить, что $g \in G(l, \beta, \gamma)$, если g удовлетворяет следующим условиям:

$$g \in H^1(0, 2l), \quad \|g'\|_{L_2(0, 2l)}^2 \leq \beta, \quad g(+0) = -\gamma,$$

2. Объекты и методы исследований: Предположим, что для $g^{(1)}, g^{(2)}$ из класса $G(l, \beta, \gamma)$ существуют $\sigma^{(1)}, \sigma^{(2)} \in \Sigma(l, M_\sigma, c_0, \rho_0, \sigma_*)$, удовлетворяющие обратной задаче

$$u_x^{(j)}(x, t) = u_{xx}^{(j)}(x, t) - \frac{(\sigma^{(j)})'(x)}{\sigma^{(j)}(x)} u_x^{(j)}(x, t), \quad x > 0, t > 0, \quad (1)$$

$$u^{(j)}(x, t)|_{t=0} \equiv 0, \quad (2)$$

$$u_x^{(j)}(+0, t) = \gamma \delta(t), \quad t > 0, \quad (3)$$

$$u^{(j)}(+0, t) = g^{(j)}(t), \quad t > 0. \quad (4)$$

для $j = 1$ и $j = 2$.

Учитывая, что $s^{(j)}(x) = -\gamma \sqrt{\sigma^{(j)}(x)/\sigma^{(j)}(+0)}$, обозначим

$$q_1^{(j)}(x, t) = u_x^{(j)}(x, t), \quad q_2^{(j)}(x) = \frac{1}{s^{(j)}(x)}, \quad q_3^{(j)}(x) = 2 \frac{(s^{(j)})'(x)}{s^{(j)}(x)}. \quad (5)$$

$$f_1^{(j)}(x, t) = \left[(g^{(j)})'(t+x) - (g^{(j)})'(t-x) \right], \quad f_2^{(j)} = -\frac{1}{\gamma}, \quad f_3^{(j)}(x) = -\frac{2(g^{(j)})'(2x)}{\gamma}, \quad j = 1, 2.$$

Поскольку $\sigma^{(j)} \in \Sigma(l, M_\sigma, c_0, \rho_0, \sigma_*)$, $j = 1, 2$, то в силу обозначений можно оценить

$$\|q^{(j)}\|_{L_2(l)} \leq M_q, \quad j = 1, 2, \quad (6)$$

где $M_q = M_q(l, M_\sigma, \gamma, \beta, \sigma_*)$. Пусть вектор-функция $q = (q_1, q_2, q_3)^T$, удовлетворяет системе

$$q(x,t) + Bq(x,t) = f(x,t), (x,t) \in \Delta(l). \quad (7)$$

Решение задачи $Aq = f$ предполагается, но утверждается, что существует единственное устойчивое решение для данных из окрестности точно заданных, то есть накладывается ограничение на шум во входных данных.

Для условной корректности рассматриваемой задачи, в отличие от аналогичной теоремы в [2] в нижеприведенной теореме при выводе требуемой константы в основном неравенстве использовалась не оценка вектора q , а оценки

$$\begin{aligned} \|q_1\|_{L_2(\Delta(l))}^2 &\leq 2l \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} \beta, \\ \|q_2\|_{L_2(0,l)}^2 &\leq \frac{2l}{\gamma^2} \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\}, \quad \|q_3\|_{L_2(0,l)}^2 \leq \frac{1}{\sigma_*^2} \|\sigma\|_{H_1(0,l)}^2 = \frac{1}{\sigma_*^2} M_\sigma^2. \end{aligned}$$

каждой из его компонент q_1, q_2, q_3 . В работе [2] в выкладках норма каждой компоненты оценивалась через норму вектора q , так как оценка нормы вектора q есть сумма оценок его компонент. А в данной статье, как сказано, выше, уже использовались непосредственно оценки каждой из его компонент q_1, q_2, q_3 .

Теорема Предположим, что для $f^{(j)} \in \bar{L}_2(l)$, $j=1,2$, существуют решения обратной задачи $q^{(j)} \in \bar{L}_2(l)$, $j=1,2$

$$q^{(j)}(x,t) + Bq^{(j)}(x,t) = f^{(j)}(x,t), \quad j=1,2, \quad (x,t) \in \Delta(l). \quad (8)$$

Тогда

$$\|q^{(1)} - q^{(2)}\|_{L_2(l)}^2 \leq C_1 \|f^{(1)} - f^{(2)}\|_{\bar{L}_2(l)}^2 \quad (9)$$

Здесь

$$\begin{aligned} C_1 = & \left(15 + \frac{50M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} + \frac{5lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \left(1 + \frac{5M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \right) \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right) \\ & \times \exp \left\{ \left(3l + 5\beta + \frac{25l}{\gamma^2} \right) \frac{M_\sigma^2}{\sigma_*^2} + \left(\frac{l^2}{\gamma^2} + \frac{25l^2M_\sigma^2}{2\gamma^2\sigma_*^4} + \frac{10l\beta}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right. \\ & \left. + \left(10l\beta \frac{M_\sigma^4}{\sigma_*^4} + 5l\beta + \frac{70l\beta}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} + \frac{55l^2\beta M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{5lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right\} \quad (10) \end{aligned}$$

Доказательство. Введем

$$\begin{aligned} \tilde{q}(x,t) &= (\tilde{q}_1(x,t) \tilde{q}_2(x) \tilde{q}_3(x)) = q^{(1)}(x,t) - q^{(2)}(x,t), \\ \tilde{f}(x,t) &= (\tilde{f}_1(x,t) \tilde{f}_2(x) \tilde{f}_3(x)) = f^{(1)}(x,t) - f^{(2)}(x,t), \\ (\tilde{f})'(x) &= (f^{(1)})'(x) - (f^{(2)})'(x). \end{aligned}$$

Тогда из (8) следует

$$\tilde{q}(x,t) = Bq^{(1)}(x,t) - Bq^{(2)}(x,t) = \tilde{f}(x,t), \quad (x,t) \in \Delta(l).$$

Оценим первую компоненту $\tilde{q}_1$:

$$|\tilde{q}_1(x, t)| = |\tilde{f}_1(x, t)| + \frac{1}{2} \|\tilde{q}_3\|(x) \times \left[\sqrt{\int_0^x |q_1^{(1)}(\xi, t+x-\xi)|^2 d\xi} + \sqrt{\int_0^x |q_1^{(1)}(\xi, t-x+\xi)|^2 d\xi} \right] \\ + \frac{1}{2} \|q_3^{(2)}\|(x) \left[\sqrt{\int_0^x \tilde{q}_1^{(1)}(\xi, t+x-\xi) d\xi} + \sqrt{\int_0^x \tilde{q}_1^{(2)}(\xi, t-x+\xi) d\xi} \right].$$

Учитывая, что $\left(\sum_{i=1}^n a_i\right)^2 \leq n \left(\sum_{i=1}^n a_i^2\right)$ для $a_i \geq 0$, получим

$$|\tilde{q}_1(x, t)|^2 \leq 5 |\tilde{f}_1(x, t)|^2 + \frac{5}{4} \|\tilde{q}_3\|^2(x) \times \int_0^x \left[|q_1^{(1)}(\xi, t+x-\xi)|^2 + |q_1^{(1)}(\xi, t-x+\xi)|^2 \right] d\xi \\ + \frac{4}{4} \|q_3^{(2)}\|(x) \int_0^x [\tilde{q}_1^2(\xi, t+x-\xi) + \tilde{q}_1^2(\xi, t-x+\xi)] d\xi. \quad (11)$$

Имеем

$$\|\tilde{q}_1\|^2(l, x) \leq 5 \|\tilde{f}_1\|^2(l, x) + \frac{5}{4} \int_0^x \int_{\xi}^{2l-\xi} \|\tilde{q}_3\|^2(\xi) \times \int_0^{\xi} \left[|q_1^{(1)}(\xi', \tau+\xi-\xi')|^2 + |q_1^{(1)}(\xi', \tau-\xi+\xi')|^2 \right] d\xi' \\ \times \|q_3^{(2)}\|^2(\xi) \int_0^{\xi} [\tilde{q}_1^2(\xi', \tau+\xi-\xi') + \tilde{q}_1^2(\xi', \tau-\xi+\xi')] d\xi' \Big\} d\tau d\xi \\ \leq 5 \|\tilde{f}_1\|^2(l, x) + \frac{5}{2} \int_0^x \|\tilde{q}_3\|^2(\xi) \|q_1^{(1)}\|^2(l, \xi) d\xi + \frac{5}{2} \int_0^x \|q_3^{(2)}\|^2(\xi) \|\tilde{q}_1\|^2(l, \xi) d\xi. \quad (12)$$

Оценим вторую компоненту:

$$|\tilde{q}_2(x)| \leq \frac{1}{2} \int_0^x |q_3^{(1)}(\xi) \tilde{q}_2(\xi)| d\xi + \frac{1}{2} \int_0^x |q_2^{(2)}(\xi) \tilde{q}_3(\xi)| d\xi \leq \frac{1}{2} \|q_3^{(1)}\|(x) \|\tilde{q}_2\|(x) + \frac{1}{2} \|\tilde{q}_3\|(x) \|q_2^{(2)}\|(x).$$

Следовательно,

$$\|\tilde{q}_2\|^2(x) \leq \frac{1}{2} \int_0^x \left(\|q_3^{(1)}\|^2(\xi) \|\tilde{q}_2\|^2(\xi) + \|\tilde{q}_3\|^2(\xi) \|q_2^{(2)}\|^2(\xi) \right) d\xi. \quad (13)$$

Оценим $\tilde{q}_3$:

$$|\tilde{q}_3(x)| \leq |\tilde{f}_3(x)| \left(1 + \gamma |B_2 q^{(2)}| \right) + \sum_{j=1}^4 \omega_j(x), \quad (14)$$

где

$$\omega_1(x) = \gamma |(f_3^{(1)})(x)| |B_2 q^{(1)} - B_2 q^{(2)}|, \quad \omega_2(x) = \frac{2}{\gamma} |B_4 q^{(1)} - B_4 q^{(2)}|, \\ \omega_3(x) = |B_2 q^{(1)}| \gamma \omega_2(x), \quad \omega_4(x) = 2 |B_4 q^{(2)}| |B_2 q^{(1)} - B_2 q^{(2)}|.$$

Во-первых, мы имеем

$$\omega_1(x) \leq \frac{\gamma}{2} |(f_3^{(1)})(x)| \left(\|q_3^{(1)}\|(x) \|\tilde{q}_2\|(x) + \|\tilde{q}_3\|(x) \|q_2^{(2)}\|(x) \right)$$

Во-вторых,

$$\omega_2(x) \leq \frac{2}{\gamma} \int_0^x |\tilde{q}_3(\xi) q_1^{(1)}(\xi, 2x-\xi) + q_3^{(2)}(\xi) \tilde{q}_1(\xi, 2x-\xi)| d\xi \\ \leq \frac{2}{\gamma} \left[\|\tilde{q}_3\|(x) \sqrt{\int_0^x |q_1^{(1)}(\xi, 2x-\xi)|^2 d\xi} + \|q_3^{(2)}\|(x) \sqrt{\int_0^x \tilde{q}_1^2(\xi, 2x-\xi) d\xi} \right]. \quad (15)$$

В-третьих,

$$\omega_3(x) \leq |B_2 q^{(1)}| \gamma \omega_2(x) \leq \frac{\gamma}{2} \omega_2(x) \int_0^x |q_3^{(1)}(\xi) q_2^{(1)}(\xi)| d\xi \leq \frac{\gamma}{2} \omega_2(x) \|q_3^{(1)}\|(x) \|q_2^{(1)}\|(x). \quad (16)$$

В-четвертых,

$$\omega_4(x) \leq \|q_3^{(2)}\|(x) \sqrt{\int_0^x |q_1^{(2)}(\xi, 2x - \xi)|^2 d\xi} + (\|q_3^{(1)}\|(x) \|\tilde{q}_2\|(x) + \|\tilde{q}_3\|(x) \|q_2^{(2)}\|(x)) \quad (17)$$

Принимая во внимание $\left(\sum_{i=1}^n |a_i|\right)^2 \leq n \sum_{i=1}^n |a_i|^2$, получим

$$\begin{aligned} \tilde{q}_3^2(x) &\leq 10 \tilde{f}_3^2(x) (1 + \gamma^2 |B_2 q^{(2)}|^2) + \frac{5\gamma^2}{2} |f_3^{(1)}(x)|^2 (\|q_3^{(1)}\|^2 \|\tilde{q}_2\|^2(x) + \|q_2^{(2)}\|^2 \|\tilde{q}_3\|^2(x)) \\ &+ \frac{20}{\gamma^2} \left(\|\tilde{q}_3\|^2(x) \int_0^x |q_1^{(1)}(\xi, 2x - \xi)|^2 d\xi + \|q_3^{(2)}\|^2 \int_0^x |q_1^{(2)}(\xi, 2x - \xi)|^2 d\xi \right) \times \left(1 + \frac{\gamma^2}{4} \|q_3^{(1)}\|^2 \|q_2^{(1)}\|^2 \right) \\ &+ 10 \|q_3^{(2)}\|^2 \int_0^x |q_1^{(2)}(\xi, 2x - \xi)|^2 d\xi (\|q_3^{(1)}\|^2 \|\tilde{q}_2\|^2(x) + \|q_2^{(2)}\|^2 \|\tilde{q}_3\|^2(x)). \end{aligned}$$

Таким образом, имеем

$$\begin{aligned} \|\tilde{q}_3\|^2(x) &\leq 10 \left(1 + \frac{\gamma^2}{4} \|q_3^{(2)}\|^2 \|q_2^{(2)}\|^2 \right) \|\tilde{f}_3\|^2(x) \\ &+ \frac{5\gamma^2}{2} \int_0^x |f_3^{(1)}(\xi)|^2 (\|q_3^{(1)}\|^2 \|\tilde{q}_2\|^2(\xi) + \|q_2^{(2)}\|^2 \|\tilde{q}_3\|^2(\xi)) d\xi \\ &+ \frac{20}{\gamma^2} \left(\int_0^x \|\tilde{q}_3\|^2(\xi) \int_0^\xi |q_1^{(1)}(\zeta, 2\xi - \zeta)|^2 d\zeta d\xi + \frac{1}{2} \|q_3^{(2)}\|^2 \|\tilde{q}_1\|^2(l, x) \right) \times \left(1 + \frac{\gamma^2}{4} \|q_3^{(1)}\|^2 \|q_2^{(1)}\|^2 \right) \\ &+ 10 \|q_3^{(2)}\|^2 \int_0^x (\|q_3^{(1)}\|^2 \|\tilde{q}_2\|^2(\xi) + \|q_2^{(2)}\|^2 \|\tilde{q}_3\|^2(\xi)) d\xi + \int_0^\xi |q_1^{(2)}(\zeta, 2\xi - \zeta)|^2 d\zeta d\xi. \end{aligned}$$

Для удобства обозначим

$$p_1(x) = \|\tilde{q}_1\|^2(l, x), \quad p_j(x) = \|\tilde{q}_j\|^2(x), \quad j = 2, 3, \quad x \in (0, l).$$

Введем обозначения

$$\begin{aligned} \mu_1 &= \left(10 + \frac{5\gamma^2}{2} \|q_3^{(2)}\|^2 \|q_2^{(2)}\|^2 \right), \quad \mu_2 = \left(\frac{10}{\gamma^2} + \frac{5}{2} \|q_3^{(1)}\|^2 \|q_2^{(1)}\|^2 \right) \|q_3^{(2)}\|^2, \\ \mu_3(\xi) &= \frac{5\gamma^2}{2} |f_3^{(1)}(\xi)|^2 \|q_3^{(1)}\|^2 + 10 \|q_3^{(2)}\|^2 \|q_3^{(1)}\|^2 \int_0^\xi |q_1^{(2)}(\zeta, 2\xi - \zeta)|^2 d\zeta, \\ \mu_4(\xi) &= \frac{5\gamma^2}{2} |f_3^{(1)}(\xi)|^2 \|q_2^{(2)}\|^2 + \left(\frac{20}{\gamma^2} + 5 \|q_3^{(1)}\|^2 \|q_2^{(1)}\|^2 \right) \int_0^\xi |q_1^{(1)}(\zeta, 2\xi - \zeta)|^2 d\zeta \\ &+ 10 \|q_3^{(2)}\|^2 \|q_2^{(2)}\|^2 \int_0^\xi |q_1^{(2)}(\zeta, 2\xi - \zeta)|^2 d\zeta, \end{aligned} \quad (18)$$

Введем функцию

$$P(x) = (5 + \mu_1 + 5\mu_2) \|\tilde{f}\|^2 + \int_0^x \sum_{j=1}^3 k_j(\xi) p_j(\xi) d\xi, \quad (19)$$

Следовательно [3]

$$\frac{P'(x)}{P(x)} \leq \sum_{j=1}^3 k_j(x),$$

и, применяя неравенство Гронуолла, получим

$$p(x) \leq P(x) \leq P(0) \exp \left\{ \int_0^x \sum_{j=1}^3 k_j(\xi) d\xi \right\}.$$

С другой стороны, учитывая равенство

$$\int_0^x \int_0^\xi \tilde{q}_1^2(\xi', 2\xi - \xi') d\xi' d\xi = \frac{1}{2} \int_0^x \left(\int_{\xi'}^{2x-\xi'} \tilde{q}_1^2(\xi', \zeta) d\zeta \right) d\xi' = \frac{1}{2} \|\tilde{q}_1\|^2(l, x)$$

имеем

$$k_1 \leq \frac{5M_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \left(1 + \frac{10}{\gamma^2} + \frac{5lM_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right),$$

$$\int_0^x k_2(\xi) d\xi \leq \left(\frac{l}{2} + 5\beta \right) \frac{M_\sigma^2}{\sigma_*^2} + 10\beta l \frac{M_\sigma^4}{\sigma_*^4} \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\}$$

$$\int_0^x k_3(\xi) d\xi = \frac{l}{\gamma^2} (l + 10\beta) \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} + 5l\beta \left(1 + \frac{14}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} + \frac{55l^2\beta M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{5lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\}.$$

Таким образом, получаем

$$\begin{aligned} \|\tilde{q}\|^2 = p(x) &\leq \left(15 + \frac{5lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} + \left(\frac{15}{\gamma^2} + \frac{25lM_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right) \frac{M_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right) \\ &\times \exp \left\{ \frac{5lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \left(1 + \frac{10}{\gamma^2} + \frac{5lM_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right) + \left(\frac{l}{2} + 5\beta \right) \frac{M_\sigma^2}{\sigma_*^2} + 10\beta l \frac{M_\sigma^4}{\sigma_*^4} \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} \right. \\ &+ \left. \frac{l}{\gamma^2} (l + 10\beta) \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} + 5l\beta \left(1 + \frac{14}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} + \frac{55l^2\beta M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{5lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right\} \|\tilde{f}\|^2 \\ &= \left(15 + \frac{50M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} + \frac{5lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \left(1 + \frac{5M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \right) \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right) \\ &\times \exp \left\{ \left(3l + 5\beta + \frac{25l}{\gamma^2} \right) \frac{M_\sigma^2}{\sigma_*^2} + \left(\frac{l^2}{\gamma^2} + \frac{25l^2M_\sigma^4}{2\gamma^2\sigma_*^4} + \frac{10l\beta}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right. \\ &+ \left. \left(10\beta l \frac{M_\sigma^4}{\sigma_*^4} + 5l\beta + \frac{70l\beta}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} + \frac{55l^2\beta M_\sigma^2}{\gamma^2\sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{5lM_\sigma^2}{2\sigma_*^2} \right\} \right\} \|\tilde{f}\|^2. \end{aligned}$$

Получим оценку для $\|\sigma^{(1)} - \sigma^{(2)}\|_{H^1(0,l)}$.

По лемме Гронуолла имеем

$$\|\tilde{\sigma}'\|_{L_2(0,l)}^2 \leq 3[(\sigma^{(2)}(+0))^2 + lM_\sigma^2] \|\tilde{q}_3\|_{L_2(0,l)}^2 \exp \left\{ 2l \|\tilde{q}_3^{(1)}\|_{L_2(0,l)}^2 \right\}.$$

В итоге получаем

$$\|\tilde{\sigma}'\|_{L_2(0,l)}^2 \leq 3[(\sigma^{(2)}(+0))^2 + lM_\sigma^2] \exp \left\{ \frac{2lM_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} C_1 \|f^{(1)} - f^{(2)}\|^2 \leq C_2 \|g^{(1)} - g^{(2)}\|_{H^1(0,2l)}^2,$$

(20)

где

$$C_2 = 3[c_0^2 \rho_0^2 + l M_\sigma^2] \exp \left\{ \frac{2l M_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} \left(l + \frac{2}{\gamma^2} \right) C_1.$$

Учитывая, что $\sigma^{(1)}(+0) = \sigma^{(2)}(+0)$ получим

$$\|\tilde{\sigma}\|_{L_2(0,l)}^2 \leq l \|\tilde{\sigma}'\|_{L_2(0,l)}^2 \leq l C_1 \|g^{(1)} - g^{(2)}\|_{H^1(0,2l)}^2. \quad (21)$$

Складывая оценки получим

$$\|\tilde{\sigma}\|_{H^1(0,l)}^2 \leq C \|g^{(1)} - g^{(2)}\|_{H^1(0,2l)}^2,$$

где $C = C_2(l+1)$.

3. Результаты и их обсуждение: Теорема 1.5. Пусть для $g^{(1)}, g^{(2)}$ из класса $G(l, \beta, \gamma)$ существуют $\sigma^{(1)}, \sigma^{(2)} \in \Sigma(l, M_\sigma, c_0, \rho_0, \sigma_*)$ как решения обратной задачи (1)–(4) соответственно. Тогда

$$\|\sigma^{(1)} - \sigma^{(2)}\|_{H^1(0,l)}^2 \leq C \|g^{(1)} - g^{(2)}\|_{H^1(0,2l)}^2, \quad C = C(l, M_\sigma, c_0, \rho_0, \sigma_*),$$

где

$$\begin{aligned} f^{(j)} &= (f_1^{(j)}, f_2^{(j)}, f_3^{(j)}), \\ f_1^{(j)}(x, t) &= \frac{1}{2} \left[(g^{(j)})'(t+x) - (g^{(j)})'(t-x) \right], \quad f_2^{(j)} = -\frac{1}{\gamma}, \quad f_3^{(j)}(x) = -\frac{2(g^{(j)})'(2x)}{\gamma}, \quad j=1, 2, \\ C &= 3(l+1) \left(l + \frac{2}{\gamma^2} \right) [c_0^2 \rho_0^2 + l M_\sigma^2] \exp \left\{ \frac{2l M_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} \\ &\quad \times \left(15 + \frac{50 M_\sigma^2}{\gamma^2 \sigma_*^2} + \frac{5l M_\sigma^2}{\sigma_*^2} \left(1 + \frac{5 M_\sigma^2}{\gamma^2 \sigma_*^2} \right) \exp \left\{ \frac{l M_\sigma^2}{2 \sigma_*^2} \right\} \right) \\ &\quad \times \exp \left\{ \left(3l + 5\beta + \frac{25l}{\gamma^2} \right) \frac{M_\sigma^2}{\sigma_*^2} + \left(\frac{l^2}{\gamma^2} + \frac{25l^2 M_\sigma^4}{2\gamma^2 \sigma_*^4} + \frac{10l\beta}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{l M_\sigma^2}{2 \sigma_*^2} \right\} \right\} \\ &\quad + \left(10l\beta \frac{M_\sigma^4}{\sigma_*^4} + 5l\beta + \frac{70l\beta}{\gamma^2} \right) \exp \left\{ \frac{2l M_\sigma^2}{\sigma_*^2} \right\} + \frac{55l^2 \beta M_\sigma^2}{\gamma^2 \sigma_*^2} \exp \left\{ \frac{5l M_\sigma^2}{2 \sigma_*^2} \right\}. \end{aligned}$$

4. Заключение, выводы: Для доказательства условной корректности рассматриваемой задачи, доказано теорема, где в отличие от аналогичной теоремы в [3] в вышеприведенной теореме при выводе требуемой константы в основном неравенстве использовалась не оценка вектора q , а оценки каждой из его компонент q_1, q_2, q_3 . В работе [3] в выкладках норма каждой компоненты оценивалась через норму вектора q , так как оценка нормы вектора q есть сумма оценок его компонент. А в данной работе, как сказано, выше, уже использовались непосредственно оценки каждой компоненты.

Литература:

- [1] Кабанихин С. И., Искаков К. Т. Обратные и некорректные задачи для гиперболических уравнений. - Алматы: КазНПУ имени Абая, 2007. - 330 с.
- [2] Tyulepberdinova G. A., Nurseitova A. T. The finite difference method of solving 1d inverse acoustic problem // Abstract of the 3d congress of the world mathematical society of the Turkic countries / al Farabi KazNU. – Almaty, 2009. Vol. 2, № 6. - P. 66-67.
- [3] Кабанихин С. И., Бектемесов М. А., Нурсеитова А. Т. Итерацион-

ные методы решения обратных и некорректных задач с данными на части границы. - Алматы: Международный фонд обратных задач, 2006. - 432 с.

Түйін

Бұл мақалада акустиканың кері есебінің шартты түзулігі дәлелденеді. Бұрын бізге белгілі теоремаға қарағанда, бұл жағдайда негізгі теңсіздікте қажет тұрақтыларды есептеу кезінде q векторының бағалауы емес, әрбір q_1, q_2, q_3 компонентінің бағалауы алынды. Сонымен қоса норма бағалауы кезінде де q векторы, яғни компоненттерінің қосындысы емес, әрбір q_1, q_2, q_3 компоненттерінің бағалануы пайдаланылды.

Resume

In this article the conditional correctness of a return problem of acoustics is proved. In work in calculations the norm of everyone components was estimated through norm of a vector q as the estimation of norm of a vector q is the sum of estimations its component. And in given article as it is told, estimations of each of its component were already used directly q_1, q_2, q_3 . Unlike the similar theorem proved scientists, at a conclusion of a demanded constant basically inequality used not a vector estimation q , and estimations of each of its component q_1, q_2, q_3 .

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ **ВОПРОСЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ**

ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

С.А.Жиренов –

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға
оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)*

Кілт сөздер: *білім беру жүйесі, интернет-ресурс, ақпараттандыру, үздіксіз білім, гуманитарлық сала, т.б.*

Білім беру жүйесінде интернет-ресурстарды пайдалану арқылы білім беруді жедел ақпараттандыру жағдайында гуманитарлық сала мамандарының біліктілігін көтеру технократтық заманның басты қағидаттыры деп санауға болады. Сондықтан гуманитарлық сала мамандарының біліктілігін көтеруде интернет-ресурстарды пайдалану технократтық қоғамның немесе ақпараттар тасқыны заманының талабы деп қабылдауға болады. Аталған қажеттілікті өтеу үшін гуманитарлық сала мамандарының біліктілігін көтеруде интернет технологияның көмегі қажет. Білім беруді ақпараттандыру үрдісі батыс елдерінде бұл күндері қарқынды түрде дамып кеткендігі мәлім. Ал республикамызда сондай-ақ ТМД кеңістігінде интернет-ресурстарды пайдалану жолдары жан-жақты өзара тең дәрежеде қатар даму үстінде екендігіне көз жеткізуге болады. Әлемдік және отандық білім беру мекемелерінде интернет-ресурстарды пайдалану барысында білім алушылардың ақпараттық сауаттылығын, деркезінде қажетті дереккөздерге қол жеткізу, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің басты мәселесіне айналып отыр. Ал бұл мәселе әлемдік және отандық білім беру мекемелерінде қалай жүзеге асырылып жатқандығы оқу-ағарту саласы мамандарының қай-қайсысына болмасын ой салары анық. Әсіресе, бұл мәселенің отандық білім беру мекемелерінде қалай жүзеге асырылып жатқандығы осы бағыттағы мамандардың бүгінгі таңдағы күн тәртібіндегі басты мәселеге айналғандығын байқауға болады.

Қоғамдық өмірдегі есептеу техникасы құралдарының дамып жетілуі олардың кеңінен таралуына жол ашты. Бұл күндері әр саланы есептеу техникасы құралдарынсыз елестету мүмкін емес жағдайға жеткендігі мәлім. Өткен ғасырда есептеу техникасы құралдары көбіне көп жаратылыстану ғылым салаларында көбірек қолданыста болса, жаңа ғасырдан бастап гуманитарлық салада кеңінен өріс алғандығы белгілі. Білім беру жүйесінде есептеу техникасы құралдарының кеңінен қолданыс табуы оқушы мен оқытушыға да тиімді болғандығы соншалық бүтіндей оқу үдерісіне компьютерлік технология дендеп енуде. Бүгінгі таңдағы гуманитарлық сала

мамандарын дайындау барысында тек бір ғана саланы меңгеріп қана қоймай, жаңа педагогикалық технологияларды соның ішінде интернет-ресурстарды пайдалану арқылы компьютерлік технологияны жете меңгерген маман иелері қажет. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу жүйесінде пайдалануға қатысты әлемдік және отандық әдістеме ғылымында көптеген педагогикалық ізденістер мен ғылыми-әдістемелік еңбектер туындауда. Интернет технологияның қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге арналған көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілу үстінде.

Бүгінгі таңдағы ақпараттану жағдайында гуманитарлық сала мамандарының интеллектуалдық әлеуетін жетілдіру арқылы, болашақ маманның өзіндік жеке тұлғасын қалыптастырып, технократты қоғам үдерісіне ілесе білуде, оның ақпарат ағымында көкжиегін дұрыс болжай білуіне ақпараттық-қатынасқа негізделген компьютерлік технологияларды, соның ішінде интернет-ресурстарды пайдаланудың маңызы зор екендігі бұл күндері дәлелденгенбасы ашық аксиома. Интернет-ресурстарды оқу жүйесінде пайдалану оқушы мен оқытушы үшін жансыз әреттестік болғанымен, оқушының дербес жұмыс жасауына, кейіннен көпшілік арқылы (интернет форум) бір байламға келуі өз-өзіне деген сенімділікті оятады. Білім беру жүйесіндегі оқушының көп жағдайда өз-өзіне деген сенімінің жоқтығын байқауға болады. Ал бұл қасиет болашақ тұлғаның басты психологиялық кемшіліктерінің бірі болып саналады. Мұны жоюға оқушы мен оқытушының қашықтықта интернет-ресурстар арқылы жұмыс жасауы өзіндік ықпал етеді.

Әлемдік әдістеме ілімінде жалпы оқу үрдісін ақпараттандыру мен компьютерлендіру мәселесіне қатысты С.А.Бешенков, Б.С.Гершунский, А.П.Ершов, М.П.Лапчик, В.В.Лукин, Е.А.Машбиц, В.М.Монахов, И.В.Роберт, П.Ю.Дик, Ю.В.Ээльмаа, С.Н.Конева, А.Л.Муховиков т.б. көптеген ғалымдардың еңбектері дүниеге келсе, отандық ғылымда Е.Ы.Бидайбеков, С.С.Құнанбаева, Б.Б.Баймұханов, Г.Қ.Нұрғалиева, Ә.Т.Чакликова, Н.Ғ.Даумов, Г.Б.Таутаева, т.б. көптеген зерттеушілер әр тарапты ғылыми әдістемелік зертеу жұмыстарын жүргізді.

Бүгінгі таңдағы білім беру жүйесінде оқытушы студенттерге тек білім беріп қана қоймай, олардың бойына заман талабына сай компьютерлік бағдарламалар мен өзге де техникалық мәліметтермен хабардар етуі тиіс. Оқу үдерісі барысында оқытушы мен студент тұрақты педагогикалық қатынаста болуына интернет желінің тиімділігі бар. Мұнда ақпараттық-коммуникациялық білім беру студенттің өзіне қолайлы және тиімді білім алуға деген құштарлығын қанағаттандыру мүмкіндігін тудырады.

«Қоғамның күрделі тіршілік әрекеті компьютерлік ақпараттық технологияның пайда болуына ықпал етіп, «Интернет» ұғымын өмірге енгізді. Интернет сөзі тікелей мағынасында халықаралық желі дегенді білдіреді (INTERnational NETwork). Интернет – бұл дүниежүзіндегі компьютерлер мен серверлер жиынтығы, ал қол жеткізуге болатын ақпарат көлемін тіпті бағалаудың өзі қиынға түседі. Бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағында орналасқан желілер ғаламдық деп аталады. Интернет –

миллиондаған компьютерлерді бір алып желіге біріктіретін, ақпаратқа шексіз қол жеткізу және түрлі амалдармен қатынас жасау мүмкіндігін ұсынатын дүние жүзіндегі ең үлкен және ең танымал желі» [1, 10].

Жоғары оқу орындары гуманитарлық сала мамандарының кәсіптік біліктілігін күшейту үшін қазіргі кездегі компьютерлік технологиялар арқылы оқыту замана талабы болып саналады. Бүгінгі таңдағы білім беру үдерісінде интернет желілерді пайдалану арқылы, жедел академиялық ақпараттарды интернет-ресурстардың коммуникациялық мүмкіндіктері нәтижесінде қол жеткізуге болады. Ал бұл дегеніміз интернет-ресурстардың басты артықшылығы болып табылады. Бүгінгі таңдағы әр алуан интернет сайттарының жарыса желілік кеңістікке шығуы, оқушы мен оқытушы үшін тиімді болса, желілік кеңістікте өзара қатаң бәсекелестіктің қарқынды түрде жүріп жатқандығын байқауға болады. Интернет кеңістіктегі бәсекелестік қажетті дереккөздердің көптігі сапалы материалдардың ұсынылуына алып келсе, оқушы мен оқытушы үшін қажетті білімді қамтамасыз ететін нақты алғы шарттар болып табылады. Осы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалану арқылы студенттер білім саласындағы ескі де жаңа дереккөздермен қатар танысу арқылы өз білімінің көкжиегін кеңіте алады. Білім беру жүйесіндегі бұл мақсаттың жүзеге асуына ақпараттық-коммуникациялық технологияның берері орасан зор болып табылады. Интернет-ресурстардағы дереккөздердің толықтырылуын жүзеге асыруда көптеген оқулықтардың электронды вариантқа жаппай аударылуы уақыт сұранысынан туған қажеттілік болып отыр.

Әлемдік және отандық білім беру мекемелерінде интернет-ресурстарды пайдалану арқылы студенттердің шығармашылық және танымдық қабілетін жетілдіруге ықпал етеді. Онда негізінен интернет-ресурстарды игеруде электронды кітапхана қоры ретінде пайдаланса, білімді жетілдіруші қайнардың рөлін жақсы атқара алатындығы ғылымда дәлелденген. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы жұмыс жасау компьютерлік технология мен оқушының өзара әрекеттесуі қызғылықты процесті тудырады.

Білім беру мекемелерінде әсіресе жоғары оқу орындары гуманитарлық сала мамандарын бүгінгі күн талабына сай даярлаудағы басты назарда ұстайтын мәселелердің бірі олардың интернет технологияларды жетік меңгеруі болып табылады. Жалпы болашақ мамандар өзінің келешек кәсібіне қатысты интернет технологиялардың тиімділігі мен оны пайдалану жолдарын жоғары оқу орнында оқып жүргенде негізгі базасын игеруі қажет.

Болашақ мамандардың интернет технологияларды оқу жүйесінде пайдаланудағы тиімділігі танымдық ақпараттармен жедел танысуға, олардың қажеттілігі туралы да форумдағы мәліметтерді қатар алуы өзіндік пікір қалыптастыруына септігін тигізеді.

«Педагогикалық информатика облысында аса перспективті бағыт – адамзаттың творчестволық қабілетін дамыту үшін АКТ құралдарын қолдану. Соңғы жылдары адамзаттың өнерге деген қабілетін дамытуға бағытталған компьютерлік графика мен когнитивті технологияларды қолдану бұл есепті шешу үшін мұнда жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Есептеу техникасы мен

жаңа технологияның дамуы, олардың қолданылуы білімді түрлі формаларда (текстік, графикалық, дыбыстық, динамикалық) көрсетудің сапалы жаңа мүмкіндіктеріне әкеп соқты.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру қарқынының соңғы жылда үдеуі бақылауды қажет етпейтін үдеріс электрондық оқулықтарды жасау, оқыту бағдаламалары, тренажерлар, әртүрлі тасымалдауыштардағы білім беретін және дамытатын бағдарламалар, соның ішінде білім алушылар арасында үлкен сұранысқа ие желілік бағдарламаларды тудырды.

Осыған байланысты білім беру саласында қолдану үшін кеңес берілетін сертификаттан компьютерлік оқу бағдарламаларының қорлары ерекше маңызды дамуына ие болады. Мұндай қорлар жасалған және жеткілікті белсенді қолданылады, негізгі міндеттері білім беру үдерісін басқару және орта білім беру пәндерінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу және насихаттау болып табылады» [2, 7-9].

Әдемдегі және алыс-жақын шетелдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқу жүйесін ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде компьютерлік технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде интернет-ресурстарды пайдалану ісі қарқынды түрде қолға алынып келеді. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы білім алушылардың бойына білім, білік, дағды секілді бірліктермен қатар, аталған көрсеткіштердің сапасын арттыруға, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді жолдарына қол жеткізуге болады.

Білім беру жүйесінде интернет-ресурстарды пайдалану білім алушылар үшін, қажетінше жан-жақты білім алуына жағдай жасайды. Оқу үдерісінде компьютерлік, телекоммуникациялық техника мен технологияларды пайдалану арқылы, студенттер компьютерлік технологияларды меңгеріп қана қоймайды. Сонымен қатар олар жазу-сызу секілді дағдыларды қатар меңгеріп, өзбетінше білімімін толықтырады.

Компьютерлік технология оқытушы үшін қосымша техникалық құрал болса, оқушы үшін әртүрлі анықтамалық мәліметтер мен ақпараттар беретін энциклопедиялық база деп тануға болады. Компьютерлік технологияда оқытушы көп нәрсеге араласпай-ақ, оқушылар өздеріне қажетті деректер мен ақпараттарды ала алады. Алайда компьютерлік технология оқытушының орнын алмастыра алмайды. Оқытушы қай кезде де негізгі тұлға болып қала беретіндігі әдістеме ғылымында дәлелденген. Әлемдік және отандық әдістеме ғылымында интернет-ресурстарды пайдалану арқылы оқушы өзіне қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды пайдалану арқылы уақыт үнемдейді, өзіне қажетті деректің жан-жақты ақпараттық толықтығын жоғарылатады. Сондай-ақ ақпараттық-анықтамалық жүйе құрамында электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік алатындығы дәлелденген.

Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы оқушының шығармашылық-интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін кеңейте отырып, шынайы өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік

туғызады. Жалпы компьютерлік технологияның дидактикалық мүмкіндіктерін педагогикалық мақсаттарға пайдалану, білім мазмұнын анықтауда, оқыту формалары мен әдістерін жетілдіруге оңды әсерін тигізеді.

XXI ғасыр ғылым технократизмге бет бұрған ғасыр болып табылады. Сондықтан жас ұрпаққа технократты негізде жас буынға компьютерлік технология арқылы жаңаша білім беру барысында көптеген өзгерістердің (қашықтықтан білім беру, электронды оқу құралдары, т.б.) жүріп жатыр. Педагогикалық жүйеде жеке тұлға қалыптастыру, яғни, білімді, интеллектуалды тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі басты мәселе болып табылады. Интернет-ресурстарды пайдалану арқылы білім беру – интеллектуалды тұлға дамуын жүзеге асырушы фактор болып табылады. Жалпы әдістеме ғылымындағы оқыту тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістер үздіксіз жүріп отыратындығы, сол арқылы педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен дамыту ісі және тәжірибиеде қолдану тиімді әсерін тигізері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Таутаева Г.Б. Бастауыш мектепте Интернет-ресурстарды пайдаланудың әдістемесі. Пед. ғыл. канд. автореферат.: 13.00.02. -Алматы: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, 2010. –33 б.

Резюме

В статье всесторонне изучается вопрос обучения с использованием интернет-ресурсов в мировой и отечественной системе образования. Автор отмечает, что в условиях современной информатизации повышение квалификации специалистов гуманитарной сферы является одним из главных принципов технократной эпохи. Проведен научный обзор требований технократного общества или эпохи потока информации по использованию интернет-ресурсов в повышении квалификации специалистов гуманитарной сферы.

Resume

In article the training question with use of Internet resources in a world and domestic education system is comprehensively studied. The author marks out that in the conditions of modern informatization professional development of experts of the humanitarian sphere is one of the main principles of a tekhnokratny era. The scientific review of requirements of tekhnokranny society or era of a flow of information on use of Internet resources in professional development of experts of the humanitarian sphere is carried out.

КӘСІБИ ФИЛОЛОГ МАМАН ДАЯРЛАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНЫҢ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Е.С.Қасенов -

*Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға
оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)*

Еліміздің дербес ел ретінде танылып, егемендік алуы мәдени, рухани құндылықтарды қайта қарап, қажеттісін елеп алуына мүмкіндік берді. Бұрыннан қалыптасып қалған қасаң жүйелерге жаңаша қарап, реформа жасауға түрткі болды. Соның бірі – қазақ тілінің жазу жүйесі болатын. Ел егемендігін жариялаған күннің өзінде зиялы қауым өкілдері тіл бодандығынан азат болу үшін қазақ әліпбиін құранды, емле ережелерінің аралас болуы мен орфографиясының екітілділігінен құтқару, жазудың ұлттық сипатын өзіне қайтару керек екендігін жете сезініп, баспасөз беттерінде өз ойларын ауық-ауық ортаға салды. Ал бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы ретінде латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу болып табылды. 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев: “Латын әліпбиін қарайтын кез келді. Бұл мәселені кезінде кейінге қалдырған едік. Қалай болғанда да, латын әліпбиі бүгін де телекоммуникациялық салаларда басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан да, бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігінің латын әліпбиіне көшуі де кездейсоқ емес. Мамандар осы мәселені зерттеп, нақты ұсыныстарын жасауы тиіс. Біздің балаларымызды ағылшын тілінде оқытудың өзі латын әліпбиімен байланысты. Ал біз қазір барлық мектептерде ағылшын тілін оқытамыз. Сондықтан мұнда тұрған қорқынышты ештеңе жоқ”, – деген болатын[1]. Араға алты жыл салып Елбасы осы мәселені тағы көтерді, көтеріп қана қойған жоқ, “Қазақстан – 2050” Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты” атты Қазақстан халқына Жолдауында латын әліпбиіне көшу мәселесін ортаға салып, нақты уақытына дейін белгілеп берді. Мемлекет басшысы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп атап көрсетті[2]. Бұл – Елбасының 2025 жылға дейін қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге ауыстыру туралы Жолдаудағы ел алдына қойған мақсат-тапсырмасы. Елбасы алдымызға қойып отырған бұл мәселені ойдағыдай шешу қазақ тілін, оның ұлттық жазуын дамытуда ерекше маңызға ие. «Әліпби ауыстыру – қазақ жазуына реформа жасаудың алғы

шарты және ең төте жолы болып табылады»[3]. Жалпы әлемдік елдермен бәсекеге түсуде елімізге керек басты қарудың бірі – латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы болса керек. Әлемдегі басқа ұлттармен бәсекеге түсуде қазақ ұлтына қажетті нәрсе жалпы зияткерлік мен әлемдік деңгейдегі білім[4]. Сондықтан біз бұл мәселеге ерекше мән беруге тиіспіз. Себебі латын әліпбиі бүгінде жеке елдердің шеңберінен шығып, халықаралық деңгейге көтерілді. Осымен байланысты латын қарпіне көшу – тілдік тұтастығымызға, оны сақтауымызға, тіліміздің өзінің жаңаша бір жаңғыруына жол ашары даусыз. «Мақсат – қазақ әліпбиін ұлттық үлгіге түсіру, мазмұн – қазақ сөзінің айтылым-жазылым үйлесімін орнықтыру»[3]. Сөзіміздің дәлелі ретінде латын әліпбиіне көшуге себеп болатын бірнеше факторларды атап айтуға болады. Ең алдымен, латын қарпіне көшу – **қажеттілік**. Идеологиялық қысымда қалып, қоғамдық қызметі әлсіреген қазақ тілінің әлеуметтік беделін көтеру, қоғамдық қызметін өрістетуге аса қажет болды.

Қазіргі заманғы жаңа компьютерлік технологиялар талаптар үдесінен шығу латын графикасынсыз мүмкін болмай тұр. Ақпарат алу, белгілі бір компьютер бағдарламаларының тілін оқу, ақпарат жіберу, т.б. тек латын тілі арқылы жүзеге асырылуда. Компьютерлік техникалардың құрал аспаптардың көпшілігі латын тілінде жұмыс істейді. Ғаламтор мен ұялы байланысты пайдаланушылар, әсіресе, бүгінгі жас буын өкілдері латын әліпбиін әлдеқашан пайдаланып та жүр. Сондықтан қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін үндестік заңдылығын жоғалтып алмайтындай қағиданы ұстанған жан-жақты ойластырылған әліпби жасап шығару – тіл мамандарына қойылып отырған талап. Шетелдермен қарым-қатынасты кеңейте түсу; елдегі ғылым-білім, заманауи технологиялық ілгерілеушіліктің даму қарқынымен байланысты жедел ақпарат алысу мөлшері бұрын-соңды болмаған көлемде ұлғая түсіп, көптеген елде, әсіресе дамыған елдерде ақпараттық технологияның қазіргі замандағы озық үлгісі – компьютерлік техника, бағдарламалар арқылы жолға қойылған. Қазіргі заманда дүниежүзінде өмірдің барлық саласында өзара ақпарат алмасу латын графикасымен жасақталған компьютерлердің көмегімен жүзеге асып отырғаны мәлім. Латын графикасымен жасақталған бүкіләлемдік компьютер жүйесі (Интернет) жұмыс істеп жатыр. Осы коммуникациялық кеңістікке біздің мемлекеттік тіліміз де өзіндік жазу сипатымен кіруге тиіс. Онсыз қазіргі заманда ұлттық тіліміздің ұлттық жазуымыздың абыройы артып, беделі көтерілмейді. Осындай мәдени-әлеуметтік мәртебелі іске атсалысып қызмет еткен тілдің де мәртебесі арта береді. Міне, мұның өзі еліміздегі информациялық технологияны, сонымен қатар әліпбиімізді, ұлттық жазу-сызуымызды әлем мойындаған лингвистикалық үлгіге жақындата түсудің жолын қаратуға түрткі болып отыр. Бұл – әліпби таңдауға, жазу-сызуды реформалауға себеп болып отырған факторлардың ішіндегі ең бастысы.

Екіншіден, латын қарпіне көшу – **әлемдік бәсекеге қабілеттілік**. Латын қарпіне көшу – бүгінгі жоғары оқу орындарында білім алып жатқан, білім алатын кәсіби филолог мамандарды әлемдік өркениет жетістіктеріне алып

баратын бірден бір төте жол. Латын әліпбиіне көшу арқылы кәсіби филолог мамандардың түрік әлемімен байланысы одан әрі арта түседі. Еліміздің мемлекеттік мәртебесіне зор ықпал етеді. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдетеді. Тіпті өзге ұлттардың да қазақ тілін оқуға зерттеуге деген сұранысын туғызуы әбден мүмкін.

Латын әліпбиіне көшу нәтижесінде кәсіби филолог мамандардың ақпарат және телекоммуникациялық саладағы қолжетімділігі арта түседі. Кәсіби филолог мамандардың ғылым әлеміне дендеп енуіне мүмкіндік береді. Жаңа көркем, ғылыми және философиялық әдебиет орта ғасырлардағы Еуропада көп уақыт аралығында латын тілінде жазылған. Дипломатия және халықаралық құқықтың көптеген терминдері латын тілінен алынған немесе соның негізінде қалыптасқан. Гуманитарлық және табиғи ғылымдарда латын тілі өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді. Қайта өрлеу және Жаңа заман дәуірінде көптеген грек авторларының мәтіндері латын тіліне аударылды. Философтардың шығармалары латынша жазылды. Латынды білу және бұл тілде нақты өз ойларын латын терминологиясы арқылы жеткізе алу бұл дәуірдің ірі ғылымдарына түгел тән еді. Католик шіркеуі латын тілін ресми тіл орнына пайдаланады. Латын тілінде Ватиканның құжаттары жүргізіледі және Рим папасының хаттары жазылады. Анатомия мен фармакологияда латын тілі жеке орын алады. Адамның мүшелерінің әрқайсысы латын тілінде аталған. Дәрілердің атаулары да латын тілінде. Латын тілін білмей, мәдениетті және білімді адамдармен қатынасуға мүмкіндік болған жоқ. Сондықтан латын тілі білімнің негізі болды. Ол халықаралық “ғылыми тіл” болып қалды.

Әлем халықтарының басым бөлігі латын әрпін қолданып отырғандығы белгілі. Олай болса, әліпби ауыстыру бұл ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады. Сондықтан осындай мемлекеттік маңызы бар іске атсалысу барысында кәсіби филолог маман даярлауға үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін, үндестік заңдылығын жоғалтып алмайтындай қағиданы ұстанған, жан-жақты ойластырылған әліпби жасап шығару – тіл мамандарына қойылып отырған талап. Ал жасалған латын әліпбиі негізінде кәсіби филолог маман даярлаудың мән-маңызы орасан. Олар – осы уақытқа дейін жазылған бүкіл әдеби, ғылыми мұраларымызды латын әрпінде тануға үлкен мүмкіндік туғызатын маман иелері. Ұлт құндылықтарын латын әрпінде таныған ұрпақтарымыз еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі. Сондықтан тілдік тұтастықтың ұлғаюына, тіліміздің жаңаша бір бағытта жаңғыруына септігін тигізетін латын графикасына көшу барысында оны келешек ұрпаққа үйрететін, оның тиімді жолдарын үнемі қолданысқа енгізіп отыратын кәсіби филолог маман даярлау – кезек күттірмейтін мәселе.

Әлемдік кеңістіктен қазақ тілінің лайықты орын алуы, еліміздің дүниежүзілік өзге де өресі биік өркениетті елдерімен аралас-құралас болуы, олардың, әсіресе техника, жаңартпа технология саласында ілгерілеушілікке (прогреске) қол жеткізген табыстары, адамзат ақыл-ойының жемістеріне

еліміздің де азаматтары қол жеткізе алатындай, өз игілігіне тұтына алатындай мүмкіндіктер жасауға латын графикасы өзіндік септігін тигізсе, осы графика негізінде даярланған кәсіби филолог мамандар ұлт тілінің нығаюы жолында үлес қосады.

Латын графикасы көшу барысында мынадай қиындықтар кезігетіні анық:

- 1) қазақ ұлтының «сауатсыз» болып қалатындай жағдай туындайды;
- 2) басқа ұлттардың түсінбестігі туатыны анық;
- 3) орфографиялық нормалар тұтасымен өзгеретіні барлық халыққа қиындық туғызады;
- 4) ұлт тарихы, мәдениеті жазылған рухани мол мұрасы болашақ ұрпақтың жылдамырақ оқып-түсінуіне кедергі болады. Ал осы мәселелердің оңтайлы жолмен шешілуінде кәсіби филолог мамандардың ықпалы ерекше болмақ.

Сол себепті зияткерлік ұлтты қалыптастыру мен ұлт тілін нығайту жолында кәсіби филолог маман даярлау аса қажет. Латын әліпбиі негізінде даярланған кәсіби филолог мамандар қазақтың болашақ таза қазақтық ұлтын қалыптастыруда зор үлес қосады. «Ал латын әліпбиіне көшу барысында мынадай жақсылықтарға жетеміз:

- 1) қазақ тілінің басты үш дыбыстық заңы, атап айтқанда, буын үндестік заңы, дыбыс үндестік заңы, ерін үндестік заңы бұзылудан сақталады;
- 2) акцент пайда болып, дұрыс интонация нығая бастайды;
- 3) кірме лексика, терминдер сөздер үндестік заңдарына бағынады, мәселен: *стартер – сартер*.
- 4) бірінші кластан бастап балалардың басын ауыртып келе жатқан, емлетануда қиындық туғызып жүрген, қазақ сөздерінде ешқашан дыбысталмайтын және болмайтын басы артық 16 әріптен құтыламыз.
- 5) сөйлеу мәдениеті көтеріліп, орфоэпиялық нормалар орфографиялық нормаларды ығыстыра бастайды, соның негізінде зияткерлік ұлт негізі қалыптаса бастайды.
- 6) латын әліпбиін меңгеру ақпараттық кеңістікке шығуды жеңілдетеді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашады.
- 7) басқа елде тұратын қандастарымызға өз тілінде ақпарат алуды жеңілдетеді»[4].

Латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақстанның түрік әлемімен байланысы одан әрі арта түседі. Еліміздің мемлекеттік мәртебесіне зор ықпал етеді. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдете түседі. Жалпы түрік халықтарымен бірге болудың бір үлкен жолы – ортақ әліпбиде жүру. Болашақта түрік халықтарының жазудағы бірлігі сақталатын болса, негізгі мақсаттарымыздың орындалғаны болып табылады. Жаһандану кезеңіне аяқ басқан ұлы көшкеруенінің соңында қалып қоймай, бел ортасында жүруіміз үшін тіліміздің өркендеуіне үлес қосу – еліміздің әрбір азаматына жүктелер жауапкершілік.

Қазақстан Президенті тарапынан ұсынылған жана доктрина бойынша, Мемлекеттік тіл Қазақстан халқының қолданыс тіліне айналуы тиіс. Елбасы

Нұрсұлтан Назарбаевтың іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру мәселесінің еліміздің көпшілік аймақтарында шешілмегені туралы кездейсоқ айтпағаны анық. Мұның ең басты себебі – іс қағаздарын жазуда, жеткізуде қолданылатын технологиялардағы қазақ тілінің шектеулілігінде. Дегенмен, кез келген қиындықтан шығар жол болады. Ол – латын әліпбиіне көшу. Латын әліпбиіне көшу бізге рухани да, экономикалық та пайда әкелері сөзсіз! Бір жағынан латын әліпбиіне көшу тілімізді қайта жаңғыртуға септігін тигізсе, екіншіден, жаңа заманға сай болуымызға жетелейді. Дәлірек айтсақ, елімізді Еуропа елдеріне тағы бір қадам жақындастыра түсіп, заманауи технологияны пайдалануға жеңілдік береді.

Латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің өрістеуіне, қолданысының кеңеюіне жол ашады. Біле білсек, бұл – тарихи маңызы зор қадам. Латынға көшудің келешегіміз үшін де, тіліміздің өркендеуі үшін де, өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін де алар орны ерекше. Ел бірлігі ең асыл қасиет болатын болса, елімізді біріктіретін оның тілі мен әліпбиі болуға тиіс. Осы тұрғыдан алғанда қазақ тілінің тазалығын сақтауға ықпал ететін латынға көшудің қажеттілігі туындап отыр. Сонымен латын графикасы негізінде даярланған кәсіби филолог мамандар қазақ тілінің әлемдік ақпарат кеңістігіне кіруіне көмектеседі, қазақ тілінің дәрежесін мемлекеттік тіл ретінде күшейтуге атсалысады, Түркі халықтарының достық қатынасын нығайтуда септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2006 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясы. Егемен Қазақстан газеті. 2006 ж.
2. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>.
3. Жүнісбек Ә. Әліпбидің әңгімесі. <http://www.tilmaydan.kz/?p=1655>.
4. Хасанов Ғ.Қ. Латын әліпбиіне көшу – тіл реформасының бір сатысы. <http://www.kyzdaralemi.kz/adistemelik-burish/192-2013-04-01-19-03-22.html>.

Резюме

В данной статье подробно рассматривается роль и важность латинской графики. В переходе в латинскую графику были охвачены ряд трудностей и особенностей.

Summary

In this article a role and importance of the Latin graphic arts are examined in detail. In passing to the Latin graphic arts the row of difficulties and features was overcome.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Ш.Ә.Ақбаева - Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)

Ключевые слова: мировоззрение, изобразительное искусство, космогония, национальное, познание, мир, композиция, эстетика, традиция.

Keywords: vision, fine arts, cosmogony, national, knowledge, world, composition, aesthetics, tradition.

Халқымыздың ұлттық санасының оянып, рухани тұрғыда дамуын қайтадан жандануы соңғы кездері жан-жақты сипат алып келеді. Күнделікті өмірде адамдармен қарым қатынас орнатудағы, тұрмыс - салтымызды сақтаудағы ұлттық қалыптасудың көптеген белгілері күннен күнге анық көріне түсуде. Бүгінгі таңда тілін ұмытып, діннен безген жас ұрпақты оң жолға бағыттаудың, оларға тәлім - тәрбие берудің қажеттілігін өмірдің өзі көрсетіп тұр. Ұлттың болашағын ойлаған қазақ зиялылары мен ұстаздар қауымы жастарды халқымыздың ежелден келе жатқан үлгі - өнегесі бойынша тәрбиелеудің қажеттілігіне басты назар аударуда.

Сөздің құдіретті күшін қадір тұту, аталы сөзге тоқтау, өнерді жалғастыру дәстүрі де педагогиканың ежелгі қағидасы. Өнер иесі атанған адамдардың жақсы қасиеттерін бағалау да тарихи мұра ретінде саналған. Халықтың тұрмыста пайдаланып жүрген тамаша ою-өрнектер мен әшекейлері-адам ойы мен қабілетінің зор нәтижесі. Тұрмыс заттарының бетінде бейнеленген бұл өнердің тәрбиелік ерекшелігі әлі толық зерттелген жоқ. Халық: «Баланы-жастан» деп бекер айтпаған. Түрлі отырыстарда, бас қосуларда үлкен адамдардың жақсы ісін, еліне сіңірген еңбегін, мінез-құлқын жастарға үлгі-өнеге еткен. Жаманнан жирендіріп, жақсыға жақындатып отырған.

Бала тәрбиесі туралы бабаларымыздың өсиет сөздерінде жастайынан ұл-қыздарының құлақтарына құйып, тәрбие ретінде қолданған. Мысалы: «Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, сонан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға баулу», «Ұл-қызынды бес жасқа дейін хандай көтер, он беске келгенше құлдай жұмса, одан соң құрбындай көріп ақылдас» –деген екен.

Адамның жеке тұлға болып қалыптасу мәселелеріне әлемнің көптеген ойшылдары атсалысты, сан алуан тұжырымдамалар мен анықтамалар беріп, зерттеп, өздерінің ақыл-ойларымен бөлісті. Осыған сәйкес, зерттеу пәні ретінде орта мектеп оқушылардың көркемдік дүниетанымын қалыптастырудың сипаттамасын анықтау мақсатында философиялық,

психологиялық-педагогикалық еңбектерді қарастырып, зерттеп, оларға талдау жұмыстарын жүргіздік.

Ежелгі кезеңдерден бері адамзаттың асылдары мен ойшылдарының көп толғандырған адам мәселесі – қазіргі біздің заманымыздың да ең өзекті мәселесі. Ұлы ғұламалардың, ойшылдардың дүниені танып, білудегі күрделі ұғымдар туралы ойларында келешек өскелең ұрпаққа берілетін сарқылмас мол қазына жатыр.

Дүниетанымдық ұғымдардың негізінде ұлттық дүниетаным тұр. Дүниетанымды қалыптастыру мәселесін зерттеуге кірісер алдында, «дүниетаным» феноменінің жалпы алғандағы өзіндік ерекшелігі мен мән-маңызын анықтап алу қажет деп есептейміз. Дүниетанымның анықталуы дүниеге көзқарас, яғни адамның тіршілік болмысынан пайда болған қоғамдық-тарихи құбылысымен тығыз байланыста болады. Адамның әрбір таихи кезеңдерде табиғат, ондағы құбылыстар, өмір, тіршілік, тұрмыс туралы өзіндік көзқарасы, түсінік-пайымдаулары болады. Дүниетаным адам, қоршаған орта, таиғатқа деген философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарды білдіреді. Дүниетанымның барлық жүйесінің негізін философиялық көзқарас пен сенім құрайды.

Дүниетанымның негізін көне грек философтары Демокрит, Платон, Аристотель салды Одан кейін Ф. Бэкон, Р. Декарт, Дж.Локк, Д. Спиноза, И. Кант, Г. Гегель сияқты ғұлама ғалымдар ары қарай зерттеп, дамытты.

Демокрит дүниені тану туралы ауқымды проблемалар көтерді. Оның ойынша, дүниетаным алдымен сезімділіктен бастау алады деп, көрсетті. И.Канттың пікірі бойынша да, дүниетаным – «гетерогенді» жасалым. Дүниетаным қалыптасуына жеке тұлғаның эстетикалық, шығармашылық аспектілерімен өзара қатынастары жайлы, оның ой пікірлері ерекше құнды болып табылады. Осы ойды қолдай және жетілдіре отырып, философтар кейінгі уақытта да жеке тұлғаның дүниетанымдық санасының осы көп жоспарлылығын, «полифониялылығын» (көп дауыстылығын), оның тек теориялық қана емес, сонымен қатар рухани практикалық сипатқа ие екендігін баса айтады [1].

Дүниетанымның ең негізгі ұғымы – дүние. «Дүние» араб сөзі. Ол көп ұғымдарды білдіреді, ең негізгілері – өмір, тіршілік ретінде түсіндірілсе, енді бірінде қоршаған орта, табиғат, әлем ретінде түсіндіріледі. Дүниетаным құрылымы, ғалымдардың пікіріне сүйенсек, мына түсініктерден тұрады: көзқарастар, білімдер, пікірлер. Көзқарастар белгілі бір ұстанымды бағытты білдірсе, білім жеке адамның қоршаған ортадағы әртүрі жүйелер мен құбылыстарды бағалауы, қатынасы, ал пікірлер адамға осы көзқарастардың тек дүниетаным мәселелеріне ғана емес, сонымен бірге өзінің өмірлік мақсаттарын қоюы мен жүзеге асуында да мүмкін және мақсатқа сәйкес болатындығы жайлы мәселені шешуге жол береді. Дүниетаным –дүние және тану деп аталатын екі бөлімнен тұрады. Қоршаған ортаны білу – танымға байланысты. Таным –адам санасын дамытудың негізгі және ол арқылы адам өзін қоршаған ортаны игеруге де үйренеді.

Дүниетаным ұғымдарының өзегіне ұлттық дүниетаным жатады. Соған сәйкес, шығыс ойшылдары Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яссауи, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ұлықбек, Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов т.б. дүниетаным табиғатын ашуға маңызды үлес қосты.

Қорқыт дүниетанымын ел аузында сақталған аңыз әңгімелерден танып білуге болады. М.Әуезов «..Қорқыт өлмеудің амалын өнерден табады» деп жазады [2].

Шығыс философы Әбу Насыр Әл-Фараби - тарихымыздағы ұлы тұлғаларымыздың бірі. Ол жасаған қорытындының басты түйіні білім, мейірбандық, сұлулық - осы үшеуінің бірлігінде. Ақыл-ой мен білімнің жоғарғы мәнін дәріптей отырып, көркемдік өмір шындығының өзіне тән қасиет ол әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі дей келе көркемдік адамның денесімен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп санады.

Әл Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этникалық, көркемдік, дүниетанымдық мәселелерге көңіл бөліп, бақыт, сұлулық, мейірбандық білім категорияларының бағытын көрсетіп, негізін дәлелдеп берген [3].

Халық философиясы дүниетанымы Асан қайғы, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұхар жырау, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай т.б. ұлы тұлғалар ел тағдырын толғаған кемеңгерлер арқылы дамыды. Қазақ ақын жырауларының дүниетанымына талдау жасайтын болсақ, Шалкиіз жырау – дана, ақылдылығымын ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шыға білген.

Дүниетанымның анықталуы дүниеге көзқарас, яғни адамның тіршілік болмысынан пайда болған қоғамдық-тарихи құбылысының байланыста болады. Адамның әрбір таихи кезеңдерде табиғат, ондағы құбылыстар, өмір, тіршілік, тұрмыс туралы өзіндік көзқарасы, түсінік-ұғынулары болады. Адамзат санасының, дүниетанымының қажетті бөлігі де – осы дүниеге көзқарас болып табылады. Дүниетаным адам, қоғам, таиғатқа деген философиялық, ғылыми, саяси, адамгершілік, эстетикалық көзқарастарды білдіреді.

Италияндық ұлы суретші, ғалым, философ Леонардо да Винчи – «Дүниетаным – ақиқатты рухани қажетті игеру жүйесі, тұтастай алсақ білімі мен нанымы, қоршаған ортаға психологиялық және эстетикалық көзқарасы» дей келе [4], дүниетанымды қалыптастыру мен оны мәдени құбылысқа айналдыруда қосқан үлесі зор болды. «Дүниетаным», «таным» түсініктері «Яссауи дүниетанымы», «Қазақ халқының дүниетанымы», «Абайдың дүниетанымы» т.б. көптеген ғалымдардың зерттеген еңбектері мен ойларында «дүниетаным», «қазақ дүниетанымы» жөнінде құнды ой-пікірлер жауабын тауып, Ә.Нысанбаев, Ж.Әбділдин, М.Орынбеков, М.Мұқанов, Т. Әбжанов, Ж. Алтаев, О. Сегізбаев, Ғ.Ақпанбек т.б. тұжырымдалады.

Соңғы кездері қазақ дүниетанымы қалыптасып даму кезеңдері жайында көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында: Ж.Алтаев, С. Сегізбаев, М.Орынбеков, жәнет.б. атауға болады.

М.Орынбеков: «Дүниетаным жеке адам және оның қоғамдағы орны, сана-сезімдік қалпы жайлы ұғымдарының жиынтығы, дүниені біртұтастығын түсіну болып табылады», - дейді [5].

Дүниетанымды дүниенің бейнелену нәтижесі деп түсіндіре келіп, оның қалыптасу деңгейлерін В.П.Ратникова, В.Н.Лавринко [6] сынды философтар анықтады. Олардың түсіндірулерінше, бейнелеудің алғашқы деңгейлері түйсікпен байланысты болып, құбылыстардың дүниесі, болмыстың сыртқы, жеке көріністері белгіленеді. Ал, дүниені сезініп, түсіну бейнелеудің екінші деңгейі екендігін көрсетеді. Дүниетанымның қалыптасуына бейнелеу арқылы дүниедегі құбылыстар, үрдістердің мәндері мен заңдылықтарының ашылуы тікелей ықпал жасайтындығы нақты көрсетіледі.

Философ Д.Кішібековтың осыған сәйкес айтқан тұжырымында қазақ халқының мінез-құлқы, оны қоршаған ортаға – кең далалық кеңістікке, географиялық жағдайға, баққан малға, оның шаруашылығына байланысты қалыптасатындығы айтылады [7].

Осындай жоғарыдағы философиялық пікірлерді талдай келе, дүниетаным – адам санасындағы дүниенің сыртқы бейнесі ғана емес, оның сол дүниеге, қоғамдық өмірге қарым-қатынасы, адамдардың философиялық, саяси, құқықтық, адамгершілік және эстетикалық идеалдары мен сенімдерінің жаңа қоғамдық өзгерістерге сай жиынтығы деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар дүниетаным адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің жалпы бағытын анықтайды.

Академик М.Қаратаев "Өнердің эстетикалық сипаты" атты сын-зерттеулерінде: «Бұл бізде тың жатқан мәселе. Қазақстанның философиялық ғылымы болсын, филология ғылымы болсын, эстетика проблемаларын әлі де жөнді қолға алған жоқ», – деп көрсеткен [8]. Әсіресе эстетиканы әдебиет пен өнердің философиясы, ғылымы деп қарап, осы ғылыми-философиялық тұрғыдан өмір мен өнердегі эстетикалық қасиет-сипаттарды анықтау әрекеті бізде мүлде жоқ" деп бұл мәселенің маңыздылығына айрықша тоқталса, З.Серікқалиұлының "Дүниетану даналығы" атты ғылыми және көркемдік тану еңбегінде "өзіміздің ғалым-мамандарымыз эстетика саласы бойынша арнаулы зерттеулер жүргізбегеніне, не оқулық жазбағандарына" ғылыми қауымның назарын аударады.

Дүниетанымның ұғымын психологиялық жағынан қалыптасу жақтары да маңызды екендігін көруге болады. Бұл жөнінде көрнекті психолог-ғалымдар Л.С. Выготский [9], С.Л. Рубинштейн [10], Б.Г. Ананьев [11], т.б. өз тұжырымдамаларын психолог С.Л. Выготский: «Дүниетаным адамның сыртқы дүниеге қатынасы бойынша мәдени тұрғыдағы, оның бүкіл мінез-құлқын сипаттайды», – дей келе, дүниетаным мен жеке тұлғаның өзара байланысына диалектикалық тұрғыдан талдау жасайды. Дүниетанымды тек дүние мен оның құрамдас бөліктері туралы түсініктер жүйесі деп қарауға болмайтындығын көрсетеді [12].

Сонымен, зерттеудің мәселесі бойынша психологиялық ой-пікірлерді, еңбектерді талдау қорытындысында авторлардың дүниетанымы мен жеке тұлғаның өте тығыз байланыста болғандығы анықталды.

Бұдан шығатын қорытынды жастарымыздың көркемдік дүниетанымын көтеруде бұл мәселе қазақ педагогика ғылымының да айрықша зерттеу нысанына айналуы қажет. Қазақ этнопедагогикасының тәлімдік тағылымдары, құнды идеялары, әдіс-тәсілдері, амал-жолдары, құралдары А.Мұхамбаева, К.Сейсенбаев, И.Оршыбеков, К.Қожахметова және т. б. еңбектерінде жан-жақты пайымдалды.

Педагогикалық тұжырымдамаларда дүниетаным жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуының анықтаушы факторы ретінде қарастырылған. Яғни дүниетаным оның жеке тұлғаның дамуы мен өзара байланысы, дүниетаным құрылымының компоненттері туралы В.Лихачев және И.Лернер, Ю.Бабанский, В.Беспалько еңбектерінде қарастырылған. Дүниетаным жеке тұлғаның дамуымен байланыста өрбитіндігін, яғни арқашан дамып отыратын, айнала қоршаған орта, өмір, тіршілік етумен бірге жүретіндігін анықтаған педагогтар жеке тұлғаны жетілдіріп, кемелдендірудің жоғары дәрежедегі диалектикалық үрдіс екендігін анықтап берді. Жеке тұлғаның жүйке жүйесіндегі іс-әрекеттік мүмкіншіліктерінің, психикалық үрдістерінің, адами қасиеттерінің, көзқарастарының, білімінің, оқу белсенділігінің адам баласы жасаған материалдық рухани байлықты игерудің және сол байлықты болашақта іске асырудың даму тарихын – жеке адамның дамуы деп атаймыз.

Әлеуметтік ортаны, педагогикалық тәрбиені және тұқым қуалаушылықты адам дамуына, сонымен қатар бала дамуына ықпал етуші факторлар ретінде көрсетеді.

Халық бейнелік өнері, мүсін өнері, металл, тері өңдеу, ағаш ұқсату өнері, өрнек-әшекейлері т.б. негізінде бейне ырғағының үйлесімі арқылы қарапайым өзіндік композициялар жасау оқушылардың ұлттық мәдениетін арттырады. Ал осындай композициялар орындау барысында қазақ халқының иманды, кішіпейіл, ақжарқын болуына байланысты әр түрлі әңгімелер айту, қазақ халқының ұлттық тұрмыс көріністерін суреттейтін өлең жолдарынан үзінділер оқу, музыкалық шығармалар мысалдарын көрсету оқушылар білімін, өмірге көзқарасын, көркемдік қабілеттерін дамытады. Сондай-ақ, қазақтың тәрбиелік мәндегі еңбекке, өнерге, білімге, иманжүзділікке баулайтын мақал-мәтелдерін, канатты сөздерін, аңыз ертегілерін оқушыларға мәнерлі әңгімелесу арқылы бейне сюжетін көз алдына елестететіндей етіп түсіндіру бейнелеу өнері сабағын жандандыра түседі. Жастарға ән айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттау, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге ілу, жамбы ату, аударыспақ, күрес, тағы басқа ұлт ойындарын үйрету тәрбиенің өзекті мәселесі болған [13]. Олай болса, оқушыларымыздың санасына имандылық қасиеттерді сіңіріп, салт-дәстүрді сақтауға, әдет-ғұрыпты қолдануға үйрету үшін әр сабақта тиісті әдіс-тәсілдер пайдалана отырып, көркемдік сезім қалыптастыруымыз қажет. Ол үшін ұлдарды металл, тері өңдеуге, ағаш ұқсатуға дағдыландырып ер-тұман, киіз үй сүйегін, кебеже, сандық, аяқ-табақ т.б. сәндік мүліктерді өз мүмкіндіктерінше бейнелеп және жасап үйренуге, ал қыз балаларды киіз басу, сырмақ, текемет, түскиіз жасау, кесте, өрнек тоқу тәсілдеріне үйретіп,

ұлттық киімдер, көрпе-төсек, өрнек, үй жиһаздарын пішіп, тігуге машықтандыруымыз қажет.

Педагогика тәрбиені, әлеуметтік ортаны және тұқым қуалаушылықты бала дамуына, жеке адамның дамуына ықпал етуші факторлар ретінде танытады.

Дж.Локк баланың дүниетанымын қалыптастыруда тәрбиенің маңызды әрі шешуші ролін айқындап, баланы тәрбиелеу барысында оны таза тақтаға баламалайды, яғни тәрбие бала дамуының бірден-бір көзі екендігі, баланы тәрбиелеудің деңгейі, оның келешектегі дүниетанымының да сапасын көрсететіндігін тұжырымдайды [14].

Оқушыларды сурет салдыру арқылы олардың ұлттық көркемдік дүниетаным элементтерін қалыптастыруға көмектеседі.

Қазіргі жаңа дәуірде де мектеп балаларды салт-дәстүрлер негізінде тәрбелеуді қолға алып отыр. Мысалы: бейнелеу өнері сабақтарында ұлттық "қазақша күрес", "Білектесу", "Соқыр теке", "Алтын сақина", тақырыптың ойындарын ойната отырып, практикалық жұмыс орында шығармаларында көркем сюжеттерді, қызықты оқиғаларды композициялық бейнелеу жұмыстарында пайдалану оқушылардың көркемдік дүниетанымына жан-жақты әсер етеді. Қазақ халқының тәрбиелік мәндегі ауыз әдебиетінің, мақал-мәтелдерінің, әдет-ғұрыптарының үлгілерін сабақ мазмұнымен байланыстыра отырып пайдалана білу халықтық педагогика негіздеріне сүйенеді. Өнер шығармаларын қабылдау сабақтарында балалардың суретшілер туындыларын, сәндік қолөнер туралы түрлі әдістемені қажет етеді. Сурет өнері де өз тақырыбына сай Қазақстан қылқалам шеберлерінің туындыларын пайдалануды қажет етеді. Оқушыларды сол туындыларды дұрыс қабылдап, өз ойын айта білуге үйретсе, олардың көркемдік санасы дамиды. Әбілхан Қастеевтің "Амангелді Иманов", "Ғани Мұратбаев", "Жамбыл Жабаев", "Абай" атты портреттерін, не болмаса қарапайым "Жайлаулар" жайлы тақырыптағы еңбектерін немесе салт-дәстүрлер "Қыз куу", "Көкпар", "Құда түсу", "Қойлы ауыл", "Келін түсіру", "Киіз үй" көріністерін әсерлі тәсілдерімен көрсетіп, сабақ жүргізу оқушылар талғамына кереметтей әсер етері сөзсіз. Суретші А. Ғалымбаеваның "Дастархан", "Үйлену тойы", тағы көптеген шығармаларын үлгі ретінде пайдалана отырып, бала бойына халық салт-дәстүрінен көркемдік сана қалыптастыруға болады. Оның ойына халықтың көркем көріністерді елестету арқылы ұлттық дәстүр туралы әсер туғызып, образдың ой қабілетін музыка, ән-күй әлемі арқылы дамытуға болады.

Сондықтан әдебиет пен өнердің жастарға эстетикалық тәрбие беруде, сол арқылы оның рухани өмірін жан-жақты қалыптастыруда ықпалы зор. Өнер адам өмірін, адам тағдырын, адам характерін бейнелеу арқылы адамды танытады және сонымен бірге түзеу, жөндеу, тәрбиелеу мақсатын көздейді. Осы орайда қазақ халқының өнер тану жолын танытатын әр алуан эстетикалық зерттеулердің бар екені кімге болса да аян. Олар халқымыздың өнерге, әсемдікке деген қатынасын көрсететін эстетикалық ғылыми ойлар мен ізденулердің, шама-шарқын аңғарта алады.

Байқағанымыздай, өнердің эстетикалық тәрбиеде атқаратын қызметі баға жетпес. "Эстетика әсемдікті зерттейтін ғылым десек, әсемдікті танытатын қоғамдық сананың ерекше саласы - өнер. Ендеше өнер эстетика ғылымының негізгі нысанасы. Әрине, эстетика өмірдегі әсемдікті де дербес алып зерттейді. Бірақ оны көбіне-көп өнердегі көрінісіне байланысты алады, дей келе М.Қаратаев, бұлай зерттеу бір жағынан жалпы адам санасының дүние тану әрекетіне өнер атаулының қосатын өзіндік үлесін көрсетсе, екінші жағынан өмір шындығының өнер шындығына (көркем шындыққа) айналу процесінің диалектикасын көрсетеді [15] - деп өнердің қоғамдағы мәнін айқындай түседі.

Қоғамдағы халықтың мәдениет саласындағы қажеттіліктері артқан сайын, өнердің адам баласына тәрбиелік қызметі де артып отырады. Ондағы өнердің басты мақсаты - әдемілікті адам өмірінде баянды ету.

Өнерді, оның қоғамдық, тәрбиелік мәнін түсіну үшін әсемдік, әдемілік заңдарын жақсы түсіну шарт. Мысалы, П.Корин «Өнер - адамды асқақ сезімге бөлеуге, адамның жан дүниесін нұрландырып, байыта түсуге, ол өмірдің өзін кемелдендіріп, игілікті етуге тиіс», деген екен. Қазақ мәдениетін әлемдік деңгейге көтерген қайраткер М.О.Әуезов өнер туралы ойында: «Өнер атаулының барлығы да қай елде, қай жерде туса да сол ортаның шартынан, өз топырағының қалпынан туады. Сол ортаның тонын киіп, соның іші-бауырынан шыққан суреті сияқты болып тұрады» - дейді. Бұлай өнер болмысы мен табиғатын айқара аша түспек [16].

Орта мектеп дүниетанымын қалыптастыру өте күрделі әрі ұзақ процесс болып табылады. Дүниетаным оқушылардың дүниені диалектика заңдылығына сай тануға, өзгертуге, ғылыми тұрғыда түсіндіруге мүмкіндік жасайды. Дүниетаным оқушыларды ойлау тәсілімен және тәрбиенің барлық түрлерімен қаруландырады, сонымен бірге, қоғамдық сананың барлық қалыптарына, дүниеге қатынасын анықтайды. Мектеп оқушыларының дүниетанымы да ғылыми білімдердің жүйесіне топтастырылып, негізделеді. Сондықтан олардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың ең маңызды алғышарттарының, талаптарының негізі – нақты деректерге негізделген білімдермен қаруландыру. Яғни, ғылыми дүниетаным ғылыми білімге негізделуі қажет. Дәлірек айтсақ, ғылыми білім жеке тұлғаны қалыптастырудың, дүниені терең танудың тірегі деп есептеледі. Білім арқылы оқушы дүниені бейнелейтін мол тәжірибе жинақтау үшін қоғам құбылыстарының, табиғаттағы құбылыстардың, адам өміріндегі сан алуан құбылыстардың объективті жақтарын зерттеп, түйсініп түсінеді.

Дүниетанымды қалыптастыру жас ұрпақты тәрбиелеудің, қиындықтарды жеңіп, алдыға ұмтылуға тәрбиелеудің қазіргі кездегі өте қажетті шарты болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру, оны қазіргі даму сатысына қарай бағыттау – орта мектепте білім берудің көкейкесті мәселелерінің бірі.

Ғылыми дүниетанымның қалыптасуы тек шынайы дүние туралы білімдердің саналы игерілуінің нәтижесінде жүзеге асырылады. Яғни, оқушылардың игеріп жатқан құбылыстарының мәнін, олардың даму заңдылықтарын түсінген кезде, алынған білімді алдыдағы оқу және

практикалық міндеттерді шешуге шығармашылықпен қолдануды білген кезде ғана мүмкін болады. Ғалымдардың дүниетанымынды адамдардың қоғам, қоршаған орта туралы ғылыми, философиялық, психологиялық, педагогикалық көзқарастардың және адам іс-әрекетінің бағыт-бағдарын анықтайтын біртұтас жүйе ретінде қарастыратын ойлары мен пікірлері, тұжырымдары бір арнаға келіп түйіседі.

Балалардағы сурет салуға үйрету сабақтары арқылы олардың ұлттық дүниетанымының элементтерін қалыптастыруға өте көп септігін тигізеді, олардың патриоттық сезімін оятуға, халықтық тәрбиенің бастауларынан сусындауына мол мүмкіндіктер береді. Балалардағы ұлттық дүниетанымның қалыптасуына, оның дамуына Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев сынды ағартушы, ойшылдардың қосқан үлесі ұшан-теңіз. Олар қазақ балаларының дүниетанымын кеңейтуге ұмтылып, оларды өнер мен білімге, Отанын, туған жері мен елін сүйуге шақырып, ұлттық дүниетанымын аясын кеңейтуге ат салысты.

Ыбырай Алтынсарин қоршаған дүние, орта, табиғат туралы өлеңдерін бейнелеу өнеріне пайдалану балалардағы сұлулықты сезіну, көз алдына елестету, қиялдау, шығармашылық ой сияқты дүниетаным қалыптастыруға қажетті процесстердің дамуына ықпал жасады. Мысалы «Өзен» өлеңіндегі табиғаттың сұлу бейнесі тамаша суреттеледі. Өмір ағысына салыстырылған өзен ағысының сұлу қозғалысы, дыбыстары, соған қатысты суреттеулер мен теңеулер орта мектеп оқушыларының эстетикалық қабылдауын, талғамын ұштап, олардың эмоция мен сезімдерге, қиялға толы суреттер салуына септігін тигізеді.

Ыбырай Алтынсариннің көптеген мысалдары, әңгіме-новеллалары оқушылардың табиғат пен қоршаған дүниеге терең оймен көз жіберуге, табиғат сұлулығын, әсемдігі мен құпияларын тануға үйретіп, бейнелі ой іскерліктерін дамытуға үйретеді. Мәселен, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты әңгімесі балалардың түрлі жәндіктердің тіршілігін бейнелі қабылдауға, сурет салуға қажетті қиял мен шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал жасап, эстетикалық-шығармашылық қабілетін арттыруға көмектеседі.

Ұлттық дүниетаным элементтері Ы.Алтынсариннің «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтардың өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі» т.б. еңбектерінде ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін түсінуде, оған өз көзқарастарын білдіріп, дәстүрді дәріптеуде байқалады. Бұл еңбектердің оқушылардың ұлттық санасын оятуға, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға тигізер әсері мол болды. [17],

Шоқанның кейінгі ұрпаққа қалдырған этнография, әдебиет, география, биология, тарих, психология, педагогика ғылым салалары бойынша тұжырымдары, идеялары мен ойлары – ұлттық тәрбиенің сарқылмас көздерінің бірі. Ол «киіз үй», «қазақтардың космологиялық түсініктері», «Қазақ молалары мен жалпы Кесене ескерткіштері жөнінде» т.б. еңбектерінде ғылыми дүниетаным қалыптастырудың мәселелеріне қатысты,

сонымен бірге ұлттық дүниетанымның да негізгі мазмұнына тиесілі ой-тұжырымдарды, көптеген дәйекті түсініктемелер жасады.

Атақты ғалым киіз үйді қазақ психологиясындағы дүниеге символдық көзқарастардың жиынтығы есебінде қарады. Оның «Тәңір», «Ұлы жүз қазақтарының аңыздары» т.б. көлемді ғылыми мақалаларында халқымыздың әлем жөніндегі түсініктері, астрология саласындағы практикалық білімдері, календары баяндалады [18].

Қазақ ақыны Абайдың бүкіл еңбектеріндегі зерттеу нысаны да – адам. Адам және сана мәселелерінің көптеген баға жетпес тұжырымдарын жасаған ойшылдардың бірі де Абай болып саналады. Ол өзінің көзқарастарында сананның адам сезімін, көңіл-күйдегі ерікті қадағалай алатындығын, сондықтан ада өз «табиғатының» шырмауына қалмай, оның шегінен шығып, өз табиғатынан жоғары тұруы тиістігін көрсетіп, білім мен өнерге, мәдениет арқылы адам өзінің табиғи қасиеттерін жоғары сатыға көтеруі қажет екендігін атап көрсетті [19].

Оқушылардың сурет салуы арқылы бейнелеу өнері пәнінде салыстыру, талдау, абстракциялау сияқты күрделі ой операцияларымен қатар, шығармашылық бейнелі ойларын, елестету, қиялдау әрекеттерін дамытуда, дүниетанымды кеңейтуде Абай шығармаларын қолданудың маңызы орасан зор. Абай шығармаларындағы эстетикалық тәрбиеге толы, саналуан теңеулер мен салыстырулары, суреттеулері мол кездесетін өлеңдері мен мысалдары, қара сөздері – бейнелеу өнерінде дүниені танып-үйренуге қажетті құнды әдеби материалдар болып табылады. Абай өлеңдерінің эстетикалық мәні зор. Абай шығармаларындағы табиғат лирикаларында табиғат пен адамның бейнесі, іс-қимылы үйлестіріле жырланды. Оның суреттеуі мен көркем тілді теңеулері оқушыларды табиғат сұлулығына деген қызығушылыққа тәрбиелеп, көркемдікті, адамгершілікті сезіндіре, әсерлендіре қабылдауға, дүниені кең тұрғыда тануға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.Кант. Собрание сочинений в 8 томах. - Издательство: ЧОРО, 1994 г.
2. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Т.19, 412 б.
3. Орынбеков М. С. Қазақ ой-пікіріндегі Әл-Фарабидің орны. // Әл-Фараби және рухани мұра. Алматы: Қайнар, 1994. 23-26 б.
4. Зубов В. П. Леонардо да Винчи. М.: Изд. АН СССР, 1962.
5. М.С.Орынбеков.История философской и общественной мысли Казахстана. Алматы, 1997. С. 78.
6. «Концепции современного естествознания». Под ред. Проф. В.Н. Лавринко, проф. В.П. Ратникова.
7. Кішібеков Д., Тәуелсіздік философиясы / Д. Кішібеков//Ақиқат.- 2011.- №10.-Б.5-10.
8. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1970. – 352 б.
9. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте: Психол. очерк: Кн. для учителя, 3-изд, М., 1991, 93 с.

10. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: В 2 т. - М.: Педагогика, 1989, Т. 1, 488 с.; Т. 2, 328 с.
11. Б.Г. Ананьев. Избранные психологические труды, 1 и 2 тт. Педагогика, 1980.
12. Выготский Л.С. Психология искусства /Под ред. М.Г.Ярошевского, М., 1987, 344 с.
13. Қалиев С. Ұлттық педагогиканың негізгі қағидалары //Бастауыш мектеп, № 1, 2, 3, 1994.;
14. Локк Дж. Сочинения в трех томах: Т. 3.- М.: Мысль, 1988.- 668 с.- (Филос. Наследие. Т.103).- С.407-614.
15. Қаратаев М.Әсемділікке үйрететін ұстаз, Алматы, 1965.
16. П.Д.Корин об искусстве: Статьи. Письма. Воспоминания о художнике". М., 1988.
17. Ы.Алтынсарин.Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1994, 288 б.;
18. Уәлиханов Ш.Ш.Таңдамалы шығармалар, 568-бет. 1985, А-Ата,
19. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

Резюме

В данной статье автор рассматривает сущность и роль национального и художественного мировоззрения в воспитании учащегося на основе изобразительного искусства.

Summary

In this article, the author examines the nature and role of the national and artistic Outlook in the education of students on the basis of art.

БЕЙНЕЛЕУ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ГРАФФИТИ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

А.И.Ибрагимов –

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
Магистратура және PhD докторантура институтының аға
оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты
(Алматы, Қазақстан)*

М.Ж.Қазбекова –

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс
магистранты
(Алматы, Қазақстан)*

Президенттің Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілетті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз»-деп көрсетті. Осындай қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мұғалімнің өзі де уақыт талабына сай дайындықпен келуі қажет деп санаймыз. Білім беру жүйесінде педагог ақпараттық

технологияларды меңгерген, жаңа талаптар қоя білетін, жаңашыл, шығармашылық деңгейі жоғары болуы керектігін талап етіп отыр [1].

Жолдауда айтылған мәселеге қарай, жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастырудың ең басты факторларының бірі-тұлғаны шығармашылық деңгейде даярлау. Шығармашылық деңгейге жету үшін ең алдымен ұстаздың білімін, біліктілігін жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар ұстаз өзінің шәкірттерінің шығармашылық қабілетін жетілдіру үшін, өзін үнемі ізену, алға қарай ұмтылу, даму мақсаттарын алға тартуы керек. Олай болса мектептегі оқушыларды, колледж, институт қабырғасында студенттерді жаңашылыққа, тапқырлыққа, логикалық жаңаша ойлауға, проблеманы қоя білуге және оны шешу жолдарын айқындауда теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыруда ізденімпаздыққа үйретілуі тиіс. Осыларды меңгерген студенттер мектепке болашақта ұстаз болып еңбектенгенде, оқушыларға бейнелеу өнері арқылы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыра алады деп санаймыз. Шығармашылық қабілет кез келген адамға, кез келген қалыпты балаға тән тек оны аша білу керек. Шығармашылық үрдістің мәні барлық үшін бірдей. Айырмашылығы шығармашылықтың нақты материалында, жетістіктерінің өлшемінде және оның қоғамдық мәнділігінде. Шығармашылық үрдісті үйрену үшін данышпандарды зерттеудің қажеті жоқ. Шығармашылықтың бастауы өмірдегі барлық мәселелерді шешуде кездеседі. Тек мұнда көрегендік таныту керек және ол өткір көзбен емес, ең бастысы ми арқылы «көре» білу керек. Д.Б. Богоявленскаяның тұжырымдамасы бойынша «Шығармашылық белгінің өз бастамасы бойынша берілген талаптар шегінен шыға отырып жасалған кез –келген іс –әрекеттің дамуы» деп түсіндіріледі[2].

Шығармашылық тұрығыснан алғанда жеке тұлғаның дамуы барысында барлық адамзаттың бәрін шығармашылыққа икемдеу мүмкін емес екендігі анық. Тек солардың ішіндегі жүзден бірі ғана бейнелеу өнері арқылы шығармашылықпен айналысуы мүмкін. Біздің еліміздің алға қарай дамуы үшін шығармашыл тұлғалардың да көп болғаның еш артығы жоқ. Жеке тұлғаның бейнелеуіне мән беру болып табылады. Бұл жастардың жас ерекшелігімен тығыз байланысты, оның білім деңгейі, тәрбиесі, өмірлік тәжірибесі мен мінез-құлқы, оның осы қасиеттеріне көңіл аудару керек екендігі белгілі. Шығармашылыққа тәрбиелеуде алдымен ұстаз жеке тұлғаны бейнелеу өнері сабағы барысында сурет салуға оны ары қарай дамытуға, белгелі бір заттың қасиетін бейнелеп сипаттай алатындай дәрежеде жетілдіретін болсақ, соны мақсат тұтса жастардың болашағы зор болмақ. Ал екіншіден біртұтастық, интеллектуалды эмоциялы және танымдық – шығармашылық шарттар жеке тұлғаның бейнелеу іс-әрекетіндегі шығармашылық, физикалық мүмкіндіктерін дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Жалпы өнердің қай түрін алып қарасақта оның өзіндік даму тарихы, түрлері, салалары, білім беру жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Адам қоғаммен қарым - қатынас жасау арқылы өзіндік ерекшелігі бар өнер мен

мәдениетін қалыптастырды. Өнегелі өнер болмаған елде мағыналы тіршіліктің дәмі мен иісінде сезіле қоймасы анық. Қандай де бір елді, қандай қоғамды алсақ та қаны мен жанының бейнелеу өнернің айнасына суреттемей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шам-шырағы да өшіп, сөнері аян. Шынайы әдемілік адам баласының рухани толығыуына, болмыс құпияларының сырын білуге және сұлулықтың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Заман ағымының өзгеруіне қарай қай өнер саласы болсын, басқа да салалардың өзіндік ерекшеліктеріне байлынысты жаңа туындылар шығып жанарып отыратыны әрине ол сөзсіз. Қазақ халқымыздың барлық жүйеде өзіндік бір ерекшеліктері бар. Әр өнердің өзіндік ерекшелігі бар екендігі белгілі мысалыға музыка, театр, күй, би, сурет өнері бұлардың барлығының өзіндік бір-бірінен ерекшелігі дараланып тұрады. Және соған байланысты қоғамымыздың өзгеруіне жаңа өмір кезеңінің, жаңа техникалары шығуына байланысты әр өнердің өзіндік жаңа жүйесі, жаңа түрі пайда бола бастайды. Мысалыға музыка өнерінде көше әндері, реперлер, хип-хоп би өнеріндегі қазіргі жаңа стильдегі флешмоб, ал сурет өнерінде граффити. Бұл заманауи жаңа өнер болып табылады. Сондықтанда жаңа тансық емес нарселердің бізге берер дүниесі қандай болмақ. Айта кетсек, қазіргі кезде бейнелеу өнерінің түрлерінің ішіне дизайн қосылды. Әр бір жасаған заттың, бұйымның өзіндік ерекшелігімен дараланып тұратын сыртқы келбеті, түр-түсі, көлемі осының барлығын сол заттың дизайны бола алады. Бұлай дейтініміз дизайн өнерінің қазіргі таңда мойындалып отырғаны баршамызға белгілі, сол себепті граффитидің де дизайн өнерімен байланыстылығы бар.

Заманауи дәуірде кең ауқымды алған бұл құбылыстың әртүрлі аспектілерін көрсететін граффитидің бір қатар анықтамасы болады. «Граффити (mun.graffiti < graffito шимайланған) – тұрмыстық сипатталған басты түрдегі көне жазулар, яғни үй, тастардың және т.б. қабырғаларына шимайлап салған суреттер болып табылады.

«Граффити - «өз бетінше қабырғаларда, шыңдарда, тастарда, халықаралық хабарлама орындарында шимайланған немесе ойып салынған жазбалар, олар күнделікті және жеке өмірлер жайлы, сондай-ақ шаруашылық, саясат жайлы ақпаратты сақтайды. Граффити – ғимарат, ыдыстар қабырғаларында және т.б. шимайланған көне және орта ғасырлық, сиқырлы, тұрмыстық жазулар[3]. Граффитиді қазіргі кезде өте көп қолданысқа ие, сондықтанда граффитимен айналысатын жастарға да өте көп ұсыныстар баршылық. Дегенменде біздің елімізде граффитидің қолданысынан қарағанда шет елдегі граффитидің орны, айырмашылығы жер мен көктей. Мысалыға келтіре кетсек, шет елдердегі граффитидің орындалар мақсаты мен орны бар, алда келе жатқан үлкен әлемдік футбол жарысы болатын Бразилия елінің қаласын келешекте граффитимен безендіруді мақсат етіп отыр. Граффитимен айналысатын жастарға беріліп отырған үлкен мүмкіндік екені әрине бұл рас. Сол себепті біздің елімізде де жастарға мүмкіндік, жағдай жасауымыз қажет деп санаймыз.

Граффити арқылы тұлға дамуының барысында шығармашыл деңгейге жеткізуге болады. Кез келген қалыптасып келе жатқан тұлға граффити техникасы арқылы шығармашылығын шындай алады. Шығармашыл адам кез келген бұйымның іс-әрекеттің барлығын дерлік мұқият жасауға тырысып бағады. Біз жеке тұлғаны граффити арқылы біріншіден оны шығармашылыққа, өнерге, ұқыптылыққа, өзіндік бір көзқарасын нақтылауға тәрбиелей аламыз. Жалпы граффитидің салынған сызықтарында, қаріптерінде, түстерінде ерекше тылсым бір тұнып тұрған әлемдерімен ерекшеленеді десекте, граффитиді салған тұлғаның айтар ойы яғни, философиясы, айтар сөзі, түсіндірер психикалық мағынасы барлығы дерлік адамның биік шынға, басқа бір өзгеріске әкелуіне себебші бола алады. Бейнелеу іс-әрекетіндегі жеке тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеу үрдісінде граффитимен қазіргі біздің қоғамымыздағы айналысып жүрген жастарымыздың, өз шығармашылығын жетілдіруіне, яғни ол дегеніміз жастарымыздың жұмыстарын, шығармашылықтарын бағалап, оларға тиянақты жағдай жасалынған үйірме курстарын ашу, шығармашылықтарына қанат бітіру біздің алдағы қойып отырған мақсаттарымыздың бірі. Олардың біздің елдегі, өз елінің отанының шын жан ашыр азаматтары етіп тәрбиелеу біздің қолмызда. Тіпті олардың арнайы білім беру ордаларында оқытпасада талант, шығармашылық, дарындылықтарының арқасында осындай көптеген жетістіктерге жеткен жастарымыз баршылық. Олардың саны санаулы болғандықтан жастарымыздың болашағына үлкен сеніммен қарауымыз керек. Әлбетте бұл бізге керек дүние болып табылатындығы, олардың шығармашылықтарының тамырына балта шаппай, демеу бола алатындай жол аша білу үлкен бір мәселе десекте артық айтпаймыз.

Тұлғаның психологиялық ойлау ерекшеліктеріне байланысты шығармашылығын жетілдіруде граффитидің бейнелеу өнерінің саласы ретінде алатын орны ерекше. Себебі граффитимен айналысатын жастардың өзіндік шығармашылығы болып табылады. Психологиялық тұрғыда бұл өнердің жастардың өзіндік ерекшеліктерін, өзіндік көзқарастарын көрсетеді. Граффити өнерінің өсіп келе жатқан жастарға берер пайдасы мол болмақ, егер жастарға түзу жолдарын көрсетіп белгілі бір бағыт-бағдар беріп отырғанда ғана олар жақсы жақтарын, өзіндік шығармашылығы бар азамат болуына септігін тигізетіндігіміз расында да белгілі құбылыс.

Жеке тұлғаның бейнелеу іс-әрекетінде шығармашылыққа тәрбиелеу үрдісінде граффитидің кең ауқымды мағынасы белгісіз. Тұлғаның граффити арқылы өмірге көзқарасын қалыптастыруда, шығармашылыққа тәрбиелеуді бейнелеу іс-әрекетімен байланыстыруда, яғни ойлау, қабылдау, сезіну, бейнелеу психологиялық қабілеттерін жетілдіреді. Айтылған қабілеттерді жетілдіруде арнаулы орта білім беретін және жоғары оқу орындарында жеке тұлғаларды граффити арқылы шығармашылыққа тәрбиелеу негіздері курс ретінде оқытуды қажет етеді. Қазіргі уақыттағы жасөспірімдерді тәрбиелеу ісінде олардың ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіруге арналған бірнеше іс-шаралар жүзеге асуда. Жеке тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеудің негізінде тұлғаға шығармашылыққа

тәрбиелеуде дұрыс жол қою міндеттерін жүзеге асыру басты мақсат болатыны белгілі. Педагогикалық тәжірибелер жастардың бейнелеу іс-әрекетіндегі шығармашылығын жетілдіру мақсатында қазіргі таңда біздің оқу тәрбиесі үрдісінде толық шешімін таппауда. Демек, шығармашылыққа тәрбиелеудегі басты мәселе – жастарды өнерге баулу. Жеке тұлғаның өз бетінше білім мен тәрбие алуға үйретпеген мұғалім қазіргі түпкі нәтижеге қол жеткізе алмайтыны белгілі. Жастар ықпал ету объектісі емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы керек. Сондықтан ұстаздарға мынандай қызметтер қажет: жылылық, түсінгіштік, сезімталдық, кең ойлай алу, шабыттандыра алу, шығармашылық ізденіс. Жеке шығармашылыққа, психологиялық ахуал – тұлға үшін адамдар мен қатынастық алғашқы сатысы нақ осы өз ортасында жастарды мейрімділікке және зұлымдыққа, тәртіпке материалдық және рухани құндылықтарға деген көз қарасын дамыту.

Қазіргі кезде заман ағымының өзгеруіне қарай, ғылыми –техникалық мәдени, тұрмыстық жағдайлардың өзгеруіне байланысты, тұлғаны осы жағдайға дайындау қажет екендігі белгілі. Компьютерлік қоғамда болып жатқан заманауи өзгерістермен толықтырылуда, соған байланысты тұлғаның компьютерлік сауаттылығын дамыту барысында бейнелеу іс-әрекетімен жүзеге асырып толыққанды тұлға етіп даярлау. Бұл мақсатта алдыға қойған талап, міндеттерімізді жүзеге асыру үшін біз соған лайықты етіп жоспарлар құруымыз қажет. Заман ағымынан қалыс қалмас үшін бізге жаңа ақпарттық технологияларды да қамтып отырыуымыз қажет. Мектеп те, колледж, ЖОО – да болсын бейнелеу өнерінің пәнінің орыны ерекше тұлғалар бар. Сыныпта отырған 30 оқушының бәрінің суретші болуға дайындау мүмкін емес. Арнайы мектептерде ғана балалардың барлығында белгілі танымал суретші шығару ол тек шығармашыл адамның ғана қолынан келетін дүние. Біздің мақсатымыз тұлғаның жан-жақты дамуы барысында бейнелеу өнері арқылы эстетикалық, көркемдік тәрбиесін қалыптастыру болып табылады. Жаңа білім ғасырында білімнің өз даму деңгейінде жеке тұлғаны шығармашылыққа бағыттап тәрбиелеудегі граффитидің маңыздылығы молшылық. Граффити тұлғаның психологиялық тұрғыдан оның шығармашылығын, қиялын, ой – өрісін дамытып қана қоймай шығармашыл тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді.

Қазіргі граффити өнерінің көркем шығармашылығында әрі көкейкесті, әрі даулы теориялық мәселелердің бірі – шығармашылыққа тәрбиелеу. Бейнелеу өнеріндегі граффитимен айналысатын тұлға үшін шығармашыл суретші, қиялы арқылы өкшеленген, сұрыпталған, әдептелген, пайымдалған, мақсат тұрғысынан бейнеленген. Халық мұрасынан туындайтын бейнелеу өнерінің түрлі формада дамуы арқасында көптеген үлгілер қалыптасады. Граффити өнерінің көркем шығармашылығы барлық компоненттерді тұтастықта алып, идеялық, эстетикалық талдауда, мазмұны мен форманы бірлікте қарағанда ғана көркем шығармашылық табиғатын терең ұғуға болады. Біздің мемлекетімізге болашақта үлкен маман иесі, тұлға болатындай етіп даярлау мақсатымыздың бірі болып саналады. Сондықтан жеке тұлғаның шығармашылығын дамыту, жетілдіру мақсатында жақсы

маман иесі болуы, жақсы шығармашыл тұлға болып қалыптасу жолында алға қойған мақсаттарына ұмтылу, жету, талпыну барысында ғана тұлға белгілі бір жетістіктерге жететіні айғақ. Еліміздің президенті жолдаған жолдаулары, стратегиялары барлығыда болашақ жастардың қолындағы атқарылатын істерге арналған. Болашақ жастардың қолында, біз жастарды қалай тәрбиелеп, қандай бағыт-бағдар берсек, олар сол бағыт бойынша жүріп отыратыны сөзсіз. Оларға біздің мақсатымыз өмірдің дұрыс, түзу жолына, өзеннің, түзу ағымына салу міне біздің болашақ мұғалім, ұстаздардың қолында. Граффити арқылы шығармашылықпен айналысу бұл әрине керемет дүние. Оны түсінген жанға үлкен шабыт беріп, сол істеген дүниесінен шабыт, ләззат алатындарда баршылық. Ал шығармашылық тәрбие туралы айтатын болсақ бұл басқа бір тылсым дүние. Жеке тұлғаға граффитидің беретін және граффитиден алтын дүниесі зор. Жеке тұлғаның дамуы барсында шығармашылыққа тәрбиелеуде граффитидің орыны ерекше десекте болады. Граффити бұл – шығармашылық пен айналысатын ерекше өнер болып табылады. Граффитидің жастар арасындағы кең тараған өнердің түрі. Граффити қазіргі заманғы жасөспірімдердің өмірі ішінде экстримнің бір бөлігі бола бастады. Шығармашылық пен айналысу үшін граффити таптырмас өнердің түрі. Жеке тұлғаға шығармашылық тұрғыда тәрбие беруде граффитиді жетілдіре білу, оның түрлері мен тарихын түсіндіріп оның жай ғана сурет ретінде ғана көңіл аудармауымыз керек. Көркем өнер ретінде де жасауға болады. Әлемдегі көптеген елдерінде граффитидің өзіндік орны бар. Кейбіреулер үшін бұл граффити жай ғана сызба жазулар ғана болса, ал кейбіреулерге бұл өнер, тылсым дүние, болып қала береді. Өнерді түсіне алатын жандар, граффитиді керемет өнер ретінде бағалайтындар да бар, **қабырғаға бүркегіш бояумен сурет сала білу – өнер деп білемін. Тіпті талант деп есептеймін. Әр сурет жүректен шығып, жан-дүниемен салынады, шабыттары келеді. Сондай сәтте еріксіз үй қабырғаларына ұмтылатындарыда бар.** Шын мәнінде, кейбір елдерде бұл өнердің теріс жағы бола тұрсада өсіп, дамып келе жатқан жас өспірімдердің оның жақсы жақтырын үйретіп, біздің ұлттық өзіндік бір ерекшелігімізді, менталитетімізді айта отырып тәрбиелесек олардан болашақта жақсы суретші, жақсы ғалым, жақсы шығармашыл тұлға болып қалыптасуы әбден мүмкін боларына сенміміз мол болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2004ж., 19 наурыз.
2. Богоявленская Д.Б. Интеллектуальная активность как проблема творчества. — Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского ун-та, 1983. — 172 с.
3. Большая Российская энциклопедия 7, Научно-редакционный совет Юр Осипов Е. Н., Аврорин А. Ф., Андреев и др. Москва 2007г стр. 646-647

Резюме

Бұл мақалада бейнелеу іс-әрекетінде жеке тұлғаны шығармашылығын дамытуына граффитидің әсері мен маңыздылығын

көресете отырып, жасөспірімдердің граффитимен айналысуда қандай мүмкіндіктердің бар екені жайында сөз етілген.

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Э.Уайдуллақызы –

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің
Магистратура және PhD докторантура институтының докторанты
(Алматы, Қазақстан)*

Аннотация

«Әлем елдері арасындағы бәсекелестікте олардың шығарған өнімдері мен көрсеткен қызметтері ғана сараланып қоймай, сонымен қатар қоғамдық құндылықтар мен білім экономикада басты назар материалды тауарлар мен қызметтерге емес, елдің интеллектуалды білім беру жүйелерінің даму барысы да додаға салынады. Осыдан барып заманауи және тиімді білім беру жүйесін қолдап оқыту арқылы жұмыс күшінің интеллектуалды компонентін арттыру – бәсекеге қабілеттіліктің негізгі шарттары болып айқындалады», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, жаңа әлемде білім берудегі бәсекеге қабілеттіліктің артуы мен адами капиталдың дамуына айрықша ден қойыла бастады.

Әрбір мемлекеттің өсіп өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы ұстаз берген біліммен бағаланады. Сондықтан дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді.

Бүгінгі таңдағы жалпы білім беретін мектептердегі білім берудің басты мақсаты – мектеп оқушыларына сапалы білім, саналы тәрбие беру және мектеп ісін басқарудың тиімді жолдарын қарастырып, бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Кілт сөздер: *мұғалім, бастауыш мектеп, құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік.*

Еліміздің әлемдік білім кеңістігіне енуге талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеріп, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындаудың сапасын арттыруды талап етіп отыр.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға

дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген [1]. Әлемдік тәжірибе мен ұлттық тәжірибеге сүйеніп жасалған бұл ресми құжатта әрбір оқушының жас ерекшеліктерін ескеру арқылы білімнің мазмұнын меңгеруге бағытталған төмендегідей үш түрлі құзыреттіліктер жиынтығын игеруі мақсат етілген.

- өзіндік менеджментке жататын өмірде кездесетін проблеманың шешімін табу құзыреттілігі;
- ақпараттық құзыреттілік;
- білімді игерумен бірге жүретін қарым-қатынастық, коммуникативтік құзыреттілік.

Дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзыреттілік», «құзырет» терминдері жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне ене бастады. Мұндай аса жауапты білім деңгейіне жету үшін оқу үдерісін соған сай ұйымдастыра білетін, мектеп оқушыларына білімді өз бетінше еңбек ете алатындай күйге жеткізетін осы аталған құзыреттіліктерді меңгерген, кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдер даярлау міндеті тұр.

Жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары ғана қарастырыла бастады. Осы орайда, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде мұғалімдерді кәсіби дайындау мәселесінің жан-жақты зерттелуі артып келе жатқандығы байқалды.

Мұғалімнің кәсіби қабілеттілігін қалыптастыру туралы классикалық педагогика өкілдері А.Дистервег, Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, А.В.Луначарский, П.П.Блонский, Н.К.Крупскаяның, қазақ ағартушылары А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, Ш.Уәлихановтың және т.б. педагогикалық мұраларында қарастырса, ал, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, К.Жәленұлы, С.Қожанұлы, Ә.Қасымұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы және т.б. қазақтың біртуар зиялы азаматтары да мұғалімдердің білімін көтеру жағдайына, әдістемелік дайындығына атсалысқаны белгілі.

Мұғалімнің кәсіби қалыптасуы сол кезеңдегі білім жүйесінің дамуымен тікелей байланысты. Қазақстанның білім саласының жағдайы мен мұғалімдерді даярлау мәселелері төмендегідей бірнеше бөлікке бөлініп қарастырылады:

- болашақ мұғалімдерді дидактикалық және әдістемелік тұрғыда дайындау (А.Е.Әбілқасимова, Б.Баймұханов, Т.С.Сабыров, М.Ж.Жадрина, С.А.Жолдасбекова, Ә.А.Молдажанова, С.С.Маусымбаев, А. Нұғысова, Д. Рахымбек, Қ.Ж. Қаракұлов, Б.Қасқатаева және т.б.);
- экологиялық тұрғыда дайындау (М.Н.Сарыбеков, Қ.М.Беркімбаев және т.б.);
- болашақ мұғалімдерді дайындаудағы біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы мен практикасы рөлінің, жоғары мектеп дидактикасының дамуы

(Н.Д.Хмель, А.А.Бейсенбаева, С.Т.Каргин, Е.Жұматаева, К.С.Успанов, А.С.Карбаева және т.б.);

- мұғалімнің зерттеушілік мәдениетін, шығармашылық ізденісін қалыптастыру (Ш.Т.Таубаева, Б.А.Тұрғынбаева, Н.А.Шамельханова, Е.И.Бурдина және т.б.);

- қазақ этнопедагогикасы негізінде жеке тұлғаны дамыту, мұғалімдерді жалпы педагогикалық даярлау (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, Б.А.Тойлыбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, А.А.Қалыбекова, А.С.Мағауова, Р.К.Төлеубекова, Ә.Табылдиев, Қ.Бөлеев, М.Х.Балтабаев, А.Б.Абибулаева, А.Б.Нұрлыбекова, Ш.М.Мұхтарова, А.А.Жайтапова және т.б.);

- болашақ маманға кәсіптік білім беру тұрғысынан (М.Ә.Құдайқұлов, К.А.Дүйсенбаев, А.П.Сейтешев, И.Б.Сиқымбаев, А.А.Жолдасбеков, А.М.Әбдіров және т.б.),

- компьютерлік технологияны оқу үдерісіне енгізіп, болашақ мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау (Т.О.Балықбаев, Е.Ы. Бидайбеков, Ж.Ж.Жаңабаев, Қ.Қабдықайыров, Ж.А. Қараев, С.М. Кеңесбаев, Б.Д. Сыдықов, Л.А. Шкутина, Г.О. Тәжіғұлова және т.б.) тұрғысынан жан-жақты зерттелген [2].

Бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың өзіндік ерекшелігі – жаратылыстану бағытында да, гуманитарлық бағытта да жетік, кіші жастағы оқушылардың психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін меңгерген, баламен тіл табысып жұмыс істеудің шебері, бастауыштағы барлық пәннің әдістемесін меңгерген, кәсіби құзыретті болуы қажеттігінен туындайды.

Құзыреттілік теориясы Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед, Н.В.Матяш, В.В. Сериков, Дж.Равен, Р.Уайт, В.Чинапах және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылса, ал, білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Давыдов және т.б. ғалымдардың еңбектерінде негізделген.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары кездестіруге болады. Атап айтар болсақ:

- педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізі – А.А.Орлов, И.Я.Фастовец, С.Т.Каргин;

- маңызды кәсіби сапаларды дамыту – Е.П.Белозерцов, И.А.Колесникова, А.Е.Кондратенков, Н.В.Кузьмина, И.Я.Лернер, Н.Д.Левитов, М.Н.Скаткин, В.А.Сластенин;

- педагогикалық шығармашылық мәні – В.И.Загвязинский, Ю.Н.Кулюткин, М.М.Поташник;

- педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негіздері – Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және т.б. еңбектерінде ғылыми негізде тұжырымдалған [3].

Қазақстанда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу

орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), М.В.Семёнова (жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру), С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген.

Дегенмен, педагогикалық білім беру теориясына сүйене келе, мектеп тәжірибесінен және мұғалім іс-әрекетінен байқағанымыздай, бастауыш сыныптың мұғалімі әлі де болса күннен күнге жаңарып отырған білім беру міндеттерін шешу керектігін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, мектептегі оқыту іс-тәжірибесіне жүргізілген талдау соңғы жылдары бастауыш сатысында берілетін білімнің негізгі саты мен жоғары сыныптарда талап етілетін білімге сай болмай отырғанын байқатады. Мұның бір себебі - бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің жеткіліксіздігі, яғни олардың пәндерді оқытуды тек бағдарламалық материалдар беру деп түсінуі, әр пәннің мәнін ұқтырып, оны өз дәрежесінде оқытудағы мұғалімнің теориялық және әдістемелік дайындығының төмендігі деп есептейміз.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық қағидаларына тұлғаға бағдарлы білім беру (Е.В.Бондаревская және т.б.), біртұтас педагогикалық үдеріс (Н.Д.Хмель және т.б.), пәнаралық байланыс (А.А.Бейсенбаева, Ә.М.Мұханбетжанова және т.б.) теорияларымен бірге жалпы тұлғаның өзін-өзі дамытуы үшін психологиялық жағдай жасау, бастауышта оқытудың инновациялық түрлерін, педагогикалық және ақпараттық технологияларды меңгеру қағидалары негізге алынады.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзара сабақтастық болуы шарт. Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі.

Сондықтан қазіргі қоғам сұранысының талаптарына сай бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі - еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бет бұрып, соған сәйкес білім берудің парадигмасының өзгеруі және бүгінгі күнгі әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен болашаққа қарай ұстанған бағыты білім беру мекемелерінің жаңа бағдарын анықтап, мамандардың құзыреттілігін көтеруді талап етіп отырғандығына байланысты болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»
2. Б.Б.Телжанқызы, Научно-педагогические основы формирования профессионально-дидактической компетентности будущих учителей начальных классовМұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – білім сапасының кепілі // «Бәсекеге қабілетті маман дайындаудың өзекті мәселелері»: облыстық ғылыми – практикалық конференция материалдары. -Атырау, 2007. -Б.7-11.
3. Дж.Равен. Компетентность в современном обществе: Выявление, развитие и реализация / М., с.48.
4. Б.Б.Телжанқызы, «Научно-педагогические основы формирования профессионально-дидактической компетентности будущих учителей начальных классов». ОҚ., - 2010.

Резюме

В данной статье рассматриваются научные труды исследователей, обосновывается формирование и необходимые направление профессиональной компетентности будущего педагога начальных классов.

Summary

This article examines the scientific work of researchers, proves the formation and direction of versatile professional competence of future teachers in primary schools.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАС ӨСКІН
МОЛОДЫЕ РОСТКИ НАУКИ

60-80 ЖЫЛДАРДАҒЫ КӘСІБИ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ
ТУЫНДЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨРКЕМДІК
БІЛІМІН АРТТЫРУ

Жаңалық Азамат - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс
магистранты

Аннотация: Мақалада 60-80 жылдардағы кәсіби бейнелеу өнері туындылары арқылы студенттердің көркемдік білімін арттыруды теориялық тұрғыда негіздеу және педагогикалық тәжірибе жұмысында тиімділігін арттыру мәселелері жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: Қазақтың бейнелеу өнері, шығармашылық, кәсіби, эстетика, т.б.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының әлеуметтік-мәдени дамуы жөніндегі тұғырнамасында Республикада тұратын барлық халықтар мәдениетінің өзіндік ерекшелігіне тиісті көңіл бөлінетіндігі және кез келген мәдениет қайталанбас, теңдесі жоқ қазына екендігі, сондай-ақ, белгілі бір халықтың өзін дүние жүзіне сол арқылы толық танытатыны айтылған. Сонымен қатар, бұрынғы өткен өзіндік мәдени дәстүрлерін еске түсіру, есте ұстануына, одан рухани қуат алып, өзіндік жасампаздық үрдісін таныту үшін оған басқа мәдениеттердің белгілерін шеберлікпен өз бойына дарытуға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Халықтық мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін мойындай келіп, Қазақстан халықтары мәдени қазыналарының бірлігі қалыптасатынын ескеріп, мемлекет барлық халықтардың мәдени мұраларын сақтап, қорғайтыны, мәдениеттердің теңдігін және әрбір халықтың өз мәдени ерекшелігін орнықтыру, сақтау және дамыту құқығынқамтамасыз ететіндігі тұжырымдалған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда қазақ бейнелеу өнері өзінің жаңа қырынан көрінді. Кейінгі өнер зерттеушілері мұны көбінесе төңкерістен кейін дамыды деп көрсетеді. Бырақ кеңес үкіметінен бұрында қазақ халқында маман суретшілер болған [1, 241 б].

Қазақстандық кәсіби көркемөнер мектебінің қалыптасуына көп жағдайда, өзінің ағартушылық идеяларымен, географиялық жаңалықтарды ашумен және қоғамның прогресшіл тобының революциялық ақыл парасатымен атышулы соңғы жүзжылдықтағы біздің Ресеймен ортақ тарихымыздағы оқиғалар мен даму процестері мүмкіндік туғызады. Қазақтың бейнелеу өнері олардың аттарымен тікелей және орыс реалистік мектебімен тұтастай байланысты, атап айтсақ, нанымды көрнекілік, табиғи болмыс пен қалыптасқан жаңалық құрылымға сүйену оның алғашқы кезеңінде шапшаң

түрде Еуропалық көркеменер жүйесіне енуінің және кірігіп кетуінің тәсілі болды.

Суретшінің негізгі және басты міндеті – бояуды, қалам ізін, мәрмәр мен коланы жанды бейнеге айналдыра білу. Кез-келген кескіндеме оның ішінде портрет те бар, суретшінің жанында көптеген әсерлердің қосылуындағы образдардан туындайды, бояуға да, не мәрмәрға да еш ұқсамайды. Әрбір суретші ішкі сырын сыртқы ортақ тілге «аударумен» айналысады. Интуицияны қосқанда барлық бес сезімге әсер ететін мөлдір де, езгелек образды түс немесе қола тілімен қабылдап, түсіну қажет. Әр дәуірде бейнелеу өнерінің әр түрлі жүйесі жасалынды. Әлемдік бейнелеу өнері процесіне кіретін біздің суретшілер оларды XX ғасырда ғана дайын күйінде пайдаланды. Алайда, өзіндікі туралы айтуға тура келгенімен бұл олардың қызметтерін төмендетпейді. Әрбір тіл оны жақсы сөйлеу үшін қызмет етеді. Ол үшін дарын мен мектеп қажет [2, 161 б].

Қазақ кәсіби бейнелеу өнерінің пайда болған кезеңінен бастап 1980 жылдарға дейінгі жетістіктері айрықша болды. Кескіндеме туындылары мазымұндық ерекшеліктері негізінен халықтық сарын және ұлытқа тән философиялық дүние таным мен табиғат көрінісін кеңінен енгізу арқылы әлемді тұтас қабылдауын көрсетеді. XX ғасыр 60-80 жылдарда шығармашылық жұмыспен айналысқан Қазақстан суретшілерінің Қазақстан өнеріне қосқан үлесін бағалау - өте қиын да күрделі құбылыс. 60-жылдықтардың өнеріндегі ең күрделі болған ұлттық және өзін-өзі тану мәселесі, сонымен қатар олардың өмірі мен шығармашылықтарындағы белгіленген жолды аяғына дейін жүріп өтуге мүмкіндік бермеген ең қиын қарама-қайшылық еді. Соған карамастан, олар XX ғасырдағы көркемөнерлік ойдын жеңісі мен аймақтық, көркемөнерлік дәстүрді үйлесімді де жан-жақты талдай отырып, ұлттық бейнелеу өнері мектебінің негізін салып үлгерді. Міне осынысымен де олар Қазақстанның бейнелеу өнерін, оның халықаралық мәдениеттегі алатын орнын, ондағы жекелеген шығармашылық тұлғалардың ролін анықтау болып табылатын, келесі кезеңнің мәселелеріне әкеп тіреді.

Түстің кескіндемелік қасиеттері, оған деген Қазақстандық суретшілердің айрықша органикалық сезімтаддығы Қазақстандық станоктік кескіндемелердің ерекше сапалық қасиетіне, ал көптеген авторлар үшін көркемөнерлік ізденістің және шығармашылықтарын іске асырудың дәрісіне айналды. Бұл 60-жылдардың көшбастаушысы, сондай-ақ, творчествосындағы ең маңызды мәселелердің бірі көркемөнерлік айқындылықтың ұлттық амалын анықтау болған.

1960-1980 жылдардағы қазақ кескіндеме өнеріндегі туындылардың эпикалық сипаты мен монументалды шешіміндегі халық тұрмыс тіршілігінің дәстүрлі көрінестері арқылы «ұлттық стиль» қалыптасты. 1970 жылдарда қалыптасқан үздік сипаты бар ұлттық мектеп негізінде тәрбиеленген қыл қалам шеберлері өздерінің жеке көзқарастары негізінде тақрыптарында ұлттық дүние мен қоғамдағы қарама қайшылықтарды бейнелеу жаңа мазмұндық және көркемдік пластикалық ізденестерді қарастырған.

1966 жылы Қазақстан Суретшілер одағы ұйымдастырған жас суретшілердің Бірінші көрмесінде көптің назары Салихитдин Айтбаевтын

(1938—1994) «Бакыт» (1966 ж.) полотнотына ауған еді. Бұл жұмыс туралы көп айтылып, тіпті соңғы жылдарға дейін жазылып та жүрді: мұнда ұлттық дәстүр мен интернационалдық әсер етуге негізделген суретшілік ізденістің жалпы бағыты көрсетілген картина негізгі бағытты көрсететін бағдарламалық шығарма болып табылады. 60-жылдардағы біздің бейнелеу өнерімізге тән монументализациялау мен типизациялаудың шегі, Қазақстандық қатал стильдің версиясы. Авторлардың шығармаға деген көзқарастары даусыз дұрыс, бұл аспектілердің барлығы да мұнда бар. Сонымен қатар, ол бүгінгі күні ғана өткен жүз жылдықтың аяғына дейін дамыған Қазақстан бейнелеу өнерінің жаңа кезеңін таңқалдырған, көркемөнердегі құбылыс ретінде танылып отыр. Оның көптеген басты мәселелері — шығармашылықтағы еркіндіктің, жалпы ұлттық және жеке бастың өзін-өзі тануға талпынудың, көркемөнерді айқындайтын жаңа құралдарды дайындау мен пайдаланудың қажеттілігі еді [3, 121 б].

Алпысыншы жылғы қазақ суретшілері үшін бұл проблемалар академиялық және идеологиялық ережелердің таптаурын жолына түскісі келмегендіктен, орыс-еуропа стилистикасына қарағанда аймақтың өз мәдениетінің «екінші кезектегі» екенін жан ауырта сезінуден туындап отыр, міне осыдан келіп, көркемөнер мектебінің ұлттық принциптерін «жаңа технологияларда» құруға талпыну қажет болды. Әрине, осы және басқа да өзіндік шығармашылық мәселелерін шешу үшін ең бастысы өнерде өз көңіліндегіні еркін айту қажет болды.

Қазақстанда 60-80 жылдар социализмнің жеңіске жетіп нығайған" уақыты. Жаңа бейнелеу өнері кәсіби тұрғыдан қарағанда бекіген еді, дей тұрғанмен, С.Мәмбеев сәл ертеректе «Творчество» журналында айтқандай: ескі дәстүрлер, таным, ою-ернек өнерінің жолын ұстаушылық өте күшті болды, сондықтан да шын болмысты шыншыл етіп бейнелеуге кешу қиын болды". Өткен кезеңдердегі өнерді формасы бойынша ұлттық, мазмұны бойынша реалистік етіп жасау туралы табысты орындалып келе жатқан нұсқауды «Бакыт» жұмысы түп-тамырымен ұлттық модельге айналдырды: өнер формасы бойынша да мазмұны бойынша да ұлттық болуы тиісті. «Бакыттың» реалистік бағыттан үзілді-кесілді бас тартуы бізді қазақтың көркемөнерлік мәдениетіндегі бейнелеудің дәстүрлік методтары - тайпақтау үстірт, жергілікті дақ, қысқаша, анық және сызықтың кеңдігі және ең бастысы, бейнеліліктің шеңберінде қалғанымен, образдылықтың символикасына оралтады. Мұнда ресми модельден қалғаны: тұтастай советтік өнерге тән оптимистік, жалынды, қызулық сезілгенімен, форманың тығыздығында, бірден өзін-өзі қорғау үшін арпалысқа айналуға дайын әлдебір ширығу сезіледі.

Алпысыншы жылдықтардың жоғарыда қалыптастырған идеялары мен шабытты ойлары туралы баспасөзде, толық түсінікті себептер бойынша, жақ ашылмады, не көзге еленбеді. Көркемөнер шығармашылығының барлық саласында, өзгеше ойларға қарсы тұру байқалды және бұған формализммен күрес қосыла салынды. Бұған мысал - 1963 жылы бүкілодақтық «Советская культура» газетіндегі „тірі форманың өңін айналдырып, субъективті

көзқарасты таңу" арқылы өнерге «жаңа бағытты» күштеп енгізуші, Алматы көркем өнер училищесінің оқытушысы А.Свитичке карсы және «формалистік көрмелерді» өткізу үшін „бағалаушы әрі коллекционер зейнеткер М.Медведевтің үйіне жиналған студенттер Көпбосынова, Әбылқасова, Исмайылова, Мергенов және басқаларды «әшкерелеген» мақала. Орталықтағы баспасөздің алыс аймақтағы училище студенттеріне соншалықты шұқшия көңіл аударуы, мүмкін әлдекімнің құпия хабарының арқасы шығар [4, 201 б].

Суретшінің ақыл-ойлары мен жүректерінде Медоев жаққан «ұлы кешпенділердің оттары» , бүкіл ХХ ғасырды қоса, көне кезеңдерден бастап оның біртұтас даму жүйесінің кейбір кезеңдеріне символды түрде қойылған белгі Қазақстан мәдениетінің тарихи жолына сәулесін түсірді. Қола дәуірінің күн секілді дөңгелектері, сақтар өнерінің айқын, бейнелі анимистік көріністері, түріктік «Аттылы ту ұстаушылар мен сауыт киіп, бес қаруын асынған, жабу жабылып тұмшаланған аттарға мінген серілер», «тарихи құжаттардың әмбебап түрлері» тәрізді. Адамзат баласы тарихындағы көркеменер мәдениетінің бірегейі әрі төл түрі ретінде салт атты көшпелі формация суретшілерінің шығармашылығын алға тартты.

Бұл тарихи ескерткіштер еуропалық көркемөнер классикасынан бірде-бір кем түспейді. Міне сондықтан да, адамзат баласына ортақ құндылықтар арасына оларды енгізіп орнықтыру мақсатында, Қисаметдинов Шекспир (1981) шығармаларына жасаған иллюстрациясына скиф-сақтық мифология образдарын өзгертіп, басқаша етіп және уақыт ағысын қадағалаушы жасаушының символы ретінде тіпті езінің портретін енгізген.

Ұғым алып меңгерілген сабақтар көркемөнерлік дәстүрлердің тікелей сабақтастығын ғана көрсетіп қойған жоқ. Өзіндік образды көркемөнер жүйесін жасаудың жолы бұл уақыттың барлық ағымына үн қосу немесе Пикассо айтқандай: «... өткенді қайталамай, барлығын қайта жасау керек екенін тарихтың өзі үйретті». Сол кездің өзінде алпысыншы жылдық жас қазақстандықтар үшін станоктық өнер принциптері жат емес еді, олар талмай осы жолды іздеді, әрине, олардың ізденістері «ХХ жүзжылдықтың өнерін ашқан» Сезанн, Ван Гог, Гоген төрізді шеберлердің жетістіктеріне, әлбетте сол ғасырдың орталық карама-қарсы тербеліп тұрған баланс күшін іске асыра алған Пикассоның өзінің шығармашылығына бағытталған болатын.

Айтбаев 60-жылдардың аяғында, «Бакыттың» табысынан кейін бұл жұмыстың бейнелілік пен сәндік принциптерін дамытатын сурет пен түстің жалпы, дайын символдық шарттылығына қарамастан, күтпеген жерден жаирлық аспектіні күшейтіп, «Жас қазақтар» (1968 ж.) мен «Қонақ келдіні» (1969 ж.) атты екі картина салды. Суретші 70-жылдардың басында сурет салудың палитрасы мен стилін шалт өзгертті, бұрынғы жұмыстарындағы күн бейнелі ашық түсті гаммалардан бас тартып, көптеген жылдар бойына оның кескіндемесіндегі ең бастыға айналған ультрамарин! басым қара қоңыр, күңгірт түске ден қойды.

Қорыта айтқанда, студенттерді Қазақстан бейнелеу өнерінің жаңа үрдістерімен таныстыра отырып, қазіргі заман талабына сай, актуальды білім

беру олардың келешекке жаңа көзқараспен қарауға ықпалын тигізеді. Тәуелсіздікке талпынған халықпен бірге өнер саласында да еркіндікке бой ұрған суретшілеріміздің еркін ойын шығармаларында көреміз. Ескіні жаңартып, жаңаның мәнін ашып, адамға берер әсерінің ішінде эстетикалық тәрбиенің ықпалы көп екенін аңғарамыз.

Студенттерді Қазақстан Бейнелеу өнеріндегі жаңа үрдістерімен таныстырып, бұрынғы ағымдардан ерекшелігін айырып, сыры мен мағынасын түсіндіру, көркем ойлауға баулып, эстетикаға тәрбиелеу, шығармашылық ойларын дамыту болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Т.Ә.Төлебиев, А.Б.Әлмұханбетов. Өнер тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Арман-ПВ, 2009. - 304 б.
2. А.Б.Вишняков, Р.Т.Көпбосынов. Қазақстан бейнелеу өнері XX ғасыр. –Алматы: Атамұра, 2001.
3. Ү.Әжиев. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері. –Алматы: Өнер. 1984.
4. Қазақстан бейнелеу өнерінің Инжу Маржаны. –Алматы: А. BEREI 2005. - 263.

Резюме

В этой статье рассматривается теоретическая основа Развитие художественного знания студентов с помощью профессионального изобразительного искусства Казахстана в 60-80 -х годов.

Summary

This article discusses the in 60-80 years Kazakhstan to improve the students aesthetic knowledge of professional fine art.

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ НАТЮРМОРТЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Р.Талиев - Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Магистратура
және PhD докторантура институтының 2-курс магистранты

Аннотация: Мақалада шығыс натюрморт жанрына оқушылардың көркемдік қызығушылығын қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу және педагогикалық тәжірибе жұмысында тиімділігін арттыру мәселелері қарастырылады.

Кілт сөздер: натюрморт жанры, Укиё-э, ксилография, жылжымайтын табиғи бейне.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына Жолдауында, «Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы

әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдениет ұлттың генетикалық коды» [1, 8 б.], - деп айтып біздің міндетімізді айқындап берді. Орта мектепте білімді дамытуда білім берудің маңызды мақсаты адамды әдеттегі үйреншікті сана –сезім шеңберінен алып шығатын мәдениеттің биік деңгейіне көтеру. Өнер мен мәдениетті дамыта отырып, жас ұрпақтың эстетикалық және адамгершілік талғам –сезімдерін, көркем білім беруді дамытуды көздеуінде.

Қазіргі кезеңдегі білім жүйесіндегі түрлі өзгерістерден өтіп дамудың жаңа бір кезеңі басталды . Мектеп оқушыларының көркем талғамын қалыптастыруда қазақ халқының бейнелеу өнерінде шығыс натюрморты жанрына қызығушылығын дамытып, бүкіл шығыстық стилдер жиынтығындағы құнды шығармаларды түсінуге, бағалап, бағыт беру, көркем білім беру ісінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып табылады. Шығыс елдерінде 10 – 16 ғасырлардағы Арабтар , Иран , Үндістан арасындағы түрлі миниатюрасы және сол көрініс Орта Азияда ерекше дамыды.Сонымен қатар қытай, жапон, вьетнам халықтарының кескіндемесі өнерінде де ерекшеліктер болды. Яғни қазақ елінің бейнелеу өнері кескіндемесіне шығыс кескіндемесі қисынсыз болмайды. Мысалы, қазақ суретшілері де шығыс үлгісінде натюрморт жанрымен көптеп айналысты, атап айтсақ: А.Ғалымбаева, Г.Исмаилова, Т.Тоғысбаев, Т.Ордабековтерді айтуға болады. Біздің тарихымыздан белгілі шығыс елдерімен етене араласқандықтан бейнелеу өнеріміз осы тұрғыдан дамып жетілді. Шығыстың тарихи қалыптасқан дәстүрлі өнерін ерекше «сезімдік өнер» деуге болады. Мұнда көркем айқындық пен айқындаушы құрал тәсілдер жөніндегі түсінік те бөлек. Шығыс елдерінде жетекші орын алған ою –өрнек, каллиграфия, миниатюраны, Жапон өнеріндегі түсті ксилографияны, Қытай живописіндегі өте нәзік сезіммен орындалған пейзаждық шығармаларды, Орта Азия мен Қазақстан ою – өрнектері мен архитектурасын еске түсіріңіздер. Орта Азияда шығыс натюрморт жанрында бейнелеудің орнын қалыптастырып келген Аббасов Муслим Аждироглы (Әзербайжан), Аннануров Я. (Түркмения), Асам Хафез (Ирак), Бабинов Г.Ф. (Түркмения), Джавадов Тофик Галимоглы (Әзербайжан), Ле Хоа (Вьетнам) суретшілерін айтуға болды.Сондықтан қазіргі кезеңдегі батыстық және түрлі бейнелеу өнерін оқытудан ,өзімізге ертеден тән шығыстық бейнелеу өнерін дамытып отырған жөн. Шығыс натюрморты жанрын оқушыларға тереңдете түсіндіруді жетілдірген дұрыс. Өйткені мектептерде бейнелеу өнері сабағында шығыс натюрмортына аз тоқталатыны бізге мәлім. Сондықтан оқушыларды қызықтырудың сендірудің әдістерін білген дұрыс. Адам қызметінің бағыты бойынша қызығушылық танымдық, техникалық, көркемдік ,қоғамдық, эстетикалық қызығушылық, кәсіптерге және еңбекке қызығушылық және т.б. болып бөлінеді.

Жеке оқушыны дамыту барысында бұл қызығушылықтардың бәрі бірдей бір адамның бойынан табыла бермейтіні секілді, ол тек бір қызығушылықпен шектеліп қала алмайды.Сондықтан қазіргі кездерде көптеген зерттеушілер жеке адамды жан-жақты дамытудың басты шарты ретінде қызығушылықты қалыптастыру қажеттілігін айтады. Сондай

қызығушылықтың бірі –өнерге қызығушылықты көркемдік қызығушылық деп қарастырсақ, мұның өзі тәрбие берудің құрамдас бөлігі.

З.А.Гуцудің айтуынша: көркемдік қызығушылығын қалыптастыру бірнеше кезеңдерден өтеді: өнерге дұрыс көзқарас және көркем шығармаларды терең түсіне білуге белсенді бағыт ұстау, өнер жөніндегі білімге құштарлық туғызу және оны дағдыға айналдыру . Яғни , оқушыларға сабақ барысында шығыс натюрмортын көркемдік қызығушылықты қалыптастыруға болады. Сөйтіп ,оқушылар бойында белгілі бір көркемдік шығармашылық іс –әрекет арқылы көркемдік қызығушылықты қалыптастыру жолдарына назар аударады. Қызығушылықты натюрморт шығармалары арқылы қабылдау және оларды үйрену нәтижесінде қызығушылықты қалыптастыруға болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей ,жалпы қызығушылық жеке адамды жан –жақты білімге ынталандырса ,көркемдік қызығушылық оқушылардың бойында әсемдікке талпынысын тудырып, эстетикалық тәрбие беруде өз үлесін қосады.

Көркемдік тәрбиелеу дегеніміз –өнер құралдарымен тәрбиелеу деген сөз. Ал, эстетикалық тәрбие дегеніміз – Ильинаның айтуынша –өнердегі, табиғаттағы және бүкіл қоршаған өмірдегі әсемді құралдары арқылы тәрбиелеу деген сөз.Сондықтан көркемдікке тәрбиелеу эстетикалық тәрбиемен пара –пар емес, оның өте маңызды, бірақ құрамдас бөлігі болып табылады [2, 134].

Қазақ ғалымдары өз еңбектерінде өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру жолдарын қарастырған .Қазақтың біртуар ағартушысы Ы.Алтынсарин халықтың көркем шығарма туындыларын өте жоғары бағалап ,өнердегі және өмірдегі барлық әдемі нәрселердің құндылығын түсінуге тек қана білім берудің арқасында жетуімізге болады деп есептейді.Ы.Алтынсарин өзінің педагогикалық еңбектерінде , тек білімділікке ғана емес ,мәдениеттілікке де үндейді.Ол: «Мектеп қазақ халқының арасында жаңаша мәдениетте өмір сүрудің жаңа әдет –ғұрып, тәртіп тазалық, қолөнер мен өнердің үлгісі болу қажет», -деп атап көрсетті [3, 40].

Абай Құнанбаевтың эстетикалық көзқарастарында өзінің педагогикалық идеялары мен көркемдікте тәрбиелеу ой –тұжырымдарын өрбіте келіп, 27-ші қара сөзінде былай деп атап айтады: «Сократ пен Аристотельдің пікірлері : «Әуелі көзді көрсін деп беріпті ,егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ляззат алар едік...Құлақ болмаса қаңғыр, не дүңгір дауыс, жақсы үн, күй, ән –ешбірінен ләззат ала алмас едік» [4, 122]. Осы ойды Абай қырық үшінші қара сөзінде толықтырады. «Ол хабарлардың ұнамдысы –ұнамды қалыппен , ұнамсызы – ұнамсыз қалыппен , әрнешік өз суретімен көңілге түседі...Жан қуатыменен адам хасия қылған өнерлері де күнде күнде тексерсен күнде асады. Көп заманнан тексермесен, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдерден бір басқа адам боп кеткеніңді білмей қаласың» [4, 160-161] - деп Хакім Абай айтқандай мұнда адамның көркемдік шығармашылығының негізінде эстетикалық сезімді жатқызады. Абай өзінің

шығармаларында эстетикалық түсініктерге , әсемдік, сұлулық, талғам және т.б. эстетикалық категорияларға арнайы талдау жасамағаны мен оның өлеңдерінде осы түсініктерді қамтитын мазмұнды шумақтар аз емес.

Осы тұрғыда оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруда бейнелеу өнері сабағында шығыс натюрморты жанрларымен таныстырып, әсемдік, сұлулық, талғамын қалыптастыруда сабақ үстінде орындауы, натюрморт жанры аспектілері, яғни заттар түсі, сызықтары, симметрия, пропорция, көлемі, формасы, материалы және т.б. арқылы тәрбие берудің мазмұнын айқындап алу.

«Эстетикалық қызығу, эстетикалық қажеттілікке қарағанда , белгілі бір эстетикалық құнды нәрсені меңгеру мақсатына бағытталған ұмтылыс» [5, 61]. Бұл жерде ол эстетикалық қызығу үлкен бір мақсаттан туындаған іс – әрекет пен саналық, жеке адаммен эстетикалық объектісінің арасындағы тығыз байланыстық екенін айтады. Эстетикалық қажеттілік эстетикалық қызығушылықтың негізі болып табылады, ал бұл екеуінің бір біріне ауысу буынында эстетикалық ләззаттану жатады.

«Өмірде барлық жағдайларда :көңіл көтеруде, қарым – қатынаста, өзін-өзі тануда ,танымда,көркем шығармашылықта ,еңбекте ,тұрмыста –адам өзінің эстетикалық қызығушылығынан қанағаттанады және оны іздейді», - деп тұжырымдады.С.П.Кудрявцева өз еңбектерінде адамның эстетикалық қажеттілігін дамытып қанағаттандыруы сол адамның өзінің психологиялық, физиологиялық, әлеуметтік және материалды, рухани деңгейіне байланысты.

Оқушылардың эстетикалық қажеттілігі мен қызығушылығын қалыптастыру, дамыту формасы мен әдісінің тиімді жақтарының бірі қазіргі уақытта олардың эстетикалық қажеттілігімен қызығушылығының мазмұны мен тенденциясының (негізгі ой мақсаты) өзгеруінде деп есептеді.

Оқушылардың бейнелеу өнері сабағында қалыптасатын қызығушылығы қандай белгілермен ерекшеленеді дегенге келсек. Егер ғылыми –жаратылыстану бағыттағы сабақтарда мұғалім логикалық, ұғымдық ойлау қабілетін терең дамытуды міндет етсе ,көркемдік –эстетикалық бағыттағы сабақтарда мұғалім өзінің пәнінде басқа нәтижелерге жетуге талпынады, атап айтсақ:оқушылардың санасында көркем бейнелердің көрінісін табуға көмектеседі ең бастысы, өмірді, білімді, өзін эмоционалдық көзқараспен қарауды үйретеді.Көркем –эстетикалық бағыттағы оқу пәндерін меңгеру процесінде қалыптасатын қызығушылықтың ерекшелігі туралы мәселені қарастыру да міне осыған байланысты.


Оқушылардың қызығушылығын қалыптастыруға әсер ететін факторларға оның жеке шығармашылық танымы, өзін –өзі тәрбиелеуге және өз бетімен білім алуға қажеттілік, белсенділік, ой дербестігі жатады. Адамның қоршаған ортаға эстетикалық қатынасының көрсеткішінің бірі– эстетикалық қызығумен эстетикалық қажеттілік.Өнерге қызығушылық көркемдік қызығушылық болып есептеледі. Ал біз өзіміздің зерттеуіміздегі шығыс натюрморты жанрына қызығушылықты кең мағынасында алып қараймыз.

Шығыс натюрмортын қызығушылығында эстетикалық құндылығы бар объектіге мақсатты танымдық қатынасты түсінеміз. Қызығушылық объекті мен субъектінің эмоциялық әсер толқынысы мен түсінігі арасында пайда болады. Қызығушылық деп көркемдік –эстетикалық қызығушылықтар айтылып отыр. Бұл арада көркемдік қызығушылықтар іс–әрекеттердің мазмұны мен мақсаты, эстетикалық ләззат алудан объект жеке мәнді эстетикалық құндылыққа айналады, ал қайта сынақтан өткен эстетикалық ләззат алудан эстетикалық қызығушылық қалыптасады. Бұл мәселені жан –жақты ашып көрсету үшін біз өзіміздің жұмысымызда бейнелеу өнері сабағында шығыс натюрморты жанрына оқушылардың қызығушылығын қалыптастырудағы оның тәрбиелік мүмкіндіктерін қарастырдық.

Еуропалықтардың түсінігінде Қиыр шығыс аймағы елдерінің өнерінде натюрморт жанры болмады. IX ғасырда Қытайда қалыптасқан Тан кезеңіндегі «Хуа-няо» — кескіндемесіндегі «гүлдер және құстар» жанрындағы жұмыстары жанында жансыз заттар болмауы, еуропалықтар сияқты суреттер бір мағыналы жүйеде салынбады. Ежелгі қытайлықтар өзінің жиынтық болжағыш қағидаларымен әлемге тез таныстырылды. «Гүлдер және құстар» жанрдың рухани мағынасы әр түрлі гүлдер мен құстардың түстерін жаңғыртумен болды, ал кейде осы жанрдағы ұқсас заттарды да бейнелеп отырды.

«Өсімдік және гүлдер» кескіндемесі әдістері туралы айтқанда қағидаттары мен көп тәсілдері, гүлдерге арналған ыдыстары туралы емес, өсімдіктердің алуан түрлі бейнесін, белгілерін сипаттайды. Бұтақтардағы немесе өсімдіктердің қабықпен өмір сүруі және жанды жылы тыныс алуын көрсетуге болады. «Қашан мен құрт-құмырсқа көремін, гүл немесе бір тал шөп, мен оларға өмір тілеймін. Әдемілік жойылғанын маған көру қиын», [6, 101] –деп жиі айтатын Ци Бай-ши. Сондықтан оның жұмыстарындағы шырмауық кеңістікте еркін иретіліп, хризантема жерден жоғары өседі, асшаяны жылғада көңілді асыр салады.

Тек XX ғасырда «хуа- няо» кескіндемесінде тұрмысқа қажетті заттардың бейнелері араласа бастады: гүлдерге арналған ыдыстар, үстелдер және орындықтар, себет, қармақ, қылқалам т.б. Біздер үшін өте қызықты болып көрінеді онда, ежелгі бейнелеу өнері қағидаларында заттардың жанды формасын көрсетуі. Е.В. Завадскаяның жазуынша, Ци Бай-шидің шығармашылығы, «ырғақты болып (сызық және гүл) өз жұмыстарын қатарын жандандыратын. Осылайша өз жұмыстарында тырма және қармақты, себет және шәйнектер, шырақ, тағамға арналған таяқша, тіпті бухгалтерлік есепшотты бейнелеп көрсете бастады»[7,101б]. Қорыта келгенде, дәстүрлі қытай кескіндемесінің шеберлерінде, тірі құстар әлемі бейнесін бейнелеу әр бір адамның үйіне ілінді, ал бейнені тірі күйінде сезініп, табиғат өмірге енетін деп қабылдады ! Композицияның үзіндісін фильмдегі шексіз ғаламның



Сурет 1- Ци Бай-ши.
Жеміс.1936.Тушь

әдемі қысқа мерзімді стоп-кадры келтірілгеніндей әсер пайда болады. (сурет 1-2).

Қытай шеберлері бейнелерінің тірі күйінде сезінуі құпиялықтарына жетуі он жылдықтар ішінде болды. Ци Бай-шидің 1944 жылғы «Шырақ» атты жұмысына талдаулардан ұғынатынымыз жеңіл шығарманың маңыздылығы. Еуропалық үшін бастысы, шырақ болып көрінеді, қытайлық үшін — балға ұшып бара жатқан ара. Майлы бояу суретшісінің кейбір жұмыстарында шырақты әсірелеуде ара ғана емес тышқан да бар. Мұндай тышқан туралы суретші кекесінмен жазады: «Менің май шырағым бұлыңғыр, бір өкініш шақырғандай. Ал сен әр түнде май ұрлау үшін қолдандың. (Мен қараңғыда өлең жаза алмас ем.) Өттең, менің кескіндемем ақшалай түсімді



Сурет 2-
Ци Бай-
ши.
Құмыра
және
жемісте
р.1946.Ту
шь

көп бермейді, мен үшін соған қажетті май сатып алу» [8, 114] Суретші натюрморт қойылымен күрделі сюжетті сахнаны көрсетіп сендірген.

Құмыра немесе гүлге арналған себеттер және жемістер композицияда қашан жиі жағдайда қосылады, бұлар басты әдемілікте қолданыста болса көріністердің адам қаратуы үшін ерекше қызмет етеді. Ашық түсті жемістер мен жасыл жапырақтар боз түсті себетке қызыл қоңыр түс жалындағандай көрінеді. Ци Бай-шидің «Дайындау» тақырыбында бейнелеп көрсеткен үй іші натюрморт композициясынан жапырақты санауға болады.

Эдо қаласында XVII ғасырда пайда болған Укиё-э (укиё -баянсыз әлем, күнделікті қарбалас, э- сурет ,бейне, көрініс) жапон шеберлері көркем мектебінде бейнеленетін затты баспа графикасында ең сәтті орындады. «Б.Г.Воронова жапон гравюра зерттеушісі жазуынша –Укиё-э ұғымы, сонымен қатар дәл осылай сөз, елеулі табиғи дамудан өтті. – ертеде әлем басында Буддизмның терминологиясы "баянсыз, қарбалас" белгісімен пайда болғаны, расында оны қарсы қою, соңынан ол "қазіргі"немесе "сәнді" рең алды. Укиё-э өнер шығармашылығы халықтың арасында өз орнын былай алды: қарапайым өмірлік құндылықтарға қуантатын болашақты суретші бейнелеп көрсетті - әйел туралы күнделікті және тартымды поэзия, әдемілікке итермелеп, мерекелік ойын-сауық және театр оқиғаларын көрсетті. Бұл өнер күнделікті қайғыны ұмытуға көмектесті, халыққа көңілді демалыс берді, армандап ақындық әлемге әкелді» [9, 433-434].

Сонымен қатар Қытайда, көркем дәстүрлері жапон ксилографиясы бейнелері, ежелгі көркем дәстүрлерімен байланысты. Контур сызығы, жазық, тегіс силуэт, дәл салынған сурет түс жазықтығына күш береді. Бұлардың бәрі кескіндемеде жақсы жан-жақты болып зерттеген, графика да бұл тәсілдерді енді қолданылды. Бейнелерді шығару пәндік болған іс емес, қай ықпалдың әсерінде болмасын қытай және жапон көркемдік дәстүрлі өнерінде айрықша болды.

Жапондықтар тұрмыстық қызығушылық танытып, суретші көркемдік тәсілдерді укиё-э өзінің біртумалығынан тез дамыды. Сонымен қатар қытай натюрморт жанрдың дамыған жолында, жапон ксилографиясы кесдеспейді, бірақ түнгі құмарлық бейнесінде адамның заттық ортасында құрылған сюжетті бейнеленген натюрморт жеткілікті болды. Қорапшалардан композиция, шырақ, оралған қағаз, шүберектермен шыны аяқтардан құралған бейненің суретін суретшілер сүйсіне салды. Гравюра және басқа белгілімен айналысқан шеберлері Кацусика Хокусай, Андо Хиросиге болды. Натюрморт салушы топтарына мүмкіндік берді «көрермен, гравюраны қарастырушы, жанның ерекше күйінде жаттықты, дене бітімін түсінуге жақсы көмектесті, көрінетін көріністе, автор әлемдік бейнедегі көріністегі ойларын гравюраға ауыстырады» [10, 295 б]. Хокусаяның композициясындағы ең маңызды мағыналы гравюра «Фонарда», ал ағаш жылқыда - бастысы гравюра «Ағаш жылқы». Хиросиге гравюрасында «Асакуса округіндегі күріш далалары. Торино маси мерекесі өту уақытында» алдыңғы планда шыны аяқ және сүлгі, композициядағы оралған қағаз адамның бөлмесіне қатысы бар туралы және мағыналы үйлесім жасайды. Міне жапон суретшілерінің де натюрморт жанрындағы ерекшеліктерін байқауға болады.

Қорытындылай келе, бейнелеу өнері сабағында натюрморт жанры арқылы эстетикалық қызығушылығын қалыптастырсақ тұлғаның құнды қасиеті, оның жан –жақты рухани дамуының көрсеткіші болып табылады деуге болады. Көркем қызығушылықтың мәнін зерттеу, оның педагогтардан ерекше көзқарасты талап ететінін көрсетті, атап айтсақ оқушыларға шығыс натюрморты арқылы эстетикалық қызығушылығын дамыту олардың қабылдаған көркемдік бейнелеріне қарай біріге әсерленушілігін қалыптастыруға байланысты. Сонымен бірге біз бір мезгілде балалардың эмоционалдық талғамын қалыптастырамыз, қабылдаған көркемдік әсерін ой-елегінен өткізу процесін тереңдетеміз. Натюрморт бейнелету арқылы эстетикалық қызығушылықты дамыту бейнелі ойды ынталандыруға ықпал етеді, сұлулықпен қатынаста алған эстетикалық ләззатті сезіне білуге үйретеді. Бейнелеу өнеріндегі шығыс натюрмортына қызығушылық өмірдегі адамға қажетті эстетикалық құндылықтар мен құбылыстарды танып –білу мақсатымен өз қалауы бойынша жасалатын нысаналы іс – әрекет екені белгілі. Ал мұндай іс – әрекетті оқушылардың бойында қалыптастырып, қызығушылықты оятудың маңызы зор екені күмән туғызбайды. Жас жеткіншектерімізді еңбек етуге үйретіп, эстетикалық талғамын күшейте беруде біз аянбауымыз керек. Сурет салу өнеріне деген қызығушылығын арттыруға бағыттау керек. Соның ішінде шығыс халықтық рухани қазынасын үлгі етсе, шығыс натюрморты жанрын салуға саналы түрде оқып үйренуге дағдыландырса тиімді болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан -2050 әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы / Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана : «Елорда», 2013. -44 б.
2. Ильина Т.А. Педагогика / Педагогтық институттардың студенттеріне арналған оқу құралы. -Алматы: Мектеп ,1977.-134б.
3. Сыдықов Ә.Ы. Алтынсариннің педагогикалық шығармалары мен ағартушылық қызметі. -Алматы: Мектеп, 1969. -40 б.
4. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Екі томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Жазушы, 2003.
5. Эстетическое воспитание школьной молодежи /Под ред. Б.Т.Лихачева, Г.Зальмона. -М: Педагогика,1981. -278 с.
6. Завадская Е.В. Ци Бай-ши. М., 1982, 101 с.
7. Завадская Е.В. Указ. изд., 101 с.
8. Завадская Е.В. Указ. изд., 114 с.
9. Очерки по истории и технике гравюры. Тетрадь 11//Японская гравюра XVII-XIX веков. М., 1987, 433-434 с.с.
10. Энциклопедия натюрморта. М., 2002. -295 с.

Резюме

В этой статье рассматривается теоретическая основа формирования интереса красочности у учеников через натюрморта стран востока.

Summary

This article discusses the theoretical basis of the formation of interest in students through colorful still life of the east.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ЗАТ АТАЛЫМДАРЫН ТУДЫРАТЫН РЕҢК МӘНДІ ЖҰРНАҚТАР

Алтайбаева Д. –

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
4-курс студенті*

Ғылыми жетекшісі: *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, ф.ғ.д*

Б.Қасым

(Алматы, Қазақстан)

Түркі тулдеріндегі тілдік бірліктерді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана *түркі* халықтарының **тілдік табиғатын** шынайы танып білуге жол ашады. Тілдің өзге де құрылымдық тілдік бірліктерінің өзді-өздеріне тән жүйесі болатыны сияқты, сөздің құрылымдық бірліктерінің бірі болып есептелетін қосымшалардың жүйелі құбылыс екенін, біріншіден, түбір морфемамен түйіскендігі қарым-

катынастарынан байқауға болса, екіншіден, олардың грамматикалық, семантикалары мен грамматикалық қызметтерінен де көруге болады.

Қосымшалар іштей: сөз тудыратын қосымшалар, сөз түрлендіретін қосымшалар болып бөлініп, олардың әрқайсысы өзді-өздеріне тән сипаттарға ие. Жаңадан сөз жасау қабілеті жұрнақтардың бәрінде бірдей болмайды. Олардың кейбіреулері арқылы туған жаңа сөздер жұрнақ жалғанған түбір қай сөз табына тән болса, сол сөз табының аясында ғана қалып қояды. Мысалы: Соқпақ бұралап ағып жатқан бір кішкентай *өзеншікке* келді. Нұған, Ғалияһнұр, мен тағы үш-төрт жігіт «Шарықтас» аталатын *өзенсымақтың* бойында жайылып жатқан қалың жылқыны біраз уақыт араладық. Осы екі сөйлемдегі *өзеншік*, *өзенсымақ* деген сөздердегі *-шік*, *-сымақ* жұрнақтары *өзен* деген зат есімнің бастапқы лексика-семантикалық мағынасынан алыстатпай-ақ, соның негізгі лексикалық мағынасының аясында ғана қалдырып, демек, сол категорияға ауыстырмай, тек өзеннің кіші екенін, я өзеннің өзендік қасиетінің мардымсыз екенін білдіретіндей ғана мағына үстеп тұр.

Бір алуан жұрнақтар өздері жалғанған сөздерден лексикалық мағынасы бар басқа немесе басқа бір сөз табына тән жаңа сөз тудырмайды, түбір қай сөз табына тиісті болса, сол сөз табына тиісті сөздер, демек, ішкі категориялық жаңа формалар тудыратын осындай жұрнақтарды «форма тудырушы» және сондай форма тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған жаңа формаларды «ішкі категориялық формалар» деген анықтама берілген «Қазақ тілінің грамматикасында» [1; 11]. Ал, ондай формаларға зат есімнің эмоциялы экспрессивті рең (мағына) жасайтын жұрнақтары кіреді. Олар: *-ш*, *-ша*, *-ше*, *-шық*, *-шек*, *-шік*, *-тай*, *-жан*, *-қан*, *-қай*, *-й*, *-ек*, *-сымақ* жұрнақтары болып табылады.

Реңк мәнін тудыратын жұрнақтардың кейбіреулерінің шығу төркіні туралы мынадай пікірлер бар:

-шақ (-шек) жұрнақтарының шығу тегі де түркологияда түрліше түсіндіріліп жүр. Ғалым Ә.Ермековтың мақаласында: академик Н.Я.Маррдың айтуы бойынша бұл аффикстің арғы төркіні *бала* сөзіне соғады деген пікіріне тоқталады. Бұл пікірдің растығын дәлелдеу үшін: осы күнгі түркімен тілінде қолданылып жүрген *шаға* сөзінің қазақша эквиваленті (баламасы) – *бала* деген сөз. Қазақ тілінде *шаға* сөзінің бір өзі дербес *бала* мағынасында қолданылмайды, тек *бала-шаға* дегенде қос сөздің бір сыңары ретінде жүреді.

Түркімен тіліндегі *шаға* сөзі мен қазақ тіліндегі *құлынишақ* дегендегі *шақ*-тың айырмасы дыбыстық жағында: қазақшада *а* фонемасы түсіп қалған, сондықтан оның *қ* дыбысы ұяңға айналмай, өз қалпында сақталған, ал түркімен тілінде соңғы *а* сақталған, осының нәтижесінде *қ* қатаң дыбысы ұяңдап, *ғ* болған.

Академик Н.Я.Маррдың пікірі бойынша, осы күнгі орыс тілінде *дитя*, *ребенок* деген сөздердің семантикасы *солнце* деген сөзбен шендес. Осы жорамалдың ғылыми ақиқаттығын қазақша *шақ* (уақыт, мезгіл деген мағынадағы *шақ*) деген сөз қуаттайды; осы тұрғыдан қарағанда, *Шаған*

(өзеннің аты), *шағын* деген сөздер де этимологиясы жағынан *шаған* (кіші, кішілік) деген сөзбен шендеседі [2; 62].

-шық, -шік жұрнақтарын кейбір түркологтар;
-шақ, -шек жұрнағының дыбыстық жағынан ғана бөлектеніп тұрған жіңішке сыңары («узкая разновидность») деп қарайды.

Ал А.Фон Габен «-чыг» және «чаг» жұрнақтарының төркіні кішірейткіш мағына беретін -ч, -ық, пен -ч, -аг қосымшаларының кірігуінен пайда болған құранды формант деп қараса, кейбір түркологтар соңғы г дыбысының түсіп қалуы арқылы жасалған дара аффикс ретінде қарайды.

Бұл жұрнақтарды Э.В.Севортян өз еңбегінде ең көне жұрнақтарға жатқызады [3; 98]. -ша, -ше жұрнағын көптеген түркологтар оның шығу төркіні жеке сөздермен байланыстырады. А.Есенқұловтың еңбегінде: *шама, шамасы, шақты* сөздерінен қысқарып, жұрнаққа айналған деген пікірі бар.

Э.В.Севортян еңбегінде профессор Ж.Дэни -чыг, -чаг, -ча қосымшаларды -чаг сөзімен байланыстырады да, -га қосымшасы сөз тудырушы қызметімен қатар, сөз түрлендіруші (септік жалғау) қызметін атқарады деген. -ш жұрнағын кейбір ғалымдар башқұрт және эзербайжан тілдеріндегі ескіден келе жатқан тарихи, ең көне қосымшалардың бірі саналған. А.Есенқұлов -ш жұрнағы қазіргі түркі тілдерінің, соның ішінде эзербайжан тілінде осы күнге шейін жаңа сөз тудыратын жұрнақтардың бірі болып есептелетіндігін айтап өтеді [4; 94]. -тай жұрнағын И.А.Батмановтың айтуы бойынша бұл жұрнақ қазақ тілінен қырғыз тіліне ауысқан. Мысалы: қазақша – *ағатай*, қырғызша – *абатай*.

Лексикалық мазмұны жағынан жаңа сөз тудырмай, сөздерге әр қилы эмоциялық әсер, экспрессивтік реңк үстейтіндей қосымша семантикалық мағыналар ғана жамайтын жұрнақтар бар. Олар зат есімнің реңк мән тудыратын жұрнақтар: -еке (-қа, ке), -й, -тай, -жан, -қан, -ақан, -қай(-кей), -тақ(-тек), -шық(-шік), -та(-те), -ш, -сымақ, -екеш (-егеш) т.б. формалары жатады. Бұл жұрнақтардың мағынасы әлі толық ашылмаған. Олардың сөз мағынасын өзгерту, лексикалық мағына жасау қабілеті бар-жоғы даулы мәселе. Соған орай, олардың сөзжасамға қатысы да анықталмаған. Бұл тұрғыда мынадай жағдайлар ескеріледі:

➤ Сөзжасамның жалпы теориясында сөзжасам бірліктерінің сөз мағынасын өзгертуі (derivационное значение) және сөз мағынасына үстеме мағына қосу (модифицирующие значение) танылып жүр.

➤ Қазақ тілінің грамматикаларында да осы жұрнақтардың сөз жасаушы жұрнақтар тобында беріліп жүргені де бар.

➤ Сонымен бірге, *иттің күшігі* мен *үй* деген сөздің, *бала* мен *балапан*, *көке* мен *көкетай*, *Қасым* мен *Қасымжан* сияқты қолданудың мағыналық жағынан да дербес сөз ретінде танылуын тіл тәжірибесі көрсетіп жүр. Әрине, дәл осы жұрнақтардың сөздің лексикалық мағынасын мүлдем өзгертіп жібермей, үстеме мағына қосып, тілде өзінше сөз ретінде қолданылуы да көп. Мысалы: *аға, агеке, ана, апай, кітап, кітапша* сияқты қолданылуда мағына мүлдем өзгерген деп дәлелдеу қиын. Бірақ сөз тұрғысынан, дербестігінен

тануға болады деп айтылған «Қазіргі тілінің сөзжасам жүйесі» деген еңбекте [5; 29].

Реңк мәнін тудыратын жұрнақтар өздері жалғанған сөздерге кішірейту, еркелету, үлкен тұту, сыйлау, қомсыну мағыналары үстейді. Осы мағыналарды мынадай жұрнақтар үстейді:

➤ *-еке, -қа, -ке*, жұрнақтары жалпы және жалқы есімдерге жалғанып, сыйлау, құрметтеу, үлкен тұту сияқты мағыналық реңктер үстейді. Өзі жалғанатын кейбір сөздердің толық түрлеріне тікелей тіркеспей, соңғы дыбысы я соңғы бір немесе бірнеше буыны түсіріліп барып жалғанады. Мысалы: - *Агеке*, жеткенде ұйқы бір-ақ қансын, жарықтық, аңсаппыз ғой дала ауасын. - *Әжесек*, мынадан бір-ақ уыс жейін бе? Қарным ашты, көзім қарайып барады, әжеке? – деді. Осында *ага, әже* сөздеріне *-ке, -к* жұрнақтары қосылғанда, сыйлау, құрметтеу, әдептілік мағынаны беріп тұр. Бұл жерде осы жұрнақтар арқылы жаңа сөз туып тұрған жоқ, тек грамматикалық мағынасы құрметтеу, сыйлау сияқты мағынаны үстейді. Сонымен бірге тіліміздегі *еке (Құнеке, Есеке)* жұрнағы *үке* деген сөзден шыққанға ұқсайды – дейді Ғ.Мұсабаев.

➤ *-й* жұрнағы негізінде туыс атауларына жалғанып, оларға сыйлау, құрметтеу мағынасын қосады. Мысалы: Ұлтуған жеңгейдің үш мезгіл беретін тәтті тамағы Ғабит екеуімізге курорттық жағдайдан кем болған жоқ. Осы сөйлемде *-й* қосымшасы қазіргі әдеби тілімізде тек жақын туыс атаулының аясында ғана қалмай, алыс-жақындығына қарамастан, құрмет тұтатын жасы үлкендердің бәріне де қолданыла беретіндігін жоғарыдан байқалады. Н.А.Баскаковтың *-й* жұрнағының демеулік *-ай* шылауынан деген пікірі бар. Көбіне *кішіпейілдік, сыпайыгершілік* мәнде жұмсалады.

➤ *-тай* туыс атауларына жалғанып, оларға кішірейту, еркелету, ізет көрсету сияқты қосымша мағына үстейді. Мысалы: *Ағатай, көкетай!* – деді ол даусы шырылдай шығып. Осы сөйлемде, ағаны құрметтеу, ізеттеу мағынасында жұмсалған.

➤ *-жан* жұрнағы көбіне адамзатқа қатысты бір алуан сөздерге және кісі аттарына жалғанады да, оларға әрі еркелету, әрі кішірейту реңкін үстейді. Мысалы: Айналайын, *келінжан*, өркенің өссін!...

➤ *-қан(-ақан)* жұрнақтары өнімсіз болғанымен еркелету, кішірейту реңкін білдіру үшін қолданылады. Мысалы: Ержаным, *ботақаным*, қайда кетті, қайда кеттің, қайда екенсің жалғызым?

-қай(-кей) – өнімсіз форма болып табылады. Мысалы: Туыстарыңа қарайласып, көмегіңді тигізшеңші... Иттің құлы *итақай* құрлы жоқпыз ба – деп Шымырбай қалды. Осы сөйлемдегі *-қай* аффиксі кішірейту мағынасын білдіріп тұр.

➤ *-шақ(-шек)* жұрнағы кішірейту, еркелету мағыналарын үстейді. Мысалы: *Қыз-келіншектер* ауылда қалып, Абай өз жолдастарымен он-он бес кісі боп бөлек аттанып, әрлі-берлі жүрген қалың топтан оқшауырақ шығысты.

➤ *-шық(-шік)* жұрнақтары да кішірейту, еркелету мағынасын үстейді. Конкретті зат есімдерден кішілік мағынасын білдіретін атаулар тудырады

Мәселен, Гүлшаш күшігіне *күркешік* жасап бермек болып, еңісте алабота шауып жатқан. Үйге келгесін, қапшықтағы бар астықты есекке артып, кеңсенің алдына апардым. Осы жердегі *-шық*, *-шік* кішірейткіш мағынасында.

➤ *-ша*, *-ше* формасы зат есімдерге жалғанып, кішірейту ұғымын білдіреді. Мәселен, Үлкен киіктер қатарында бір *киікше* тұр.

➤ *-ш* жұрнағы кісі аттарына және бір алуан жалпы есімдерге жалғанып, оларға, еркелету, кішірейту, аялау тәрізді қосымша мағына жамайды. Бірақ кісі аттарына, сондай-ақ, кейбір жалпы есімдерге қосылғанда олардың толық түрлеріне тікелей тіркеспейді, я соңғы дыбысы, я соңғы бір немесе бірнеше буындары түсіріліп барып жалғанады: Ендеше, *Байдаш* аға, байлық сол болсын...

➤ *-сымақ* формасының өзі төл жұрнақтардан айрықша бір ерекшелігі сөздің я оның соңғы буынының жуан не жіңішке болуына қарамастан, үнемі жуан қалпын сақтап отырады. Мәселен, Тым болмаса аяқ аттар *атсымақ* алар ма екенбіз деп ініміз екеуміз Тайтабай байға жалға тұрдық. Бұл жұрнақ өзі жалғанған зат есімдерге *қомсыну*, *кекету* тәрізді салыстыру ұғымын үстейді.

➤ *-екеш(-егеш)* – бұл жұрнақ категориясы ретінде қалыптасып кетпеген, жұрнақ пен көмекші (шылау) сөз категориясы арасында тұрған форма. Бұл форма есім сөзбен тіркесіп оған қомсыну, менсінбеу, кем тұту сияқты мағыналық реңк жамайды. Мәселен, *Кен егеш* кенге осындай тар адам болады екен-ау!

Э.В.Севортян еңбегінде әзербайжан тілінде де реңк мәнін тудыратын жұрнақтар бар деген пікірінеде: *-чыг*, *-чаг*, *-ча* аффикстері кішірейту, еркелету мағынасын береді дейді. *-чыг* жұрнағы әзербайжан тілінде төрт нұсқалы түрде қолданылады: *-чыг*, *-чик*, *-чуг*, *-чүк*. Бұл жұрнақ кішірейту мәнде жұмсалады. Мысалы, *габырғачыг* – *қабырға*; *дамарчыг* – *талшық*; *аначыг* – *анажан*; *бачычыг* – *қарындас*; *алмачыг* – *алма*; *топачыг* – *түйіршік*.

Түрікмен тілінде бұл жұрнақтың басқа тұлғасы кездеседі. Мысалы, *багжык* – *бау*; *газанжык* – *бақыраш*.

Түрік тілі: *кӧргӧйсӧк* «кішкене көпір», *civiciк* «шеге».

Қырғыз тілі: *айчык* «айшық»; *кӧлчүк* «көлшік»; *кыйырчык* «шөпшек».

Тыва тіл: *чанчык* «құты».

Кейбір түркі тілдерінде (түрікмен, түрік) *-чыг* жұрнағымен *-чыгаз*, *-жагаз* жұрнақтары да кішірейту мәнде қолданылады. Ғалым айтуы бойынша түркімен тілінде *жагаз* деген форма кішірейту мағынасын береді. Мәселен, *аялжагаз* – *кішкентай әйел*.

-саг жұрнағы. Мысалы, *гурсаг* – *құрсақ*; *quruysaq* – *асқазан*. Ал өзбек тілінде *саримсоқ* – *сарымсақ*, яғни *-соқ* формасында, башқұрт тілінде *һарымһак* – *сарымсақ*, *-һак* формасында келеді.

Көне жұрнақтардың бірі *-ч*. Ол кішірейткіш мағына үстейді. Бұл жұрнақта әзербайжан тілінде кішірейту мағынасымен бірге үлкейту мағынасы да бар: *анач* – *большой* [3; 169]. Заттардың белгілері бірде тіпті

анық, бірде тым күңгірт немесе сәл ғана артық, я сәл ғана кем деген сияқты әр алуан дәрежеде болуы шарт.

З.А.Құрманәлиева еңбегінде зат есімнің реңк мәнді жұрнақтарының мағыналық ерекшеліктері мол екендігін айта отырып, реңк мәнді жұрнақтардың 7 синонимдік қатарын анықтаған:

№	Реңк мәнді жұрнақтардың мағыналық ерекшеліктері	Жұрнақтары	Мысалдары
1	Құрмет мәнді	-еке, -қа, -ке, -а, -е, -ң, -аға	Нұраға, Секе
2	Сыйлау мәнді	-й	апай, ағай
3	Жақсы көру мәнді	-кеш, -й, -аш, -ыш, -іш, -ш, -тай, -жан	ағатай, ағажан
4	Еркелету мәнді	-қан, -ақан, -қай, -кей, -пан, -шақ, -шек	бұзауқан
5	Кішірейту мәнді	-шық, -шік, -ша, -ше, -ес, -қа, -ат, анақ, -аң, -ең, -ақай	көлшік, балаша
6	Кемсіну, қомсыну, кекету мәнді	-ек, -шекеш, -шығаш, -шігеш, -бай, -сымақ, -шік, -шек	Әкімсымақ, салпақбай, кедей-кепшік, жетімек, бәлекет,
7	Жансыз затқа қатысты үлкейту мәнді	-уыт, -тақ, -тек, -дақ, -дек, -ыр, -пат, -қал, -ай, -ей, -қат	алпауыт

Сонымен қатар З.А.Құрманәлиева зат есімнің реңк мәнді туынды сөздерін екі үлкен топқа бөледі.

➤ **Объектіні бағалауға қатысты реңк мәнді туынды сөздер.**

➤ **Сезімдік мәнді (эмоционалды) туынды сөздер.**

* Жағымды мағынады эмоционалды мәнді туынды сөздер.

- құрмет мәнді туынды сөздер;
- сый, ізет мәнді туынды сөздер;
- жақсы көру мәнді туынды сөздер;
- еркелету мәндегі туынды сөздер.

* Жағымсыз мағыналы эмоционалды мәнді туынды сөздер.

- менсінбеу мәндегі туынды сөздер.
- мазақтау, келемеж, кекету мәндегі туынды сөздер [6; 13]

А.М.Щербак «Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков» атты еңбегінде реңк мәнді тудырушы жұрнақтардың бірқатарын көрсеткен [10; 100].

1) -чiк ~ чук ~ -(-а) - jок - jук ~ -шiк ~ -шук

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	алтай	кіскачiк - қысқалау
2	гагауз	алмаjiк – алма, уjшiк - үйшік
3	қарашай-балқар	ташчiк – тас, көлчүк - көлшік
4	қырғыз	көлчүк – көлшік, оjунчук - ойыншық
5	қырым татарлары	кіскачiк - қысқалау
6	татар	тавчiк - таушық
7	қазақ	көлшік

2) -чак ~ -чок – *jak* ~ - *jok*

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	алтай	<i>балачак</i> – бала, <i>төчөк</i> - бота
2	гагауз	<i>үзүҗәк</i> - жүзік
3	қазақ	<i>күлiншак</i> - құлыншак
4	түрік	<i>күчүҗәк</i> - кішкентай
5	қырғыз	<i>інічәк</i> -інішек, <i>кәлінішәк</i> - келіншек

3) -(a) лак ~ -(a) ләк - o

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	өзбек	<i>кізаләк</i> – қыз, <i>чакаләк</i> - нәресте
2	ұйғыр	<i>ботілак</i> - ботақан

4) -ач ~ -аш -ас

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	алтай	<i>бічічәш</i> - кітапша
2	ұйғыр	<i>анааш</i> – ағажан, <i>һәдәш</i> - әпке
3	шор	<i>аппақааш</i> - аппақ
4	қазақ	<i>Мағаш</i> - Мағауия

5) -ак

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	алтай	<i>коҗонок</i> – қоян, <i>таҗізак</i> - кішкентай

6) -біне ~ қана ~

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	қазақ	<i>кішкәнә қана</i> – кішкене ғана
2	қырғыз	<i>кічінәкә</i> – кішкене
3	қарақалпақ	<i>башикіна</i> – бас, <i>картхіна</i> - қарт
4	татар	<i>ак кіна</i> – аппақ, <i>жіңіл гіна</i> - жеңіл
5	ұйғыр	<i>аккіна</i> - аппақ, <i>татліккіна</i> - тәтті

7) кај

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	башқұрт	<i>әсәкәј</i> - ана
2	қарашай-балқар	<i>атакај</i> - әке
3	татар	<i>балкај</i> - бас
4	өзбек	<i>болакај</i> - балақан

8) -кач ~ -каш – алт

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	қарақалпақ	<i>кушкач</i> - құс
2	якут	<i>сонобас</i> - жылқы

9) -кан

№	Түркі тілдері	Мысалдар
1	қазақ	ботакан, қошақан

Э.Тенишев «Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков» деген еңбегінде түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық,

синтаксистік ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар, ол кішірейту мәнді зат есімдердің жасалуы жайлы мәліметтер қалдырған [7; 100].

Қ қалыбы - бұл аффикстер қ, к қалыбымен келеді.

-ақ/-әк (-оқ/өк)	алтай. <i>салқынақ</i> – жел; татар. <i>башақ</i> ; хакас. <i>позах</i> ; алтай. <i>мажақ</i>
-қа/-кә	қырғ. <i>атаке</i> - әкетай; өзбек. <i>еркә</i> - ер
-қы/-ки	түрікм. <i>атақы</i> - әкетай; тува. <i>авақы</i> - анашым
-қақ/-кәк	өзб. <i>еркәк</i> - еркек; <i>тузгоқ</i> - шаң
-қач/-кәч	алт. <i>қушқач</i> ; тува. <i>қушқаш</i> - құс

Ч қалыбы

ч	көне түркі. <i>Атачым</i> - атам менің; ноғай. <i>абашым</i> - анашым менің
-ач/-әч	хак. <i>хазықас</i> - қайын; шор. <i>өртегөш</i> - үйрек
-ча/-чә	татар. <i>теркімчә</i> - кішкене топ; әзерб. <i>бағча</i> - бақша; қырғ. <i>төкөче</i> - лак; өзб. <i>көприкчә</i> - көпір; ұйғ. <i>алмичә</i> - алма
-чақ/-чәк	алт. <i>балачақ</i> - балақан; қазақ. <i>құлыншақ</i> ; түркм. <i>дөвүнчек</i> - жалғау.

Сонымен қатар, мынандай жұрнақтар бар:

-ај/-әј	кішірейту мәнін тудыратын жұрнақтар. тат. <i>ба^обај</i> - ата <i>а^отай</i> - ата; ноғай. <i>атай</i> – тәте. өзб. <i>бдбд</i> - ата
-лақ/-лә	өзбек тілінде <i>-лақ/-ләк</i> түрінде келеді: <i>буталдқ</i> - ботақан
-ма/-мә	әзерб. <i>гәлмә</i> - кішкентай көлшік
-аш/-әш	алт. <i>ајағаш</i> - тостақ; ұйғ. <i>қызыш</i> - қызым.

М.А.Хабичев «Именные словообразование и формообразование в куманских языках» атты еңбегінде кішірейту мәнді жұрнақтардың көпшілігі – **къакъ** жұрнағынан тарайтындығын айтады. Бұл жұрнақ мынандай тұлғалар арқылы беріледі: *-хакъ, -къыкъ, -къай, -кай, -ай, -къ, -къа, -ка, -къы, -кы, -акъ, -ак, -ыкъ, -ык, -аў, -ў, -а, -ы, -анакъ, -накъ, -на, -накъ, -ныкъ, -па, -пы* [8; 49].

№	Жұрнақтар	Мағынасы	Мысалдар
1	-ай, -ей жұрнағы	көптік және кішірейту мәнде жұмсалады. <i>-ай, -ей</i> жұрнағы арқылы жасалған сөздердің көпшілігі есімді түбірлерден туындайды. Көпшілік сөздерде кішірейту мәні танылмайды, тек еркелету мәнде жұмсалады.	<i>адей</i> - әкетай; <i>къозай</i> - қозы
2	-чар, -цар жұрнағы	Бұл жұрнақ арқылы куман тілдерінде көбінесе үй жануарларының атаулары жасалған. <i>-чар</i> жұрнағы құранды, себебі екі бөлшектен тұрады: <i>-ч</i> (кішірейту мәнді) + <i>-ар</i> (кішірейту немесе салыстыру мәнді). Бұл жұрнақ басқа куман тілдерінде кездеспейді, тек сарығ-ұйғыр тілінде қолданылады.	<i>Бучар</i> - бұғының төлі; <i>бугъа-цар</i> - бұқашық
3	-сын жұрнағы	(ұқсату мәнді) Бұл жұрнақ арқылы табиғат құбылыстарының, тірі организмдердің, сұйықтықтардың атаулары жасалған.	<i>алы-сын</i> - шөп; <i>ал(ы)</i> бастапқы; <i>тюр-сюн-образ</i> ; <i>суў-сун-сусын</i> .
4	-чыкъ жұрнағы	<i>-чыкъ</i> жұрнағы жанды зат есімдерге жалғанып келіп, кішірейту мәнді тудырады:	<i>бала-чыкъ</i> -бала, <i>къыз-цыкъ</i> -жас қыз, <i>ана-цыкъ</i> -анажан, <i>ат-чыкъ</i> -кішкене ат;

			баш-чыкъ-бас; жұлдуз-чукъ- жұлдызша
--	--	--	---

М.А.Хабичев «Карачаево-балкарское именное формообразование и словоизменение» деген еңбегінде карашай-балқар тіліндегі кішірейту мәнді жұрнақтар жайлы мәлімет келтірген. Зат аталымдарының кішірейту мәнін мынадай төрт нұсқалы жұрнақтар жасайды: -чыкъ//цукъ, -чик//цук, -чукъ//цукъ, -чук//цук.

Қарашай-балқар тілінде -чыкъ жұрнағы зат аталымдарын жасаса, ал кырым татарлары және қарайым тілдерінде зат есімге жалғанады. Қарашай-балқар тілінде бұл жұрнақ арқылы жасалған есімдер септеледі. -чыкъ жұрнағы жаңа сөз тудырмайды, тек сөзге кішірейту мәнін қосады. Мысалы, *анакычъ* - *анажан*, *чыпчыкъ* – *құсша*. Кемсіту мәнді: *адамчыкъ* – *адам*, *теличек* – *ақымақ* [9; 25].

Саха тіліндегі реңк мәнді жұрнақтар. Кішірейту-еркелету мәнді жұрнақтардың қатарына: -каан/-чаан (-чаас), -чык, -ка, -ык, -тай(-чай). Бұлардың ішінде -каан, -ык, -тай (чай) жұрнақтары халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, ал -чаан, -чык, -ка жұрнақтары ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады.

Кемсіту мәнді жұрнақтар: -тыны, -дээн, -сыт, -ннык, -ооску (-ууска), -ннъах, -ах(-эк, -эх), -мсий, -ннаа, -скайдан.

Мақтау мәнді жұрнақтар: -кан, -лаах (-лаахай), -лыыр, -мтыа.

Қорыта келгенде, түркі тілдерінде зат аталымдарын тудыратын реңк мәнді жұрнақтардың көпшілігі кішірейту мәнде жұмсалады. Бірқатар ғалымдардың (Э.В.Севортян, И.А.Батманов, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Ғ.Мұсабаев, М.А.Хабичев, А.Есенқұлов т.б.) пікірі бойынша түркі тілдеріндегі реңк мәнді жұрнақтардың шығу тарихы мен мағыналық ерекшеліктері, түбірге қосымша мағына үстеу қабілетін қарастырған. Қазақ тілінде зат есімнің реңк мәнді жұрнақтардың құрмет, сыйлау, еркелету, жақсы көру, кішірейту, кемсіну, қомсыну, кекету, жансыз затқа қатысты үлкейту мәнді секілді мағыналық топтары бар. Қарашай-балқар тілінде кішірейту мәнді жұрнақтардың көпшілігі зат аталымдарын тудырады. Саха тіліндегі жұрнақтар кішірейту-еркелету, кемсіту, мақтау мәнде жұмсалады. Әзербайжан тілінде жұрнақтардың көпшілігі кішірейту, еркелету мәнді білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің грамматикасы. I том. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967. –11 б.
2. Ермеков Ә. Қазақ тілі тарихының мәселесі. //Халық мұғалімі, №4, 1949. – 62 б.
3. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М.: 1966. – 98 б, 169 с, 104-113 с, 216-223 с.
4. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. –Алматы 1976. – 94 б
5. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы. 1989. – 29 б.

6. Құрманәлиева З.А. Реңк мәнді туынды зат есімдердің мағыналық құрылымы АҚД. – Алматы. 2003. – 9-13 б.
7. Тенишев Э.Р. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М.: Наука 1986. –100-103 с.
8. Хабишев М.А. Именные словообразование и формообразование в куманских языках. – М.: Наука. 1989. 43-49 б, 130-131 б, 186-187 с.
9. Карачаево-балкарское именное формообразование и словоизменение. М.А.Хабишев. – Черкесск 1977. –22-25 с.
10. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1977. –100-103 с.

Резюме

В статье рассматривается происхождения суффиксов отценочного значения в тюркских языках, а также их уменьшительно-ласкательные, уважительные, пренебрегающие семантические особенности.

Summary

The article discusses the origin of suffixes meaning of hueing in the Turkic languages, and also their diminutives and hypocoristic, respectful, neglect semantic features.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ КҮНТІЗБЕ МЕН ЖЫЛНАМАНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ БОЛМЫСЫ

Г. Н. Асанова -

*Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және көп тілді
білім беру институтының 3-курс студенті*

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы С.А.Жиренов

Әрбір ұлттың өзіне тән мәдениеті болса, ғалымдар сол ұлтқа тән мәдениетті «этникалық мәдениет» терминінің тұрғысында қарастырады. Қазақстан ұлттық энциклопедиясының 10 томында: «Этникалық мәдениет белгілі бір тайпаға, ұлтқа, халыққа тән. Этникалық мәдениетке белгілі бір этнос өкілдері қалдырған барлық заттай және рухани мәдениеттердің жиынтығын жатқызуға болады. Бұл мәдениеттің қалыптасуына табиғи орта, тіл, дін, этноним өзіндік әсерін тигізеді»[1, 101 б.] - деп көрсетеді. Яғни, әрбір ұлт өз таным деңгейінің негізінде жалпы мәдениетке, өркениетке өз таңбасын қалдырып отырады. Ұлттардың, этникалық қауымдастықтардың мәдени таным негізінде қалыптасып, түрлі дәуірде түрлі өзгеріске ұшыраған тәжірибелі ілімдерінің бірі – халықтық күнтізбе мен жылнама. Күнтізбе мен жылнаманы әр ұлт өзінше түсініп, өзінше анықтама береді. Ал, Қазақстан ұлттық энциклопедиясында күнтізбе мен жылнамаға мынадай анықтама берілген: «Жылнама – оқиғаларды болған жылы, күні бойынша баяндайтын аса маңызды жазба деректер [2;123]. Күнтізбе (латын тілінен аударғанда

карыз кітабы деген мағынаны білдіреді) – ұзақ уақыт мезгілін есептеудің аспан денелерінің көрінерлік қозғалысының ауық-ауық қайталану ерекшелігіне негізделген жүйесі, анықтамалық басылым» [2, 132 б.]. Осы күнтізбені ерте кезе Қазақстан жерін мекендеген халықтар табиғат құбылыстарына негіздеген. Мысалы: «аласапыран», «күзем», «соғым» т.с.с. Ал, бұл ұғымдар ителмендерде «бұғы бұзаулайды», негірлерде «шұқыр толады» деген ұғымға саяды. Бұл айтылғандардан ғылымда мынадай тұжырымдамалар жасалған:

Біріншіден, алғашқы күнтізбелер жеке бір данышпан адамның немесе бір дарынды халықтың ойлап шығарған өнертабысы емес, көптеген халықтардың мыңдаған жылдар бойы жинақталған өмір тәжірибесінің нәтижесі.

Екіншіден, алғашқы күнтізбелер жер бетіндегі табиғи құбылыстарға – қардың кетуі, өзендердің тасуы, дауылдардың соғуы, құстардың келуі тағы басқаларға сайып келгенде ауа райына байланысты болған.

Үшіншіден, алғашқы күнтізбелер әр түрлі болған, олардағы жыл басы, жыл ішіндегі айлар мен күндердің саны әр түрлі және әр халықтың тұрмысына сәйкес болған.

Төртіншіден, алғашқы күнтізбелерде сағат, минут, секунд, ғасыр өлшемдері болмаған, ай есебі тиянақсыз болған [3, 50 б.].

Уақыт мөлшерін өлшеу мен есептеу әдістерін алдымен пәлендей халық пәлен уақытта тауыпты деген байлам ғылымда нақты айтылмаған. Себебі, ол жөнінде ешбір тарихи нақты дерек жоқ. Жалпы күнтізбенің жазудан әлдеқайда бұрын шыққандығы, мал шаруашылығы мен егіншілікке көшкен халықтар жыл мезгілдерін айыра білгендігі, алғашқы кезде бұл айыру дөрекі болды.[3;46] Бертін келе шаруашылығы күрделеніп, мәдениеті біртіндеп ілгері басқан сайын халықтардың уақыт жайындағы түсініктері молайып, күнтізбенің өрісі кеңі берді. Жылды бұрын екі, үш, төрт, алты бөлікке бөлген халықтар одан да көп бөліктерге ажырататын болды. Осыдан жылдың бөлшектері – ай есебі туды. Халықтардың көпшілігі жылды 8, 10, 12, 13, 18 айға бөлді. Мысалы ителмендер жылды мынандай 10 айға бөлген:

1. Кеулаол-кулеч – өзен қатты ағатын кез;
2. Қыжатпы-кулеч – сонарға шығатын кез;
3. Чюжленген-кулеч – күнәдан тазаратын кез;
4. Кукамлилинеч-кулеч – аяздың қаттылығынан балтаның сынатын кезі;
5. Кыдыхшкойнеч-кулеч – күн ұзаратын кез;
6. Шижо-лахтаки-кулеч – ит күшіктейтін кез;
7. Кууль-кулеч – нерпалар күшіктейтін кез;
8. Кожа-кулеч – үй бұғылары бұзаулайтын кез;
9. Каю-кулеч – жабайы бұғылар бұзаулайтын кез;
10. Куйткожалидеч-кулеч – балық аулайтын кез;

Мұнда алдыңғы тоғыз айда 24-25 күннен, оныншы айда 130-135 күн бар. Жыл басы «кеулаол» біздіңше «қыркүйекке» сәйкес келеді [3, 48 б.]. Сол сияқты вавилондықтардың, еврейлердің, қытайлардың, арабтардың,

француздардың және үнділер мен парсылардың күнтізбелерінде ерекшеліктер бар.

Вавилон күнтізбесі. Вавилондықтар алғашқы кезде жай көзбен көруге болатын бес үлкен планетаны білген, оларға мынадай атаулар қойған: Меркурий-Биббу, Венера-Дильбату, Марс-Залбатану, Юпитер-Мулубаббару, Сатурн-Қайману. Планеталар құдайлар деп есептеген. Күн – Шамаш пен Ай –Синді қосып, аспан құдайларын жетіге жеткізген. Осыған сәйкестендіріп, олар жеті күндік аптаны шығарған. Аптаның шығуына айдың фазалары да себеп болған: жеті күнде ай табағының жартысы көрінеді, келесі жеті күнде толады, содан қайта кемиді.

Аптадағы күндерді вавилондықтар былай атады: 1. Жексембі – Шамаш күні, 2. Дүйсенбі – Син күні, 3. Сейсембі – Залбатану күні, 4. Сәрсембі – Биббу күні, 5. Бейсембі – Мулу – баббару күні, 6. Жұма – Дильбату күні, 7. Сембі – Қайману күні.

Вавилонда шыққан жеті күндік апта бертін келе дүние жүзі халықтарының көпшілігіне жайылды. Планеталардың аттары да (кейбір тілдерде аударылған түрде) «өздеріне тиісті» күндерде сақталып қалды. Ол апта күндері:

Француз тілінде:

1. Диманхе –Күн күні.
2. Лунди – Ай күні.
3. Марди – Марс күні.
4. Меркреди – Меркурий күні.
5. Иоуди – Юпитер күні.
6. Вендреди – Венера күні.
7. Замеди – Сатурн күні.

Румын тілінде:

1. Думинека.
2. Юни.
3. Марти.
4. Миркури.
5. Иой.
6. Винери.
7. Зэмбата. [3, 64 б.].

Еврей күнтізбесі. Ежелгі еврейлер негізінен алғанда вавилон күнтізбесін қолданған. Олардың тілінде аспан – «хамму». Ай күнтізбесі мен күн күнтізбесі қосымша ай енгізу арқылы қабыстырылған. Ежелгі еврей айлары былай аталған:

- 1-нисан – 30 күн, 2-ияр – 29 күн, 3-сиван -30 күн,
- 4-таммуз – 29 күн, 5-аб – 30 күн, 6-аддар – 29 күн,
- 7-тишри – 30 күн, 8-мархешван – 29 күн, 9-кислев – 30 күн,
- 10-тебет – 29 күн, 11-шефат – 30 күн, 12-азар – 29 күн.

Вавилон күнтізбесінде жыл 354 немесе 384 күн болатын еді. Еврейлердің жылында 353, 354, 355, 383, 384, 385 күн болды. Өйткені еврейлердің діни ережелері бойынша жылдың басы жексембі, сәрсембі және жұма күндеріне келмеуге тиісті (бұл күндерге сәйкес келетін Күн, Меркурий және Шолпан «Жерден төмен»). Сондықтан астрономиялық жыл басы осы үш күннің біріне келіп қалса, ол «дехиот ережесі» бойынша не ілгері, не кейін жылжытылады. 353 және 383 күндік жылдар «хасарин» («кем») жыл деп, 354 және 384 күндік жылдар «кесидран» («орташа») жыл деп, 355 және 385 күндік жылдар «шаламим» («тұтас») жылдар деп аталған. Еврейлер минутты 18-ге бөлген, әр үлесін *халаким* деп атаған [4, 68 б.].

Қытай күнтізбесі. Қытайда зодиак 28 шоқжұлдызға бөлінген. Жылды ежелгі қытайлар төрт мезгілге бөлген: көктем, жаз, қыс, күз. Бұл мезгілдер *цзеци* деп аталған. Көктемнің хабаршысы Құс жұлдыздары – біздіңше Гидра шоқжұлдызы болған. Бұлардың таң алдында алғашқы көрінуі көктемнің басы болып есептелген [3, 69 б.].

ІІІ ғасырдан бастап, қытай шаруалары шаруашылық жылды бұрынғы төрт маусымға бөлу орнына 24 цзециге бөлетін болды. Оның біріншісі – личунь, көктемнің басы деген сөз, екіншісі – юйщуй – жаңбыр, үшіншісі – цзинчже – шыбын-шіркейдің тірілуі, төртіншісі – чуньфен – жазғытұрғы күн мен түннің теңелуі т.с.с. Жиырма төртіншісі – дахань – қарасуық. Әрбір цзециде ауа райы қандай болатынын қытай шаруалары жақсы біледі. Ежелгі Қытайда жеті күндік апта болған жоқ және планеталар құдайлар деп саналған жоқ. Онда апта рөлін айдың үштен бір үлестері – онкүндіктер атқарған [4, 71 б.].

Араб күнтізбесі. Исламға дейінгі арабтардың көпшілігі қолданған айлар мынадай еді: әл – Мүтәмір, Нәджір, Хавван, Суван, Хантам, Забба, әл – Әсаммы, Әділ, Нафик, Вагиль, Хува, Бурақ. Кейбір араб руларында бұлар басқаша да аталды. Кейін келе араб айлары былай аталды:

- | | |
|-----------------------------|---------------------------------|
| 1. Мұхаррам, 30 күн. | 7. Раджап, 30 күн. |
| 2. Сафар, 29 күн. | 8. Шағбан, 29 күн. |
| 3. Рәби – әууәл, 30 күн. | 9. Рамазан, 30 күн. |
| 4. Рәби – ахир, 29 күн. | 10. Шәввәл, 29 күн. |
| 5. Джумада – әууәл, 30 күн. | 11. Зүльхада, 30 күн. |
| 6. Джумада – ахир, 29 күн. | 12. Зүльхиджа, 29 күн, кейде 30 |

«Мұқаррам» - тиым салынған деген сөз. Араб салтында бұл «қасиетті» ай, төбелесуге, арақ ішуге болмайды. «Сафар» - керуендердің саудаға шығатын айы. «Рәби» - жазғытұры гүлдер шығатын айлар, әууәл – алғашқысы, ахир – ақырғысы (бұл - екі ай). «Джумада» - су қататын ай. «Раджап» - қауіпсіз, соғыс болмайтын ай. «Шағбан» - ертедегі арабтардың жанжалдасып тарап кеткен айы. «Рамазан» - тас балқитын ыстықтар болатын ай, ораза айы. «Шәввәл» - ыстық басылып, салқын түсетін ай. «Зүльхада» - ұзақ жолға шықпайтын ай. «Зүльхиджа» - «қасиетті» жерлерге барып табынатын ай. Ислам діні бойынша шәввәлдің 1 – ораза айты, зүльхиджаның 10 – құрбан айты. [3;98]

Өте ерте замандағы арабтарда апта болған жоқ. Олар үш түнді біріктіріп, бір есіммен атап отырды. Сонда әр ай мынадай 10 бөлікке бөлінді: әр айдың 1, 2, 3 түндері – гурар, 4, 5, 6 түндері – нуфаль, 7, 8, 9 түндері – туса, 10, 11, 12 түндері – ушр, 13, 14, 15 түндері – бид, 16, 17, 18 түндері – дура, 19, 20, 21 түндері – зулам, 22, 23, 24 түндері – ханадис, 25, 26, 27 түндері – даади, 28, 29, 30 түндері – михак [4, 99 б.].

Парсылардың күнтізбесі. Ежелгі парсылар Күнге табынған халық болды. Күнтізбелерін Күннің қозғалысы бойынша жасады. Тәуліктің басын күннің шығуынан есептеді [3, 74 б.]. Парсы аңызы бойынша адам бұдан сегіз мыңдай жыл бұрын, фервердин айының бірі күні (хурмуз күні) жаралған. Ол уақытта Күн жазғытұрғы күн мен түннің теңелу нүктесінде болған. Осы

аңызға сүйеніп парсылар бірінші фервердинді жыл басы деп есептейді де, оны жаңа жыл күні – науруз деп атайды. Сондықтан өзге он бір айдың бірінші күндері ғана хурмуз деп аталады, фервердиндегі хурмуз наурыз болады. Науруз - біздің есебімізше 22 март. Парсылар бұл күнді су шашысып, біріне-бірі қонақ болып, қант жеп т.б. ырымдар жасап мейрамдаған [3, 75 б.]. Қазақтарда бұл күні салт-дәстүрлер орындалып, наурыз көже пісіріледі. Осы жоралғыларға байланысты қазақ баларының өздері де мына секілді өлең жолдарын шығарып, жаттап алып айтып жүреді:

Наурыз келді, той келді.

Қыз келіншектер жүр еді

Біздер ән салып, біткенше

Наурыз көже піседі. Балалар осы сықылды өлеңдер айтқанда, қариялар көже ішіп, бата беріп жатады. Мұның бәрі арнайы тігілген киіз үйлерде өткізіледі.

Жалпы осындай түрлі халықтың түрлі күнтізбесін, жылнамасын саралай келе қазіргі таңда тың еңбектер шығарылып, дұрыс күнтізбе қолданылуда. Қазақ тілінде алғаш шығарылған «Қазақ үшін күнтізбе» еңбегімен бастап, М.Ысқақовтың бірнеше қайтара бастырған «Халық календары», Г. Нұрғалымованың «Қазақ халқының күнтізбесі», күнтізбені, сондай-ақ, айтулы күндерді санамалап көрсеткен «Қазақ күнтізбесі» (1998-2011 жылдар аралығындағы кей жылдары шығарылып отырған) оқулығын, сол секілді көптеген зерттеу жұмыстарын, мақалаларды қазіргі күнтізбенің шығарылуына бірден-бір себеп, көмек деп нық сеніммен айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. -Алматы: 2007. (10том)
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. -Алматы: 2003. (3-4 том)
3. М. Ысқақов. Халық календары. -Алматы: Жазушы, 2009.
4. М. Исқақов. Халық календары. -Алматы, 1963.

ҚАЗАҚ-ОРЫС ТІЛДЕРІНІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Н.Сұлтанова -

Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және көп тілді білім беру институтының 3-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., аға оқытушы С.А.Жиренов

Тіл – рухани барлық құндылықтың негізі болғандықтан, әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуынан тысқары қала алмайды. Белгілі бір ұлттың дамуы өзінің ұлттық тілін қазіргі жаһандану заманында сақтай отырып, оны одан әрі өркендетуге, қоғамдық қызметін сан сала бойынша кеңейтуге, сонымен қатар осы мақсаттағы іс-шараларының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне,

демек мемлекеттік тілдік саясат пен бағдарламаларға тікелей байланысты. Ал кез келген тілдің даму жолы мәдени-тарихи мазмұнды құрай отырып, әрбір ұлттық ділді (менталитетті) басқалардан ерекшелейді. Әлемдік өркениеттегі кез келген мәдениет адам қолымен жасалған құндылық болғандықтан, ол таза табиғи үдеріс (процесс) ретінде таныла алмайды.

Әлемнің бейне-көрінісі адам баласының дүниені қабылдауы, оны танып-білуі арқылы жасалып, тілмен таңбаланады. Әлемнің тілдік бейнесі тіл біліміне (лингвистика) тікелей қатысты мәселе болғанымен, оның шеңберінен шығып, басқа ғылымдар аясында да зерттеліп-зерделенеді. Тілге қатысты мәселелер – сол себептен де кең ауқымды, көп қырлы құбылыс болып саналады. Оның сондай бір мәселесі – тілдің қоғамдық-әлеуметтік, қарым-қатынастық қызметі [1, 23].

Өмір шындығы қостілділіктің (билингвизм) қалыптасуы әртүрлі болатынын көрсетеді. Бұл ретте қостілділіктің белгілі бір қарым-қатынастық жағдайға (қызметтік, кәсіптік, қажеттілік, мәжбүрлік, тілдік орта т.б.) байланысты қалыптасқан түрі бізде ерекше орында. Еліміздің қостілді (қазақша-орысша) азаматтары қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастың түрлі жағдайы мен мақсатына байланысты бөлендей дайындықсыз, ешқандай қиналыссыз бір тілден екінші тілге еркін ауысып, екі тілді бірдей қолдана береді. Бұл ерекшелік, негізінен, қазақтарға тән. Әрине, бұның «қос тіл – қос қанатың» деген мақсаттағы өзіндік артықшылығы бар екені рас. Елбасы сөзімен айтсақ: «Қазақтардың жаппай қос тілді болуы – оларға осы заманғы ақпарат тасқынына жол ашатын ғажайып құбылыс» [2, 15].

Сондай-ақ, бұның жағымсыз жағы да бар екені жасырын емес. Бұл мәселеге кезінде заманымыздың заңғар жазушысы, академик М. Әуезов назар аударған екен. Ол өзінің «Ана тіл әдебиетін сүйіндер» деген мақаласында орыс тіліне тым беріліп кеткен қазақ азаматтарын сынға алып, тіліміз бен әдебиетіміздің қадір-қасиетін айта келе, кез келген саналы азамат өз ана тілін жақсы білуге міндетті деген талап қояды. «Өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге болады. Себебі, ол қандайлық білімді болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ болады» – дейді.

Тілдердің үштұғырлы саясатын ұстансақ та, мемлекетіміздің ішкі факторларына байланысты көптілділікке емес, қостілділік құбылысқа әлдеқайда ауаны ауысуда. Қазақстан қостілді: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ресми тіл. Мұндай тілдік саясаттың формуласы барлық елдерге тән. Бір тіл өзіне тән бір функцияны атқарса, мемлекеттегі екінші тіл тағы бір өзіндік бір саяси-әлеуметтік функцияны атқарады. Қазақстанда қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Бұл заңмен бекітілген статус. Ал орыс тілі ресми тіл, бұл да заңмен бекітілген, алайда орыс тілінің мемлекеттегі екі үлкен функциясын айтуға болады: бірі – ұлтаралық қатынас тілі, екіншісі – халықаралық қатынас тілі. Соңғы функцияны орыс тілі ағылшын тілімен қатар атқарады. Рас, орыс тілі еліміздегі ұлттардың өзара қатынас тіліне айналған (1989 жылғы тіл заңында айқындалған ұлтаралық қатынас қызметі ретінде танылғаннан бері), бірақ орыс тілі бұл қызметті қазақ тілімен қатар атқаруда.

Дәстүрлі принцип бойынша, Қазақстан қазақ халқының мемлекеті болғандықтан қазақ тілі барлық функцияны негізгі міндетіне айналдырған бірден-бір тіл болуы қажет еді. Алайда орыс тілінің өлшемін айқындап отырған үлкен факторлар мен себептер бар. Бұлар айтарлықтай мәселелер. Әсер етуші факторларды сыртқы және ішкі деп бөліп қарастырсақ болады [3, 16]. Сыртқы факторлар:

Біріншіден, қазақ елі Ресей Федерациясымен шекаралас және саяси-экономикалық жағынан әрі әріптес, әрі одақтас. Қазақстан мен Ресей 178 салада өзара әріптес. Біздің Ресеймен тығыз қарым-қатынасқа түсуіміздің өзі сыртқы фактор бойынша орыс тілінің рөлін айқындап тұрған ең негізгі көрсеткіш. *Екіншіден*, біздің еліміздің ақпарат кеңістігі тікелей Ресей ақпарат көзімен байланысты. Бұл факторды екі тармақта қарастырсақ болады. Бірі, Қазақстан медиа кеңістігі мен баспасөз басылымдары Ресей ақпараттарын тасымалдайды. Екінші, Қазақстан интернет ресурстары тікелей Ресейдің орыс тілді интернет ақпаратымен байланысты. Ал Ресей ақпарат қоймасы Еуропа, АҚШ-тың ақпараттарымен қамтамасыз етіледі. *Үшіншіден*, ғылым. Ғылым саласы қашан да ғылыми дүниелерді тиімді жеткізетін әрі кең көлемде тарататын тиімділігі жоғары тілді немесе әлемдік ғылымды игеретін икемді тілді қажет ететіні белгілі. Орыс тілі – әлемдік ғылыми қауымдастыққа қауыштыратын жол. Қазірде әлемдік ғылым тілі – ағылшын тілі. Әлемдік жаңалықтар ағылшын тілінде жазылып, ғылыми форум-конференциялар ағылшын тілінде өтеді.

Ішкі факторлар сыртқы факторларға қарағанда маңызды орын алады. Ішкі саясатта орыс тілі толығымен өзінің әлеуметтік функциясын сақтаған. Еліміздегі орыс тілінің орнын айқындап тұрған ішкі факторларды қарастырсақ болады [4, 32]. *Біріншіден*, қазақстандықтардың орыс тілді дискурспен жақсы таныстығы, яғни Қазақстан халқының орыс тілін жақсы меңгергендігі, қазақ тілімен қатар орыс тілінің де «тасымалдаушысы» болып отыр. Статистика бойынша, Қазақстан халқының 94,4%-ы орыс тілін ауызша формада түсінеді, ал 84,8%-ы орыс тілін жақсы деңгейде меңгерген рөлі басым. *Екіншіден*, мемлекетте БАҚ пен ақпарат таратушы көздердің көп бөлігі орыс тілінде болып отыр. Қазақстандағы 2300 тіркелген басылымдардың тек 5/1-і (18%-ы) ғана мемлекеттік тілде көрінеді, ал қалған бөлігі орыс тілді басылымдардың еншісіне көшіп отыр (басқа тілде шығатын басылымдар саны аз). Республикалық газеттердің 40%-ы орыс тілінде, 37,7%-ы қазақ тілінде, 14,5%-ы басқа тілдерде жарияланған. *Үшіншіден*, биліктің көзқарасы. Қазақстандық билік тікелей орыс тілінің қолданысына мүдделі болып отыр. *Төртіншіден*, еліміздегі орыс тілінің ресми статусы. Бұл ең үлкен айқындаушы фактор. Бұл тұрғыдан біртұтас ғылыми кеңістікке жол аша алатын әрі білім саласында да көптеген тиімді қырлары бар орыс тілі Қазақстан үшін кәсіби мақсатта қажет екені түсінікті.

Қостілділіктің тағы бір келеңсіз жағы бар. Олардың басым көпшілігі, көп жағдайда, бір тілдегі ойын екінші тілге аударып жеткізеді. Жоғарыда айтқанымыздай қазақша телерадио мен газет-журнал тіліндегі тіліміздің әдеби нормасына сәйкес келмейтін небір «тың қолданыстарды» екі тілді

бірдей меңгергендер немесе екеуінің біреуін орташа деңгейде білетіндер айтып-жазып жүр. Себебі, олар өзі білетін тілдің өзіне бір табан жақынында (көбінесе орысша) ойлап, сол ойын екінші тілге аударып, соны ауызша немесе жазбаша түрде жолма-жол жеткіземін деп, кателесіп жатады. «Әйтеуір, ойын жеткізді ғой!» деген көзқарас дұрыс емес. Ол – тілдің табиғи қалпының біртіндеп бұзылуына апарады.

Тілдегі өзгерістер мен жаңалықтар жайдан-жай пайда бола салмайды. Оны тілді тұтынушылардың түрлі қажеттілігі туғызады. Олардың түрлі қоғамдық іс-әрекет кезіндегі тілді қолдануы – тілдік жүйедегі өзгерістердің шынайы сипатын көрсетеді. Тілдің қоғамдық қызметі әр тілдің өзіндік ерекшеліктерін айқындаумен қатар тілдік құралдар дәстүрлі қолданысына да әсер етеді, оның үстемдігі мен пәрменділігін де айқындайды.

Бұған байланысты Елбасының мына бір сөзі де нақты дәлел: «Ұлттық сана-сезім үшін этикалық мәдениет пен тілді қорғап дамытатын қоғамдық институттар жүйесіне арқа сүйеу мейлінше маңызды. Мұның, әсіресе, білім беру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарына қатысы бар. Біз білім беру жүйесінің «қазақ тілін қалыс қалдыру» ұстанымына құрылғанын көрдік, онда ең бір ділгір де мұқтаж кәсіптер мен мамандықтар бойынша қазақша білім ала алмайтын. Соның салдарынан ұлттың, әсіресе, қалаулы тобының тілді жан-жақты меңгеруге деген ынта-зейіні төмендеп кетті» [5,153].

Қазақ халқы кеңес саясатының тіліміздегі зардабын әлі ұмытқан жоқ. Орыс тілі арқылы тілімізге кірген терминдер – тіліміздегі ең көп кірме сөздер. Оларды ғалымдар түрлі себептерге байланысты әр кезеңде көрсетіп келеді. Сондықтан қазақ тіліндегі кірме сөздердің көбі орыс тілінен келген сөздер және олар орыс тілінен қазақ тіліне тікелей қарым-қатыс арқылы ауысқан сөздер болып саналады. Ол туралы Ғ. Мұсабаев былай деп жазған: «Қазақ тіліне орыс сөздері басқа бір үшінші тіл арқылы емес, тікелей ауысады, өйткені қазақтар орыс халқымен көрші тұрып, тығыз қарым-қатынаста болды» [6, 472]. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігі бойынша өзгеріп қалыптасқан орыс сөздері алғашқы ауысқан сөздер, ауысу мезгілі жағынан ертерек кезеңге жатады. Олар төмендегідей: самауыр (самовар), кереует (кровать), зәйімке (зимовка), шәйнек (чайник), болыс (волостной управитель), ояз (уезд), поштабай (почтальон), сот (суд), станса (станция), шәй (чай), божы (вожжи), ауылнай (аульный), мүк (мох), картоп (картофель), жандарал (генерал), атпекет (адвокат), жарма (ярмо), бүбірнай (выборный), кінеге (қойын дәптер), жағырафия (география), т. б.

Термин алмасу дүниежүзі тілдеріне ең көп тараған тілдік құбылыс. Бұл мәселе туралы ғалым Ш. Құрманбайұлы сөзін келтірейік: «Өзге тілдерден термин қабылдау барлық тілдерге тән құбылыс. Басқа халықтардың тілдерінен сөз алмайтын тіл болмайды деуге болады» [7, 240]. Бұл жалпы Ш. Құрманбайұлының ғана пікірі емес, ол әсіресе, терминолог ғалымдарға қатысты. Термин мамандарының бәрі термин алмасу заңды құбылыс деп санайды. Ал Ғ. Қалиев пен Ә.Болғанбаев сынды ғалымдар Қазақстанның Ресейге қосылуы қарсаңындағы тығыз қарым-қатынаста болуы нәтижесінде орыс тілінен ауысқан сөздерді екі кезеңге бөліп қарастырған. Бірінші кезең –

1917 жылы Қазан революциясына дейінгі кезең, ал екінші кезең – Қазан революциясынан кейінгі кезең [8, 141].

Сонымен қатар, орыс тілі лексикасында да қазақ тілінен енген біршама қазақ сөздерін де кездестіруге болады. Ол да сонау көне замандағы сауда-саттық, дипломатиялық қарым-қатынас негізінде орыс тілінде қазіргі күнге дейін қолданылатын сөздер болып табылады. Фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты қазақ тілінен енген сөздер орыс тілінде көбінесе дауысты дыбыстардың бір-біріне ықпал жасау (сингорманизм заңына сай) арқылы дауысты дыбыстардың қайталануы көптеп кездеседі [9, 43]. Мәселен, *башмак, алмаз, казна, батрак, балда, сазан, таракан, баклажан, балаган; сундук, урюк, утюг, чубук, чугун* т.б.

Орыс тіліне қазақ тілінен енген сөздерді хронологиялық уақытына байланысты төмендегідей жіктеп, қарастыруға болады: монғол дәуіріне дейінгі кезең, Алтын Орда дәуіріндегі енген сөздер, XVI—XVII ғасырдағы енген сөздер, XVIII – XX ғасырдағы енген сөздер және қазіргі кезде орыс тіліндегі қазақ тілді сөздер. Мұнда сөздерге соңғы кезде елімізде тұратын орыс халқының ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын біршама сөздерін айтуға болады. Мәселен, мемлекеттік саяси құрылымда қазақша *мәжіліс* сөзі қолданылса, орысша баламасы ретінде *мажилис* болып қолданылады. Осыған байланысты *мажилисмен, оралман* сөздерін де айтуға болады. Сонымен қатар, *аким, маслихат* сөздері де осылай қолданылуда [10].

Көпұлттылық жағдайында тілді сақтап қалу мен оны дамытудың бір жолы - қостілділік яғни екі тілді қатар меңгеру. Бірақ меңгерудің өзінде де тек қажетті қолданысқа байланысты болуы тиіс. Олай болмаған жағдайда тілдің тіл болып қалуы мен дамуының өзі үлкен мәселеге айланары хақ. Тіл о бастан қолдануға жаралған, қолдану үшін де дамиды, даму үшін де қолданылады. Өмірдің сан қилы саласында қай тіл жиі қолданылса, сол тілдің болашағы мол болмақ. Сондықтан өз тілімізді күнделікті өмірде жиі қолданып, оның дамуына өз үлесімізді бірге қосайық!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сулейменова Э. Д. Шаймерденова Н. Ж., Аканова Д. Х. Язык народов Казахстана, -социоллингвистическом справочник. -Астана, 2007.
2. Назарбаев Н.Ә. Тоталитарлықтан – саяси тұрақтылыққа және демократиялық Қазақстанға. «Егемен Қазақстан» газеті, 1997.
3. Алтынбекова О.Б. Степень владения русским языком как вторым: результаты социоллингвистического исследования // Вестник КазНУ. Серия филологическая. - 2006.
4. Алматы қаласының тілдік ахуалды әлеуметтік зерттеу және мониторингі. -Алматы, 2012.
5. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Жібек жолы, 2010.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008.
7. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
8. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазақ тілі лексикологиясы. – Алматы, 2005.

9. Верещагин Е. М., Костомаров В. Г. Язык и культура. лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. М.. 1990.
10. Чайковская Н.Н., Осенмук Л.П.О некоторых тенденциях влияния казахского языка на русский язык в Казахстане. Усть-Каменогорск, 2008.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР // НАШИ АВТОРЫ

Абаев Вячеслав Евгеньевич – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Абаева Мадина Кабыловна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Абдримова Фируза Асировна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Ақбаева Шолпан Әбілғазықызы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Аширов Жәнібек Сатыбалдыұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Алтайбаева Дамира Манасовна – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және көп тілді білім беру институтының 4-курс студенті, Алматы қаласы

Асанова Гүлнар Нұржанқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және көп тілді білім беру институтының 3-курс студенті, Алматы қаласы

Әмірбекова Айгүл Байдебекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Әміржанова Назира Серікқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Жаңалық Азамат – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс магистранты, Алматы қаласы

Жиренов Саян Аманжолұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Ибрагимов Аман Илесович – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Магистратура және PhD докторантура институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Қасенов Ерлан Сламбекұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Қазбекова Мақпал Жәнібекқызы – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс магистранты, Алматы қаласы

Қожамберді Ұлжан – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, география-жаратылыстану институтының 1-курс студенті, Алматы қаласы

Казкенова Аимгуль Каирбековна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Мәзбаева Жанар Оралханқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы қаласы

Сманова Ақмарал Смаилқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Сұлтанова Нәзира Ерланқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология және көп тілді білім беру институтының 3-курс студенті, Алматы қаласы

Талиев Рахымжан Максutowич – Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті Магистратура және PhD докторантура институтының 2-курс магистранты, Алматы қаласы

Тюлепбердинова Гульнур Алпыскызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы

Уайдуллақызы Э. – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Магистратура және PhD докторантура институтының докторанты

**Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясының ғылыми
мақалаларды қабылдау
ЕРЕЖЕСІ**

Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Жас ғалымдар» сериясындағы мақалалар қоғамдық және жаратылыстану, педагогика мен әдістеме ғылымы бағыттарындағы ғылыми зерттеулердегі жаңалықтар мен өзекті мәселелерді қамтиды. Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің ғылыми мақалаларын жариялайды.

Мақала көлемі кестелерді, суреттерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және негізгі мәтін алдында жазылатын түйінді қосқанда 15 беттен аспауы керек. Мәтін Microsoft Word редакторында Times New Roman 14 пт әрпімен, аралық 1 интервалмен, үстіңгі және астыңғы жақтарынан – 2 см; сол жағынан – 3 см және оң жағынан – 1,5 см қалдырылып теріледі. Бірінші беттің ортасына қалыпты әріптермен автордың аты-жөні, оның астына мақаланың аты, төменіректе жай жақшаның ішінде жұмыс орындалған ұйымның аты мен қаласы жазылады.

Суреттер саны 5-тен аспауы керек (биология, физика-математика, химия салалары бойынша 10-нан аспауы керек) және иллюстрациялар (графиктер, схемалар, диаграммалар) компьютерде салынуы керек.

Барлық формулалар мен символдар (математикалық, физикалық, химиялық) Microsoft Equation және Microsoft Word редакторында теріліп, нөмірленіп, сілтемелер жасалады.

Әдебиеттерге жасалған сілтемелер тік жақшамен [1, 15 б.] көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі төмендегіше жазылады:

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 440 б.

Хасанов Ғ.Қ. Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы: Ғылыми монография. – Алматы: Үшқиян, 2009. -488 б.

Қоянбекова С.Б. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері. Фил. ғыл. док... дис.: 10.02.02. Қолжазба. -Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2008. -346 б.

Шойбекова Ғ.Б. Ұлттық танымның сөз тудырудағы рөлі // Академик Ә.Т.Қайдар және тіл білімінің мәселелері. -Алматы, 2004. -204-207 бб.

Мақала төмендегі құжаттармен қоса екі данада және CD дискімен қабылданады:

1. Түйін (1/3 кем емес) екі тілде (қазақша-ағылшынша немесе орысша-ағылшынша);

2. Жеке парақта автор жөнінде толық мәлімет көрсетіледі (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

3. Студенттер мақаласын жіберген жағдайда (студенттің аты-жөні, оқу орыны мен факультеті, мамандығы, ғылыми жетекшісінің сараптама пікірі, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы; ғылыми жетекшісінің аты-жөні мен ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жұмыс орыны, мекен-жайы, телефоны, факсы, e-mail-ы).

• Редакцияға түскен ғылыми мақалалар рецензияланбайды. Қолжазба қайтарылмайды. Көшіріп басқан жағдайда «Хабаршыға» сілтеме жасау міндетті.

• Жарияланған материалдардың нақтылығына авторлар жауап береді.

• Ғылыми пікірлер мен толғамдар редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

• Хабаршы «Жас ғалымдар» сериясына 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілер мен ғылымға бейімі бар студенттердің жұмыстары қабылданады.

Правила приема научных статей в журнал «Вестник КазНПУ имени Абая» серия «Молодые ученые»

Статьи из серии «Молодые ученые» журнала «Вестник КазНПУ имени Абая» охватывают актуальные вопросы научных исследований в области общественных и естественных наук, а также в области методики преподавания. В серии Вестника «Молодые ученые» публикуются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

Статья представляется в двойном экземпляре. Размер статьи не должен превышать 15 страниц (от 6-ти страниц), включая таблицы, рисунки, аннотацию в начале статьи перед основным текстом (аннотация до 1/3 стр. через 1 интервал, 12 пт), список литературы, напечатанных в редакторе Word, шрифтом Times New Roman 14 пт, с пробелом между строк 1 интервал, поля - верхнее и нижнее – 2 см, левое – 2 см, правое – 2 см. Количество рисунков не более пяти (для серий биологическая, физико-математическая, химическая - не более 10). К статье прилагается:

- к статье необходимо приложить аннотацию (не менее 1/3 стр.) на двух языках (на казахском и английском или на русском и английском)

- на отдельной странице и сведения об авторах (Ф.И.О., ученая степень, ученое звание, адрес, место работы, телефон, факс, e-mail). Далее посередине страницы прописными буквами (курсивом) инициалы и фамилии авторов, ниже также посередине заглавными буквами - название статьи; затем посередине строчными буквами; в круглых скобках - название организации (ий), в котором выполнена работа, и город. Прилагается электронный вариант на CD-диске.

- в случае подачи статьи к публикации студентами необходимо указать: ФИО студента, название вуза, факультет, специальность, аналитический отзыв научного руководителя, адрес, телефон, факс, e-mail; ФИО и ученую степень, ученое звание, место работы, адрес, телефон, факс, e-mail научного руководителя.

- иллюстрации (графики, схемы, диаграммы) должны быть выполнены на компьютере или в виде четких чертежей, выполненных тушью на белом листе формата А4

- математические формулы в тексте должны быть набраны как объект Microsoft Equation.

Химические формулы и символы должны быть набраны при помощи инструментов Microsoft Word. Следует нумеровать лишь те формулы, на которые имеются ссылки.

- ссылки на литературные источники даются цифрами в прямых скобках по мере упоминания [1,15 с.]. Список литературы оформляется следующим образом:

Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.: Просвещение, 1963. -255 с.

Аверьянов А.Н. Динамика противоречий // Вопросы философии. 1976. № 5.

Гумбольдт В. Фон. Язык и философия культуры. М.:Прогресс, 1985 451с.

В случае переработки статьи по просьбе редакционной коллегии журнала датой поступления считается дата получения редакцией окончательного варианта. Если статья отклонена, редакция сохраняет за собой право не вести дискуссию по мотивам отклонения.

- Научные статьи, поступившие в редакцию, не рецензируются. Рукописи не возвращаются. При копировании материалов обязательная ссылка на журнал «Вестник».

- За достоверность материалов ответственность несут авторы.

- Научные отзывы и рецензии могут не соответствовать мнению редакции.

- К публикации в серии Вестника «Молодые ученые» принимаются работы молодых исследователей в возрасте до 40 лет и студентов, склонных к исследовательской работе.

ХАБАШЫ. ВЕСТНИК.
«Жас ғалымдар» сериясы
Серия «Молодые ученые»
№ 2, 2013

Хабаршы. «Жас ғалымдар» сериясы. – Алматы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Ұлағат» баспасы, - 2013. № 2. - 136 б.

Вестник. Серия «Молодые ученые». – Алматы, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, типография «Ұлағат», - 2013. № 2. – 136 с.